

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Оңтүстік Қазақстан облысы

Азатбай Балымша	2
Алишеров Айнура	5
Аманқос Лаура	8
Айбек Нұмаханбет	11
Ақжарбай Ғазиз	12
Ахмет Сымбат	13
Апбозова Арайлым	16
Әзімхан Балнұр	17
Әбдіқаш Маржан	22
Әжібай Рысбек	26
Әлімқұлова Санжана	29
Әмірхан Аружан	32
Джетписбаева Алтынай	34
Дүйсенқызы Айдана	37
Дюсенова Фариза	38
Ергеш Эленора	40
Есдаулетов Нұрсұлтан	41
Ергеш Ердәулет	43
Жақсылықова Айжан	45
Жанұзақ Аружан	48
Жұмабай Маржан	51
Зұлпыхар Айдана	56
Ибадулла Динара	58
Камалова Дияра	60
Кәрім Ұлжалғас	62
Кемалбекова Жанар	65
Қонысбек Анеля	66
Көшербай Рабиға	69
Қадырқұл Ұлмекен	70
Қансейіт Мөлдір	72

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Құрбанәлі Тоғжан	76
Құрманай Аида	78
Құралбек Зарина.....	79
Мәулен А.	80
Мәулен Айнұр	83
Мырзахан Жанат.....	86
Насырбаева Айжан.....	88
Намиалиев Қамбар.....	91
Нұржігіт Жансая	93
Нұрақбай Әсел	96
Нұрхан Гүлбаршын	97
Нысанбек Алмагүл	99
Оман Әлия.....	103
Орынбай Бибісара	104
Пармантай Сандуғаш	107
Сансызбай Айдана.....	109
Сабит Әлия	112
Сансызбай Ғазиза	114
Сейдеханова Аяла	116
Серікбай Айдана	119
Сұлтан Қарлығаш	122
Төлеген Гүлім	126
Тіленшин Дәулетияр.....	128
Тұрсынбек Айбек	131

Азатбай Балымша

8 сынып, № 9 М. Жұмабаев ЖОМ Мақтарал ауданы
Қазыбек би а/ә Таубай ата ауылы Оңтүстік Қазақстан облысы
Жетекші: Мусабекова Шохизат

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне де 70 жыл
толды. Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Барды

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атауының бәрін жалмап жұтатын тажал.

Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күн соғыстың алғы шептерінде қайсар-лықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлеріміздің мерекесі.

Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жалғап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыста ұмытылмастай із қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер – солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауын-герлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыра-тын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриот-тық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және тағы басқалар. Жауға қар-сы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықтар мен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты.

Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батырлық пен ерлік көрсетті. Украина мен Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті. Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының біртұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысы-ның әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қарасақ қазақтардың қанды қырғанда қаймықпай қатысқанына анық көзіміз жетеді. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Олар Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Әсіресе, Мәскеу, Сталинград, Ленинград үшін болған қанды шайқастардың тарихында қазақстандық батырлардың ерлігі алтын әріптермен жазылды. Осы Мәскеу үшін шайқастарда белгілі қазақ батыры, аға лей-тенант Бауыржан Момышұлы басқарған батальон жауынгерлері үлкен ерлік көрсетті. Қазақ халқының қаһарман ұлдары фашистік басқыншыларға қарсы қиян-кесті шайқас жүргізді. Бауыржанның ержүрек, тапқыр, біртуар тұлға екені, жауынгерлік іс-қимылдары туралы біз білеміз. Ол – Мәскеу түбінде өз әкерін бес рет неміс қоршауынан аман-есен алып шыққан сайыпқыран қолбасшы. Соғыс жылдарында батальон, полк, дивизияны басқарды. Қарамағындағы қазақ жауынгерлеріне қамқорлық етіп, оларды ата-бабаларының ерлік істерімен рухтандырып, жігерлендіріп отырды.

Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы құрамындағы халықтар басына түскен ауыртпалықты тарихи сын кезеңі болды. Осы сыннан халқымыз мүдірмей өтіп, әлем алдындағы беделі асқақтай түсті.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күнінен бастап, Кеңес Одағының халқы, оның ішінде қазақ халқы, бір адамдай Отанын қорғады. Соғысты жеңіспен аяқтау үшін барлық күш-жігерін жұмсады. Қазақстан еңбекшілері тылда «Бәрі де жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін!» деген үндеумен мандай терлерін төге, күн демей, түн демей еңбек етті. Қазақстанның ауыл еңбеккерлері жауды жеңу үшін өздерінің отансүйгіштік және еңбек парызын жанқиярлықпен өтеді. Тылда қалған бала-шаға тойып тамақ ішпесе де, таңнан тұрып, қара кешке дейін жұмыс істеді, сөйтіп жеңіске өз үлестерін қосты.

Қорыта келгенде, оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып кеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды.

Ол – өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы ұлы жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас мемлекеттердің ортақ мерей тойы. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін халық. Найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар, қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге күн нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Жеңіс – қасиетті де ауыр. Халықтарды нығайтады, бізге аманат болып жетеді.

Жеңіс – біздің ата-бабаларымыздың батырлығы. Жетістік, салтанат, мейрам.

Ұлы Жеңістің – 70 жылдық мерекесі құтты болсын!

Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың қиын кезеңдерінен өткен ата-апаларымыз аман болсын!

Келешек еліміздің дарқан даласы кең, аспаны ашық болсын!

Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын!

Алишеров Айнұра

10 сынып, лицей №7

Шымкент қаласы ОҚО

Жетекші: Ибраева Радагуль Махмудхановна

Жеңістің жалауын желбіреткен жасампаз ұрпақ

Отан үшін отқа түс, күймейсің.

Б. Момышұлы

Ашық аспан астында желбіреген көк ту. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы мойындарына бұршақ салып, армандап кеткен бейбіт күн. Түтіні түзу шығып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған деген заман осы болар?! Кең байтақ дала бетін кеш самалы өбеді. Құдайым-ау, осының бәрі біздердікі ме?! Бірақ мұның барлығы қалай келді біздерге?

Өткенімізге мойын бұрсам, қайран, қазағымның басынан небір замандар өткен екен, небір қанқұйлы шайқастарды кешкен екен. Иә, расында да, деймін-ау әр кезеңдерде, әр шайқастарда қасық қаны қалғанша, жан алыспай, беріспеген ата-бабаларымыз, апа-әпкелеріміз осындай ұлы мұраларды бізге аманат етіп қалдырды емес пе?!

Қазақ халқы айран болып, ұйып, ел болып, есін жиғалы бері небір ұрыстарды көрді. Соның бірі әрі соңғысы, талай шаңырақтарды шайқалтып, қайғы әкелген, XX ғасырдың ақтаңдағы – Ұлы Отан соғысы. Онсыз да бірлігі берік Одақтың ордасын ортаға түсірмекке бағытталған сұм соғыс. Отан алдындағы борышқа бас тіккендерді, жас-кәріні игі істерге жұмылдырған сұм соғыс. Ұрыс алаңына ұмтылғандар аз болмады. Ерліктері ел есінен кетпейтін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ерлеріміз де көп болды. Иә, сол соғыс-дастанында менің Қарсыбай Сыпатаев сынды, мектебімнің даңқты шәкірті Бауыржан Момышұлы секілді бабаларымның аттары алтын әріптермен жазылғанын уақыт өзі дәлелдеп отыр.

Жеңіс туының желбірегеніне де биыл бақандай 70 жыл толмақшы. Бүгінгі таңда бір кездері мызғымастай болған бұрынғы кеңестер халқы, оның қарулы күштері, социалистік елдер және жалпы барлық прогресшіл адамзат кешегі Ұлы Отан соғысында неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресте қол жеткен әлемдік тарихи Жеңістің 70 жылдығын атап өткелі жатыр. Сол сұрапыл шайқаста бір тудың астына біріккен, тілегі бір айбынды ұрпақ ортақ Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда ерен ерлік пен қайсарлық көрсетті, дүние жүзі халықтарын фашистік құлдық қаупінен аман сақтап қалды.

Сан қилы саяси-әлеуметтік қайшылықтар мен дүрбелең үстінде өткен XX ғасыр адамзат санасында жойқын соғыстарымен де сақталары сөзсіз. Өйткені бір ғана екінші дүниежүзілік соғыстың өзі қаншама ұрпақты қайғы-қасіретке душар етіп, өмірін өксітті. Жалпы, үлкен тарих тұрғысынан алғанда азғантай мерзім болғанымен, ұзақтығы жағынан төрт жылға жуық, нақтылап айтқанда, бір мың төрт жүз он сегіз күнге созылған Ұлы Отан соғысы өзінің ауқымы мен қилы-қилы оқиғаларға қанықтылығымен тұтас бір дәуірге тең. Себебі оның сан миллион адамдардың өмірін қиған, жер бетінде бұрын-соңды болмаған ең зардапты әрі қантөгісті зор соғыстың бірі болғандығын бүкіл жұртшылық мойындайды.

Иә, ауыр, азапты бес жылдан соң біз жеңдік. Бірақ қандай шығынмен десеңізші?! Қаншама жас қыршын кетті?! Тіпті бір отбасынан төрт-бес жанды майданға аттандырғанда, кейін солардың тым болмаса, бірі елге дін аман оралмаса, не дейсіз?! Қаншама шаңырақ қаңырап, күйреп, ортасына түсті?! Перзентінен айырылған аңыраған ана, бауырынан көз жазып қалған жас, жесір әйел, бала жетім қалды. Олар отағасы қапияда кетті дегенге сенбеді. Үнемі кара жолдың бойына телміре қарап, күндерін, айларын, жылдарын зарыға күтумен өткізді. Қашан оның қабірін көздерімен көріп, көңілдері суығанша үміттерін үзбеді. Араға жылдар салып, сол бір сұрапыл соғыс үні алыстаған сайын бомбалардың жарылысы, танкілердің үні, ауаны тілгілеген оқтардың ысқырығы тарих қойнауына тереңдеп батып барады. Бірақ күні бүгінге дейін соғыс жаңғырығы жарықшақтанып, даусы ұзақтан талып естіліп жатқан тәрізденеді. Иә, бір нәрсе ғана ақиқаты анық. Соғыс алаңында Отан үшін қан кешкендердің ерліктері ешқашан естен шықпайды. Өйткені ерлік шежіресі – ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ.

Ал толарсақтан қан кешіп, төсін оққа төсемесе де, жауды жапыруға титтей де болса, өз үлестерін қосуға тырысқан тыл еңбеккерлерінің ерлік жырлары – бір бөлек әңгіме. Таңның атысы, күннің батысы соғыста жүрген

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

сарбаздар үшін еңбек етіп, не тапса, соны жауынгерлерге жөнелтіп отырған елдің жайы ақын-жазушыларымыздың ұрыс ұландарын жігерлендірген, рухын шарықтатып, намысын қайраған туындылары арқылы ұлы халықтың асқақ келбетін әлі талай ғасырлар бойына ұрпақтар жырына арқау етері сөзсіз.

Бүгінгі таңда біз бейбіт өмір бесігінде тербелген бақытты ұрпақпыз. Көсем әрі алысты байқағыш көшбасшысы бар егеменді, еңселі елміз. Жарты материкті иемденген Ресей секілді алпауыт мемлекетпен иықтасып келе жатқан елміз. Ынтымағымыздың жарасуы – ырысымыздың молаюы.

Әр елдің іргетасының қалай қаланғандығы ел басына күн туғанда көрінеді. Соғыс сияқты үлкен оқиғалардың тұсында елдік мінездер мен ерлік қасиеттері де сынға түседі. Күшенген жеңбейді, күші асқан жеңеді. «Ел – ырыстың орманы, ер – ырыстың қорғаны», - дейді данагөй халқымыз. Ел басына күн туған шақта ел ырысын қорғай алмау – ерге сын. Іргеміз бекіген ел болған тұста мына біз үшін, келешек ұрпақ үшін, қан майданда етігімен су кешкен, кеудесін жауға тосқан Отан қорғаушылар еңбегі – орасан. Бүгінгі бейбіт күн – кешегі талай «тар жол, тайғақ кешкен» күндердің жемісі.

Ұлы Отан соғысындағы ұлы жеңісіміз – достықты шыңдаған, бірлікті жырлаған, ер намысы боп аталған, ел дауысы боп шақырған жеңіс. Арын жалау етіп, жанын алау етіп, жауға аттанған ел ұландары Отанымыздың байтақ жерін қорғады, айдын көлін қорғады, халқымыздың өмірін қорғады, өзі туған өңірін қорғады, ақ сүт берген анасын қорғады, парасатты данасын қорғады. Осы әділет жолында қасық қанын қиып, ұрыс даласынан қайтпай қалған қаһармандар алдында бүгінгі ұрпақ әрқашан бас иіп, тағзым етеді. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігіміздің нұрындай мәңгі шуағын шашпақ!

Жеңіс мерекесі – бейбітшілік сүйгіш бүкіл адамзат қауымының мерекесі.

Жеңіс мерекесі – фашизмді талқандаған бүкіл кеңестер халқының мерекесі.

Жеңіс мерекесі – әрбір төртінші азаматын соғысқа аттандырған бүкіл қазақстандықтардың мерекесі.

Жеңіс мерекесі – жеңімпаз әкелер мен аға буынның және сол ағалар ісін алға апаратын жас буынның мерекесі.

Жер бетіндегі бейбітшілік «үрейленушіліктің орнықтылығына» сүйеніп отыра алмайды. Жанталаса қарулануды тоқтатпайынша, берік бейбітшілік болуы мүмкін емес. Жер шарының әртүрлі аумақтарында атом қаруы болмайтын аймақтар құруға, ядролық қаруды таратпау туралы келісімшартты тезірек күшіне енгізуге және бұл келісімшартқа барлық мемлекеттерді қатыстыруға, ядролық қаруға тыйым салып, оның қорын құртуға күш салу қажет. Уақыт осыны талап етеді. Бейғамдық пен

жайбарақаттықтан аулақ болу керек. Бейбітшілік өзінен-өзі келмейді, ол үшін бүгін де, ертең де, күн сайын күресу керек.

Аманқос Лаура

7 сынып, «Жаңа жол» жалпы орта мектебі,
Мақтарал ауданы, ОҚО
Жетекші: Айтураева Махаббат

Ұлы Жеңіс – ел елдігі мен ер ерлігінің жемісі

Жетпіс жыл бір адамның ғұмырындай,
Дарияның шайқалмаған тұнығындай.
Ұрпақтан-ұрпаққа аңыз болар,
Ерлігі ерлерімнің ұмытылмай.

Соғыс туралы естеліктер әрқашан да жүрек түкпіріндегі ең асыл, жан тебіренетін сезімдерді оятып қана қоймай, кез келген адам баласының жан дүниесін сыздатады. Соғыстың қасіреті мен тақсіретін ұғындырады.

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды. Сол күні жау тәтті ұйқыңды ғана бұзған жоқ. Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді.

Ұлы Отан соғысы елге алапат зауал, қасірет-қайғы әкеліп, елдің елдігін, ердің ерлігін сынға түсірді.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты.

Айбынды білек, жеңістеріне сенімді ыстық жүректері мен қайрат күштерімен кешегі жігіттер бүгінгі, өнегелі аталарымыздың арқасында 1945 жылдың 9 мамыр күні – Ұлы мейрам – жаудың жеңіліп, соғыстың жеңіспен аяқталған күні.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағы Жеңіске жетті деген тұжырым берік қалыптасты. Әсіресе, соғыстан кейінгі ұрпақтың ұғымында 9 мамыр қасиетті күн болып саналады. Ол заңды да. Өйткені, Кеңес елі алдымен гитлерлік фашизмді жеңді ғой. Ал шындығына келгенде, соғыстан жеңген жақ болмайтын сияқты. Соғыста тек зардап шеккендер болады. Себебі Кеңес Одағынан отыз миллион адам опат болса, жарты миллионға жуық қазақстандық қырылды. Талай шаңырақ шайқалды. Бұл зобалаң емей, немене? Миллиондаған азаматтың жүрегінде «Ұлы Жеңіс» деген ұғым қалып қойды. Оны, сірә, өшіре алмаспыз. Бұл, шындығында, Жеңіспен қатар, жанын қиған боздақтарды еске алатын күн.

Бүгінде Жеңіс күні мерекесі – адамдардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш күні. Бұл қастерлі мейрамның мән-мағынасы уақыт өткен сайын еш өшпек емес, себебі оның құндылығы – ғасырлар бойы жаңа жас буын ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық жеңген Ұлы күн!

Бұл – сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды.

Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз – өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды.

Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Шығыстан шыққан ғұлама ғалым Әл-Фараби: «Тарихты білмей, өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын», – деп айтқандай, тарих, бұл – біздің өткеніміз, бүгініміз және ертеңіміз.

Өткенімізге көз салсақ: сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Біздің ата-апаларымыз сұрапыл соғыстың басталған күнінен аяқталғанға дейін барлық кезеңінде ерліктерімен көзге түсті. Олар атап айтар болсақ: аты аңызға айналған Б. Момышұлы, шығыстың қос жұлдыз атанған Әлия мен Мәншүк, әуе шайқасында өз ұшағын жау танкілерінің шоғырына

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

күлатқан Н. Әбдіров, қолына граната алып, танк астына түскен Ә. Досмұхаметов, жау пулеметін кеудесімен жапқан Т. Рүстемов, С. Баймағамбетов, С. Есқалиев, Ж. Қарақұлов, Кеңес Одағының екі мәрте батыры атағын алған Т. Бигелдинов, Берлин ратушасының төбесіне ту тіккен Р. Қошқарбаев және тағы басқалар. Кескілескен шайқастарда шындалған жауынгер аталарымыз жауына қарсы өліспей беріспейтінін дәлелдеді. Отанға деген сүйіспеншілік оларға өздерінің жауынгерлік борышын соңына дейін орындап шығуға қуат берді. Жауға деген шексіз өшпенділік олардың жүрегін ажалдан да тайсалдырмай, тіпті өз өмірін қиса да, жеңіп шығуға деген қайтпас қайсарлық туғызды. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500 ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ -дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?!

Миллиондаған жазықсыз жандардың жанын қиып кеткен сол сұрапылда барша қазақстандықтар жауға қарсы «Ел үшін, жер үшін!» деген ұранмен қасық қандары қалғанша соғысты.

Республика ұлы жеңіс үшін орасан үлес қосты. Қазақстан майданға қорғасынның 85 пайызын, мыстың 30 пайызын, көмір мен мұнайдың барлығын өндірді. Сол ауыр жылдарда еліміз майданға 6 миллион тонна бидай, 797 мың тонна ет, 150 мың мініс жылқысын берді. Сондай ақ, республикамыз 4 миллиард сом ақша жинап, әскери техникалар мен қару-жарақтар сатып әперді. Соғыстың қысылтаяң кезеңінде емшектегі баласын жөргекке орай салып, кәсіпорын, колхоз бен совхоз жұмысына таң сәріден жүгіріп, түн ортасында қайтқан олардың жарлары мен аяулы ата-анасын, туыстарын, «өзім жемесем жемейін, өзім ішпесем ішпейін, бәрі де солар үшін, бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін болсын!» деген игі ниетті асыл сезімін кім есінен шығара алады. Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында майданда да, тылда да есі жаңа кіріп келе жатқан жас баладан бастап, жасы жүзге келген Жамбылға дейін отандастарымыз жауға қарсы майданға жаппай қатысты. Қазақстандықтар Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласын туған жеріндей жанқиярлықпен қорғады. Ленинград қаласына қауіп төнгенде Ж.

Жабаев «Ленинградтық өренім» атты жүрек жарды, жалынды жырын майдандағы «жүзі басқа болғанмен жүрегі бір, тілі басқа болғанмен тілегі бір» жауынгер балаларына жолдады. Кейіннен қаланы қорғаушы жауынгерлердің бірі: «Бұл сәлемді көзге жас, көңілге қуаныш толы сезіммен оқымауға болмайды... Біз күшімізді еселей түсіп ұрысқа аттандық», – деп еске алған екен. Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толады. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді.

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді еске сақтау.

Біздің ардагерлеріміз! Олар кемде-кемде қалды. Оларға лайықты кәрілікті қамтамасыз ету, оларға көмектесу керек. Оқ пен өрттің ортасында жүріп, қаншама қырғын мен қиыншылықты көріп келген батыр ардагерлерге қандай құрмет көрсетсек те артық етпейтіні белгілі.

Ешқашан да жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды.

Сарғайса да тарихтың ақ парағы, ол күндер мәңгі есте сақталады.

Айбек Нұмаханбет

9 сынып, «Дарын» мектебі,
Қазығұрт ауданы ОҚО

Ұлы жеңістің 70 жылдығы

Оңайлықпен келмеді жеңіс бізге
Қанша бауыр қырылды соғыс кезде
Еркіндікте болған жоқ қазақ мүлде
Қиыншылық, азаппен күрескенде

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тайсалмады, қайтпады батырлықпен
Ата-баба қан төкті ерлікпенен
Алғысым бар шексіз шын жүректен
Алдыңда бас иемін шын ниетпен

Ешбір қазақ намысын жерге таптатпайды
Рухында қайсарлық бар, тайсалмайды
Алға қадам басады тәуелсіздікпен
Қазақ елім өркендейді, өркендеумен

70 жыл толды жеңістің болғанына
Ата-баба батырлығы ұмытылмайды сондада
Есте қала, мәңгілікке өшпейді
Ерліктері ешқашанда естен шығып кетпейді.

Ақжарбай Ғазиз

9 сынып, «Дарын» мектебі,
Қазығұрт ауданы, ОҚО

Ұлы жеңіске 70 жыл

Сүйінші, халқым, сүйінші!
Сүйінгенге сүйінші!
Шаттан, ата-анамыз!
Шаттан, аға-бабамыз!

Міне, өтті 70 жыл
Міне, келді жеңіс күн
Кек қайтарып фашистен
Соғыс бітті жеңіспен
Жеңдік жауды күресте
Жасалсын той-мереке.

Ахмет Сымбат

8-сынып, №12 Аманкелді атындағы ЖОМ,
Мақтарал ауданы ОҚО,
Жетекші: Құттыбаева Мауегүл

Ұлы Жеңіске 70 жыл

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына жетпіс жыл толды. Сол алапат соғысқа қатысып, от пен оқ өтінде жүріп, солдат етігімен Берлинге жеткендер қазір ат төбеліндей ғана. Қаһармандар қатары селдіреп барады.

Соғысты айта-айта, жаза-жаза жұртты жалықтырып алмадық па? -деген пікір де кездеседі.

Елдің елдігі, ердің ерлігі сынға түскен екі талай қиын кезде, көк темірмен құрсанған қатыгез жаудан Отанмен халқының бостандығын, тәуелсіздігін сақтап қалған жау жүрек батырлар жөніндегі аңыз-әңгімелер, өлең-жырлар қашан, қай халықты мезі етіп еді.

Біздің кешегі Ұлы Отан соғысын алсақ, ол адамзат тарихында тұңғыш рет тарих санасына шыққан социалистік мемлекеттің өміршеңдігіне, оның тәуелсіздігіне деген қияметтен қиын сынақ болды. Фашизмге қарсы күрес бүкіл совет халқына, оның лениндік партиясына қатал сын болды.

Ұлы Отан соғысы-халық қаһармандығының отты шежіресі.

Сол қаһарлы соғыс, мыңдаған тұрғыластары сияқты 1942 жылдың сентябрінде ол Сталинград майданның 152 атқыштар бригадасы жеке артиллериялық дивизионының барлаушысы ретінде Халтуха поселкесі маңында қанқұйлы жаумен алғашқы айқасқа шықты.

Бұл соғыс 1941 жылдың 22 маусымында басталды. Осы соғыс бәріне қайғы қасірет әкелді. Бұл соғыстың зардабы бәріне тиді, біреулері балдарынан айрылса, біреулер әкелерінен айрылды. Осы Ұлы Отан соғысына әр селодан, әр қаладан ер-жігіттер әкелді. Соғысқа Б.Момышұлы, Т.Бегельдинов, Ә.Молдағұлова, М.Мәметовалар қатысқан.

Б.Момышұлы мен Т.Бегельдинов-әскер басшысы болған.

Бұл соғысқа тек қазақтар ғана емес орыстар, өзбектер қатысқан.

1944 жылғы 15 июль күні қапырық әрі тар окоп ішінде түнеп шықты. Алдында 250 метрдей жерде жауға бірінші соққы беретін құрама орналасқан. Аспанды торлаған қалың бұлттар түн тастай қараңғы болды. Бұл жағдай сақтықты барынша күшейтуді талап етті. Осының салдарынан кезекпен көз іліндіріп ала алмадық. Бәріміз кез келген жағдайда дайын тұруға мәжбүр болдық. Соның өзінде күндізгі шайқас тауқыметінің әсерінен бе, кейбіріміз қалғып-шұлғып отырып, ұйықтап болдық.

Таң алдында бізге тамақ әкелді. Аздан соң аспанды торлаған қалың бұлт арасынан бозамықтана өткен таң жарығы сезіле бастады. Жау шебінің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

сыртынан шыққан мшщщр дыбысы күшейте түсті де, айнала әбден ағарып алған кезде іздерінен әскерлерін ерткен неміс танктері көрінді. Ұзамай алғы шептегі танкіге қарсы ататын мылтықтар, 45 метрлік зеңбіректер, пулеметтер «әнге» басты. Бізде дереу іске кірісіп, соққы беруші жау тораптарының, кейбір жекелеген танктердің шабуыл бағыттарын командалық пунктке хабарлап, зеңбіректерге нысанаға алды. Біздің алғы шептегі құрамалар жаумен табандылықпен соғысып жатыр. Әр тұстан қызыл кіресті сумка арқалаған санитарлар да көзге шалынды. Жаудың снаряд, миналары біздің үстімізге де жауа бастады.

Түс ауа нөсер басталды. Шайқаста қызған кезі еді. Жаудың шабуылға шыққан бір танкысы біздің сол жағымызда орналасқан 45 миллиметрлік зеңбіректі талқандаған бойы сыртымызға өте бастады. Шығынымыз көбейді. Жаудың күші бізден көп екені анық сезіледі. Сол жақ қанатымызды фашистер бұзып өтіп кетті. Сондықтан түс ауа бірден сыпырылып бей-беркет қаша жөнелмей, ұйымдасқан түрде шайқаса жүріп селоны қалдырып шығу туралы бұйрық алдық. Сөйтіп, күн бата селоның шығыс бетіне қайта оралдық. Шайқас қарқыны біршама толастады да, түнге қарай алдын-ала шеп тартып отырған бөлімдерге келіп қосылып, қорғанысқа кірістік. Кешкі тамақ әкелген жауынгерлермен бірге жанында екі жол серігі бар майор келді. Командалық пунктке кеткен командиріміз, аға лейтенант ізіне қайтып оралды.

Бүгін біз майдан даласында кездесіп жататын түрлі себептерге байланысты кейін шегініп, селоны қалдырып кеттік. Бұл негізінде жоғарғы командованиенің жан-жақты ойластырып, іске асыруға тиісті тактикалық шараларына байланысты болды. Алдымызда жаудың күшті армиясы тұр. Олар бізді алып, Польша жеріне өтетін жерімізді кесіп тұр. Осыған байланысты жаудың күшін әлсірете беру үшін жиі-жиі тұтқиылдан соққы беру ұйғарылды.

Сол тұтқиылдан берілетін соққыны бүгін түнде жүргіземіз. Бағана шегіне отырып, көп күшімізді сақтап әәрі оң жағымыздағы үлкен орман ортасындағы жалғыз жолды уысымызда ұстап қалдық. Осы жол үшін шайқаста танкіге қарсы соғыс жүргізетін біздің дивизион зеңбіректері ерекше ерлік көрсетті. Жау танктерін қаптатып қаншама қысым жасаса да, зеңбірекшілер оларды алға қарай бір адымда аттатпады. Бірақ фашистер әлі күшті. Жеріміз толық азат етіліп біткен жоқ. Сондықтан Польша жеріне өтудің әрі әскери, әрі зор саяси маңызы бар. Жоғарғы командалық басшылық сіздер мен біздерге үлкен сенім артып, алдымызға өте жауапты міндет қойып отыр. Біз оны абыроймен атқарып шығуға тиіспіз.

Тапсырманы ойдағыдай орындайтындығымыз аға лейтенант жауынгерлер атынан сенім білдірді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

- Өзіміз жүктелген жауынгерлік тапсырманы абыроймен орындаймыз солай емеспе, жолдастар – деді барлаушы жауынгер. Оның сөзін бәрімізде қостадық.

Бұдан соң екінші майдандағы одақтастардың соғыс қимылы жайлы әңгімеге кезек тиді.

Жалма-жан бұйрықты бұлжытпай орындап, телефон трубкасын майорға ұсынды.

- Біздің жігіттердің барлығының да көңіл-күйлері жақсы, ұрысқа бір кісідей әзір тұр,- деп дивизион командиріне осылай хабарлады.

- Аға лейтенант іске кірісіңіз,- деп бұйырды.

- Құп, болады. Орындауға рұқсат етіңіз, жолдас майор,-деп қаздия қалды.

- Рұқсат- деді майор. Басшылар бұйрық бойынша шабуыл басталатын шептің сол қанатына жақындап барамыз. Күндігі күшті қысымды жау өзінің оң қанатынан жасады. Сондықтан біздің зеңбіректің соққылары солай қарай аударылды. Барлаушылар беліміге гранаталар мен запас автомат дискілерін қыстырып жатқан едік. Байланысшылар әдеттегідей телефон желісін тарта отырып біздің ізімізден қалмай келеді. Біз де оларға көмектесіп, бір-бір орам желіне иығымызға іліп алған едік.

- Осы соғыста ерлік көрсеткен ерлердің бірі Зулеев Ізтілеу Зулейұлы 1924 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс ауданында дүниеге келген. Ол 1941 жылғы Екінші дүние жүзілік соғысқа қатысқан. Ол Қызыл ту және т.б. соғыстарға қатысқан. Ізтілеу атаның қазір ұрпақтары бар. Ол 1943 жылы көкірек тұсына оқ тиіп қайтіп келді. Ол соғыстан келген соң елге қызмет етті. Оның қазіргі таңда: 9 баласы, 32 немересі, 26 шөбересі бар. Ол Ұлы Жеңістің 52 жылдығын көрген. Біздің Ә.Оспанов ауылымызда біраз ерлер қатысқан. Олар: Сәдуақас ата, Тұрғын ата, Сәбден ата, Исах ата, және т.б. аталарымыз қатысқан. Бірақ бұл соғысқа біздің ауылдан қатысқан аталарымыз бірде біреуі қалмаған.

- 8 мамыр күні таңертең, тамақтанар алдында қарулы қалың қол арасынан «Жеңіс! Жеңіс! Жасасын Ұлы Жеңіс!» - делен дауыстар естілді.

- 1945 жылы 9 мамыр күні барлық радиоларда: «Біз жеңдік! Ура! Ура!» деген сөздер айтылды. Барлығының қуанышында шек жоқ. Біз осы батырлардың ұрпағы екенімізге мақтанамыз!!!

- Міне осы таңда Ұлы Жеңіске -70 жыл толып отыр

Апбозова Арайлым

10 сынып №4 мамандандырылған мектеп-интернат

Сарыағаш ауданы ОҚО

Жетекшісі Ақынбек Олжас

Өтті ғой күндей күркіреп соғыс

Аспан мен жер арасын
Өрт қаптады жалыны жалаңдаған
Көңірсіді күйқадай адал далам
Бір-бірінің қанынан ұрттамаса
Тыншымастай сұстанды адамға адам
Бейнетімен бақ құшқан кең далаға
Қанды өзендер күйғандай сан арнадан
Мазасыз әм қысқа бұл тіршілікте
Болар кейде мейірімді адамнан аң
Сәби көңіл жандардың жанын улап
Бітіспес кек ызамен арамдаған
Дөңбекшіді сонда жер қанға бөгіп
Не кінәң бар адамдар тағар маған?!

Міне, жер ананы дөңбекшітіп, жазықсыз жандардың жанын жазылмас жарамен қан жылатқан,көп ұлтты кеңес халқының ер жүректілігі мен қанға сіңген қаһармандығын әлем алдында тағы да әйгі еткен екінші дүние жүзілік соғыстың аяқталғанына жетпіс жыл толып отыр.

Адал жарды аяулысынан, ананы жалғызынан айырған бұл соғысты совет халқының жеңіспен аяқтауы, үлкен ерліктің ұмытылмас естелігі ретінде мәңгі жадымызда сақтаулы. Соғыс-сан мыңдаған отты жылдардың ұлан-ғайыр қасіреттен ымырт жайлап, сансыз адамның қанымен жуылған жердің тегеурінді тынысы. Адал адамдар мен балғын балалардың тіршілігіне қара құс секілді қара қанатын шарпып өткен соғыс өртінің тұтанып, өшкеніне міне 70 жыл да толып қалыпты.Әрине 70 жыл оңай уақыт емес, сонда да соғыс ардагерлерінің есінде бұл күн кешегідей көкейінде жаңғырып тұр. Олар әрине өз бастарынан өткен қиындықтарды бүгінгі ұрпаққа тілемейді. Сол күндердің күнделікті тіршілігі олардың көңілдерінде көмескіленбейді де.Бейбіт күннің қуанышына бөленіп шаттықта өмір сүріп жүрген балаларды көріп, көздеріне ыстық жастың келері анық.Соғыс кезіндегі кештерді естеріне алып қазірде самұрық құс ұя салған Қазақстанды көріп көкіректерін кере еркін тыныс алып, бір масаттанып қалады.

Ұлы жеңіс- барша халықтың, яғни әрбір адамның жеңісі.Сондықтан да кешегі жауынгер, бүгінгі еңбекқор аға-апаларымыздың жеңіске жетер

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жолда тындырған ұлан-ғайыр істері біздің жадымызда мәңгі сақталатын дастандай жалғаса береді. Уақыт алға жылжыған сайын кешегі өрім жас, бүгінгі самайларын ақ шала бастаған аталар мен әжелердің ел басына күн туған сын шақта қайыспай күрескен қажыр-қайратының мән-маңызы тереңдей түсуде.

Олардың әр күткен жеңіс таңы уақыт өткен сайын жақындай түсетін еді. Әрине, қанша қаракөздерімізден айырылса да, жеңіс таңы ататынына олар сенетін еді. Олар әр күні таң атпай жатып, ыстық бауырларын қақаған қыстың қара суығында жер жастанып окопты күзетті.

Қан майданнан қаракөз қыздарымызда құр қалған жоқ. Шаттық пен мейірімге толған көздері, ыза мен кектің майданында қайнады. Гүл құшуға жаралған сүйрік саусақтары, мылтық пен гранатаның құлағында ойнады. Он сегіз бен жиырманың арасындағы көңілдеріне кірбің түспеген, күні кеше қос тұлымы желбіреп, келер келешекке аппақ армандарымен бойлаған қыздардың нәзік балтырлары солдаттың мұздай етігін киіп, көкіректері кек кернеген күйі соғысқа аттанды.

Бұл өткінші дүниеде, қыршыннан қиылған жас өркендердің тағдыры, әлі тамырын тереңге жайып үлгермеген өрендердің өкінішті өмірі, тағдыр талқысына түскен тарланбоздардың өмірдегі өкініштері, сайыпқыран саңлақтардың төккен көз жасы, көңілін тескен шер-мұңы, кез келген жүректі елжіретпей қоймасы анық. Қаншама жүректегі армандарға тұсау салған соғыс сергелдеңі, енді қайтып келмесіне көңіл шіркін кәміл сенеді.

Әзімхан Балнұр

9 сынып, Ғ. Мұратбаев атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі,
Отырар ауданы, ОҚО
Жетекшісі: Әмирешова Айжан

22 маусым барлық елдердің тарихындағы ең қайғылы датаның бірі. Дәл осы күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл - талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі беларусь жерінде қалған.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. республиканың түпкір-

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

түпкірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарында 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам- Даңқ орденінің толық иегері атанды, олар Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағының Батырларының қатарында қазақтың екі қызы-мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі – Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Жеңіске қазақстанның ауыл шаруашылығы да үлесін қосты. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ұлы оқиға. Оның қасиеті мен қасіреті жаныңды түршіктіреді. Әрі ерліктерге басыңды идіріп таңқалдырады. Елбасына күн туған кезеңдерде рух пен намыстың мықтылығы сыналды. Қанға боялған даласы, аңыраған анасы жетім қалған баласы үшін кектенді. Москва түбіндегі шайқас Бауыржан Момышұлының өміріндегі ерекше кезең болды. Жас сардар, 1073 атқыштар полкінің батальон командирі, аға лейтенант Бауыржан Момышұлы сарбаздарымен қақаған қыста Мәскеу түбінің омбы қарына малтыға жүріп, бес рет қоршауды жарып шығып, жалпы саны 27 рет қол бастап ұрысқа кіріп, соғыс тарихында болмаған тактикалық маневрлер жасап, әскери өнерге жаңалық енгізген. Командир Момышұлы жетік стратег, асқан тактик, психолог еді.

1941 жылы 16-18 қараша күндері аралығында Вермахтың Мәскеуге екінші дүркін шабуылы кезінде Б. Момышұлы басқарған батальон өз дивизиясынан қашықта Матронино селосының маңында Волоколам тас жолыда аса ерлікпен соғысты. Комбаттың дарынды басшылығының арқасында

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

неміс әскері бұл маңда 3 күнге іркіліп қалды. Бұл ерлігінен соң жас комбат өз сарбаздарын қоршаудан соғысқа қабілетті жағдайда алып шықты.

Алайда аласапыран шақта қысылтаяң жағдайға ұшыраған кейбір полктердің батальон, роталарымен байланысы үзіліп, жауынгерлердің қай жерде, қандай халде екенін білу қиынға соғады. Сондай жағдайға ұшырағандардың бірі- Бауыржан басқарған бірінші батальон еді. Баукең енді шегінудің нақты жоспарын жасайды. Батальонның алдында жүретін он бес адамнан құрылған (алдыңғы жақты барлайтын) барлаушы қойып, взвод-взводпен бөлек-бөлек болып, бірінің ізімен бірін жүргізе жылжуды ұйғарады. Батальон алдындағы барлаушыларды аға лейтенант Рахимов пен саяси жетекші Мұхаметкүл Сләмқұлов басқарады.

Күндіз жау көзіне түспеу үшін жауынгерлеріне түнделетіп жүруді бұйырады. Күндіз қалың тоғайда тыныстап, түнде барлаушылар арқылы белгіленген бағытпен сақтана жүріп отырған жауынгерлер табандылық пен төзімділік көрсетіп, қалың қарағайлы тоғай ішінің қалың қарын омбылай жүре отырып, екі күннен кейін Новлянск пен Ивановск деревняларының аралығынан шығады. Барлаушылардың айтуынша, осы Ивановск деревнясында панфиловшылардың 1075 полкінің бірінші батальоны тұрады екен. Бұлар әлі шайқасқа қатыспағандықтан тың тұрады.

Әдісқой, тәжірибелі комдив И.В.Панфилов бұл полкті уақытша әдейі резервте ұстап тұр екен. «б.Момышұлы басқарған батальон түгелдей жау қолынан қаза тауып, жойылып кетті» деген лақапты естіген олар түгелдей аман оралған жауынгерлерді зор қуанышпен қарсы алды. Бауыржан бастаған батальон жауынгерлерін көргенде И.В.Панфилов қуанғаннан көзіне жас алады. Иван Васильевич көптен көрмеген бауырын кездестіргендей Бауыржанды қаусыра құшақтай алып, бетінен сүйіп: «Жарайсың, сұңқарым!» деп арқасынан қағады. 19 гвардиялық атқыштар полкінің командирі ретінде 1941 жылдың 26-30 қараша күндері гвардия капитан Момышұлы Мәскеу облсының Соколово деревнясының маңында неміс әскерінің шабуылын 4 тәулік бойы қайтарып, сәтті ұрыс жүргізді. 1941 жылдың 5 желтоқсанында омыртқаға оқ тиіп, жарақат алды. Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен Аңыз» кітабында Бауыржан өзін санбатқа жеткізгенде дәрігерлер дереу госпитальға апару керек деп шешкендігін, бірақ ол тапаншамен дәрігерді қорқытып, оқты сол жерде шығаруды бұйырғанын айтады. Оқты алып, жараны таңғаннан кейін капитан Бауыржан Момышұлы ұрыс алаңына қайта оралады.

Кеңес әскерлерінің 1942 жылғы қаңтар-ақпан айларындағы ұрыстарында 8-гвардиялық дивизияның Бауыржан Момышұлы басқарған полк жауынгерлері ерекше көзге түсті. Дивизия екі ай ішінде батысқа қарай 500-600 шақырым алға басып, фашистердің мыңдаған солдаты мен офицерлерін саптан шығарады, жаудың көптеген техникасын жойып жіберді. 1944 жылы

Комдив болып жүрген кезінде Дубровка деревнясының маңында болған ұрыс кезінде тағы қатты жараланды. Өз айтуынша құйымшақпен жерден шығып тұрған темірге құлаған екен. Біраз уақыт атқа отыра алмай және шалқасынан жата алмай жүрді, бірақ госпитальда жатады. Сол жылы Бас Штабтың Әскери Академиясының жанындағы офицерлердің біліктілігін арттыру курстарын бітіріп шығады. 1945 жылдың 21 қаңтарынан бастап гвардия полковник Бауыржан Момышұлы екінші Прибалтика майданының, 6 гвардиялық армиясының, 2 гвардия атқыштар полкінің 9 гвардия атқыштар дивизиясын басқарды. Бауыржан Момышұлының қатардағы жауынгерлер жайлы айтқан нақылға бергісіз сөздері халқымыздың есінде. Даңқты қолбасшы солдаттың мінез –құлқын, парасатын, елі үшін жанын қиятын ерлігін ерекше бағалай білген. Соның арқасында оларды ерлік жеңістерге бастап, жігерлендіріп отырған. Бауыржан Момышұлы соғыс жылдарында адуынды да қатал әскери басшы болып қана қойған жоқ, сонымен қатар қарамағындағы жауынгерлер мен офицерлердің ақылгөй жетекшісі, зерделі де білгір, байыпты да мейірман тәрбиешісі де бола білді. Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының 1990 жылдың 12 желтоқсанында туғанына 80 жыл толуына орай Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атақ берілді. Б.Момышұлының «Әділет қашанда жеңеді, ол кешіксе де келмей қоймайды» деген сөзі шындыққа айналып, ел тілегі орындалды. Қазақ халқының өр тұлғаларының жалғыс, Отан қорғаған қаһарман ұлдарының бірі-Кеңес Одағының батыры, Қазақстанның халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы. Қазақта: «Ақыл жастан, асыл тастан» деген нақыл сөз бар. Бауыржан сияқты халқының ұлдарына байланысты айтылған сөз болар, сірә. Батырдың өмір жолына көз жүгірте отырып, амалсыз осындай ойға қаласың. Ол Жамбыл облысының Жуалы ауданына қарасты Көлбастау ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген. Әкесі –Момыш, шешесі-Рәзия. Әкесі жаны жомарт кісі болған. Отбасыларында 4 қыздан кейін, әкесі Момыш 50-ді еңсерген шағында Бауыржан дүниеге келіпті. Тәуіржан деген інісі бір жасында қайтыс болып кеткен. Әкесінен аздап хат таныған Бауыржан көрші Евгенийека ауылындағы орыс мектебінде 1 жыл оқып, келесі жылы Жамбыл қаласына келіп, Аса интернатында 3 жыл оқып бастауыш мектепті тәмәмдады. 1921 жылы Шымкенттегі 7 жылдық мектеп-интернатына оқуға түседі. 1928 жылы оны бітірген соң, біраз жылдар мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. Бұл сол кездегі ең абыройлы, беделді мамандықтардың бірі. Сол кездің өзінде-ақ еңбекқорлығымен, өз қызметіне деген ынта жігерімен, дарынымен көзге түскен жас жігітке ауаткомның хатшысы, милиция бастығы сияқты аса жауапты қызметтер сеніп тапсырылған. Еңбекқор, іскер азаматтардың қандай да болсын істен нәтиже шығара білетіні белгілі. Баукең бойындағы мұндай қасиеттерін әскер қатарынан оралғаннан кейінгі жылдары да көрсетсе керек. Баукеңнің зайыбының аты Бибіжамал. Ұлы Бақытжан және қызы Шолпан. Иә, соғыс-

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

адамзат өмірінің ұлы трагедиясы. Соғыс –адам жанын қинайтын ең ауыр, ең ащы азап. Осы соғысқа Кеңес Одағының миллиондаған адамы қатысты. Солардың ішінде қазақ халқының арасында аты аңызға айналған, батыр атамыз Бауыржан Момышұлы да болды. Ұлы Отан соғысы басталысымен жерлесіміз генерал Панфиловпен бірге 316 –атқыштар дивизиясын жасақтап майданға аттанды. Онда Бапукең немістерімен Мәскеу түбінде болған ұрыстарға қатысып, ерлік істер жасады. Әйгілі 8-ші гвардиялық дивизияның батальон, полк командирі болып, соғыс бітердің алдында осы гвардияны басқарды. Екі рет жаудың қоршауынан аман-есен өз карамағындағы әскерін алып шыққан. Мәскеу түбінде 27 рет сәтті шайқас жүргізген. 207 рет ұрысқа қатысып, 5 рет өлімнің құрсауында қалғаны, 2 рет өлімші болып жараланғаны туралы «Ақиқат пен аңыз» кітабында да жазылған. Тап осы сұрапыл соғыс жылдарында ол өзінің ол өзінің асқан ерлігімен , соғыс өнерінің қыр-сырын меңгерген білікті жауынгерлік қасиетімен ерекшеленіп, атақ-даңқы аңызға айналған. Мол тартқан қан майданның ғаламатын, жаттатқан сұм жауға да қазақ атын, Жан аға, жақсы аға-жетпес баға, кім сүймес Бауыржанда14 ай взвод командирі, 9 ай атқыштар полк штабының бастығының орынбасары, 6 ай республикалық әскери комиссияның аға нұсқаушысы, 5 ай батальон орынбасары, 8 ай атқыштар полкінің командирі, 3 ай дивизия командирінің орынбасары, 6 ай дивизия, 5 жыл әскери академияда әскери профессор болды. Соғыстан кейін Кеңес Армиясы Бас штабының Жоғары әскери академияда әскери профессор болды. Соғыстан кейін Кеңес Армиясы Бас штабының Жоғары әскери академиясын бітіреді. Әскери педагогикалық жұмыспен айналысып, Кеңес Армиясы әскери Академиясында сабақ береді. 1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан Бауыржан біржола шығармашылық жұмыспен айналысады. Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өмірінде көрген білгендерін арқау етеді. Оның қаламынан туған өмір шындығын арқау еткен тамаша романы мен әңгімелері, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналды. Көрнекті жазушының жазып қалдырған «Офицердің күнделігі» (1952), «Бір түннің тарихы» (1954), «Біздің семья» (1956), «Майдандағы кездесулер» (1962), «Генерал Панфилов» (1963), «Ел басына күн туса» (1970), «Ұшқан ұя» (1975), «Адам қайраты» (1981) т.б. кітаптары әскери өмірбаяндық жайттарды арқау етіп, патриотизмді, адалдықты, ерлікті, бірлік пен туысқандықты ту етті. Жауынгерлердің сом тұлғасын бейнелей білді. Бауыржан атамыз артынан туған жер, Отан, ел, ерлік, бірлік, ынтымақ, достық, адамгершілік, білім т.б. тақырыптарды қамтыған ұлағатты сөздері мен мақал-мәтелдерін қалдырған. Бойында патриоттық сезімнің ұшқыны бар біз сияқты Бауыржан атамыздың ұрпақтары жүрегімізді жарып шыққан сөздеріміз арқылы ол кісіге рахметімізді айтамыз. Сонымен қатар 37 дәптер күнделік жазған батыр бейбіт өмірдің қаруын қалам етті. Осылайша қазақ әдебиетінің негізі қаланды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Баукеңдей ер қолбасшы қалар ма естен.

Тапты ол тар қыспақта бір шешім-деп жырлағандай, Бауыржан Момышұлы соғыста көрсеткен ерлігі үшін орден, медальдармен марапатталды. Қашанда қазақ халқы өзінің ұлдарын ұмытпаған. Бауыржан Момышұлына халықтың өзі «батыр» деген ат беріп, жоғары құрмет көрсете білген.

Бауыржан Момышұлы атақ-даңқтан кенде адам емес. Ол Кеңес дәуіріндегі Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қызыл Ту, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, 1-дәрежелі Отан соғысы, 2 рет Қызыл Жұлдыз, «Құрмет Белгісі» орден, медальдармен марапатталған. Сонымен қоса Кеңес Одағының баптыры атағын алды. Ел Тәуелсіздігін алғаннан кейін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен «Халық қаһарманы» деген атақ берілді. Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Ересек адам үлесі азайды. Ересектердің тұтас бір ұрпағын жойып жіберді. Соғыс үмітсіз жесірлікпен балалардың жетімсіздігіне әкелді. Фашистердің істеген қылмысын совет адамдары ешқашан ұмытпайды. Соғыстан кейін бірнеше қалаларда фашизм құрбандарына ескерткіш орнатылды. Біз неміс басқыншыларының баса көктеп кіріп жасаған қылықтарын ешқашан ұмытпаймыз. Ұмытпайтын себебіміз-біздің халқымыз қайғы-қасіретті адам баласы ұрпақтарымыз, енді ешқашан көрмесе екен деп тілейміз. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Әбдіқаш Маржан

9 сынып, М.Ғабдуллин атындағы мектебі,
Мақтарал ауданы, Бескетік ауылы, ОҚО
Жетекшісі: Пазылбекова Г.

Отан үшін от кешкендер

Жетпісінші жыл биыл Ұлы Отанға,
Ұлы Отанға, қан майдан, зар заманға
Шайқастың сұм-зұламат кездеріне,
Аштық пенен аяз-боран жаурағанға

Айналды енді сол жылдар естелікке,
Тыйым салды ащы дауыс зеңбірекке.
Ерлікпеннен көзге түскен игі жандар,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Лайықтысың қандай болсын сый құрметке-дей келе жылдар, айлар 1418 күн мен түнге созылған, айрандай ұйыған ел ішін ығы-жығы етіп, естерін шығарған, біреулердің-отағасын, енді бірінің әкесін, кенжесін, жалғзын, тұңғышын, жүректерін-мұңға, салымдарын-суға, өмірлерін-қыршынға, бағы мен бақытын ұрлаған ұрысқа және төл мерекемізге-70 жыл. Алтын күннің орнын қара бұлт шалған қаралы да, қаһарлы жылдар, жауынгерлеріміздің етігінен суық өтіп, ойларын күмән мен күдік, жаңбырлы және қарлы күндері, ұйқылары төрт бөлініп, шала-кетек немесе ұйқысыз өткен түндері, атамекен-туған жерін, отбасына деген бітпес сағынышы, бетпе-бет жауға жолығып жаумен, өліммен тұстас келген кездері, төрт жыл мезгілін толығымен қан майданға арнауы-мәңгі естен болып қалды, қала береді...

Аты құлаққа жағымсыз, көңілге кірбің түсірер-соғыс тек қана жауынгерлеріміздің ғана құтын қашырып қана қойған жоқ.. «Қырсық бір айналса, шыр айлады»-демекші, жауынгерлердің азығы, дәрі-дәрмегі, киім-кешегі, қару-жарағы, баспанасы-бұлардың бәрін, әрине, халық пен мемлекет тарапынан біршама шығындар мен экономикалық құлдырауларға әкеліп соқты. Ақ жаулықты аналарымыз етектерін көз жасын көл қылып толтырып-жесір, сәбилер асқар тау әкелерінің мейірімі мен тәрбиесіне қанығып жарытпады және балалық шақтың бал дәмін тата алмады, балалығын ұрлады есесіне ерте ержетті, әр нәрсенің байына барды, әрбір қара шаңырақтың іргесі-биік, түтіні-түзу бола қоймады, терезелерінен жарқырап күн шықпады, жүздерін мұң ұялады.

Соғыс дертіне келер болсақ шегіне жетіп болмайсың... 24 сағат бойы дамылсыз қарша бораған оқ астында жүру, қан сасыған жаралылар-өліктер, тағдыр талқысына талқандалған күндер-ай. Атыс-шабыс зәре-құтыңды қалдырмай, құлағыңды тас бітеп керең қылғанымен, көк түтін, ығы-жығы көздің шелі басқан, дененің сау-тамтығы қалмаған қаншама азаптар бастан кешірілді. Осындай апыл-тұпыл мезетте үрейлерін жеңіп, алға қарай ниеттеніп, елім, жерім-деп бабалар сарынымен әдеттегідей, олардың үрдістерін жалғастырып, қасық қанын, шыбын жанын шүберекке түйіп қорқынышқа ерік бермеген ұлдарымыз жарады! Дұшпандарымыз тұтқиылдан шабуылдағанда, есімізді тез жию-бір бөлек, ал бір жағадан-бас, бір жеңінен-қол шығаруымыздың өзі бір-ғанибет саналатұғын. Айқас алаңында қазақтардың 1 миллион 500 мыңы атқа қонған болатын. Соғыс кезінде алыспай-беріспей фашистермен күресіп, қазақ ұғымын кеңіте түскенмен қоса 12 сарбазымыз Кеңес Одағының Батыры мәртебесін иемденді. Осы қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманда ғұмыр кешуіміз-азаматтарымыздың көптеген іс атқарғандығының дәлелі мен айғағы. Әрине, ештеме оңай жолмен келмейді емес пе?! Бірақ, сол жылдардағы тар жол тайғақ кешу, арпалыс тым қиын әрі күрделі еді. Майданда ержүректілігімен ерекшеленген жауынгерлерді сонау

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қазақ хандығы құрылған сәттен бастау алған, айғыр найза киесі-Қаракерей Бөгенбай, Шапырышты Наурызбай, Керей мен Жәнібектің, ал жау қоршауынан айлакерлікпен сытылған азаматтарымызды Төле би,қаз дауысты

Қазыбек би,Әйтеке бидің сарқыншағы,ізбасары,сарқыты деп білеміз.Олар бізді аузы арандай ашылған айдаһардай жауымыздан қорғады,ал біз осы аталған мызғымас тыныштығымыздың қаймағын бұзбай сенім мен үкілеген үмітті ақтап,әрі қарай дамуымыз,өсуіміз қажет.Жеңіске жыл толып - мұнайып, шаттанған сайын кемеңгерлеріміз,данышпандарымыз,көпті көргендер, қазынамыз,дария кеуде тау-мүсініміз,ардагер-батырларымыздың саны кемуде. «Ер басына күн туса,етігімен су кешер»-деген бабалар өсиетін ұран ғып,ұғынып,дәріптеп,іске көше білген жалғыз қазақтар ғана емес құрамдас халықтар да дәлелдегендіктен бұл әдеби мұрамыз,қанатты сөздеріміз бүткіл 15 ел шебіне ортақтай көрінгенді.Соғыс жылдарындағы қаламы қарынды-жазушыларымыз бен талабы таудай биік талантты-ақындарымыздың қоржыны көркем шығармалар мен дастандарға,жырға байығанымен,бұл көрсеткіш қан майданда көрген езгі мен азап алдында қуантарлық жайт емес.

Қазақ өмірінде Бауыржандай,Қ.Қайсенов,Р.Қошқарбаев,Ғабдуллин сынды-қайсар мінез,жүрек жұтқан, Әлия мен Мәншүктей сын сайыста сола білген қызғалдақтырыздай батырлар бұрын-соңды туып еді қай ұлтта?!Иә,ақыры соңында әркім қанжығаға байлағысы келетін «Жеңіс» КСРО құрамындағы елдердің пайдасына шешілгенімен , гүлдің гүлімен бірге тікені де болады дегендей жеңістің болу салдары -«соғыс» есебінен болатыны тағы да бір еске түсетіні бар. «Қоянды қамыс,жігітті намыс өлтіреді»-ердің ең басты құндылығы-намысы, «елім,жерім»-деп соғар жүрегінің қаншалықты шыншылдығын сынайтын және дәлелдейтін,құрбан болатын тұсы осы емес пе?Бұдан алдыңғы жүргізілген және осы орайдағы жорықтар салдарынан ер адамдардың жалпы әлем бойынша санының аз болуы сол себепті. Сондықтан,ардагерлердің,тұғырымызды нық,тереземізді тең қылғаны үшін және ұстай беретіндіктен-ер адамдардың жоғары дәрежеде бағалануы.Көңіл көкжиегіміз-тарылған,көк патшалығы тек-күркіреген, жеті қат жер-қатуланған, күн шуағын шашпаған,теңіз-көлдер тартылған,қанатты құстар бағытынан жаңылған,алма ағашы гүл атуға-қиналған, ел арасын-жұт жайлаған,ұл-қызымыз-сауық-сайраннан тыйылған,өрістегі малдың саны азайған,елдің құтын қашырған-1941-1945 жылдар болатын.Жеңістің туы желбіреген сәттен бастап-құрлықтағы мұздық ерігендей,жаңа бір заман қайда басталғандай,келмеске кеткен қадірі тым жоғары «бейбіт күн» қайта келгендей,шөл дала-дарияға айналғандай,қараңғы түннен бозарып жарқырап шолпан таңды атырғандай,жер бетінде үлкен мереке,қуаныш,шаттық орнады.Біз үшін күрескендердің,төгілген терінің,жұмсаған күшінің, қасық қанының жемісі мен қызығын қазіргі таңда біз көрудеміз.Жау қарасын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

көргенде жауар күндей торланған,көкте-күміс айды,судың-зәмзәмін,ауаның-жұпарын,таудың-заңғарын,жеңістің бал-дәмін алып берген жауынгерлерімізге сөз құдіретінің әл-дәрмені жетпейді,ерліктері өлшенбейді, мың алғыс,тағзым! Енді біздің сыни тұрғыңыз-сол жанкештілікпен қол жеткізген бақытымызды бағалауымызда,сақтай алуымызда.Айтуға оңай, ойлауға қиын «өлді» деген сөздің жетегінде-өздері өлседе, арқасында өлмес, өшпес ерліктері,аты емес пе?!Қай заманда болсын азаматтарымыз тек тәуелсіздігі үшін алыспай беріспеді бұл жолғы ғана емес біз ата-бабаларымыздың одан алдыңғы да жеткен жетістіктерінің арқасы осылай шалқып жүргеніміз.Не болса да енді қиындықтар жай ғана суретшінің жан түршігерлік туындысың бірі сыңайлы болғанымен,ерліктерін ұмытуға болмайды.Өскелең ұрпақтарына үлгі-өнеге бола білген,қан майданда жан тәсілім еткендері,шешуші сәтте елін сатуды емес, қорғауды насихаттаған батырларымыздың есімдері тарих төрінен есімдері алтын әріптермен жазылды.Ел есімі-ел есінде,ерлер туар-ел үшін,атамекен-жер үшін деген ұлағатты сөздеріміз оларға деген шексіз рахметіміз бен сый-құрметінің белгісі.Жауынгер ұғымының мағынасы-тым асқақ,тереңде жатыр.Оларға деген ілтипатымызды жоғалпауымыз әрі ұлғайтуымыз керек.Арын сақтап ақтық демі қалғанша күрескен,отан үшін отқа түскендердің ерлігі мен батырлығы,атақ-даңқы мәңгілік!Жылдары ғасырға да симайтын,жүректерді сызтатып,ауылдағы кемпір мен шалдың мал-мүлкіме ие болар жан жоқ деп зарыққаны,көкіректі қас айыстырар орны толмас өкініш-ай.Ыстығына күйдірмеген,суығына тоңдырмаған,жау аяғын жерімізге аттатпаған, ұлымызды-құлдықтан,қызымызды-күңдіктен азат еткен,алтын басын қатерге тіккен,бізге бейбіт күн сыйлаған жауынгерлеріміздің рухы неткен биік,ары қардай аппақ, тәрбиесі мен ниетінің түзулігін айтсаңшы.Қазіргі гүлденген өміріміз-азаматтарымыздың ерен еңбек еткендігінің көрінісі.Мемлекет тарапынан көптеген көмектер көрсетілгенімен,біз оларға жайдары көңіл, жүректерін жылуды әрқайсысымыздың тарапымыздан жасай аламыз. Сондықтан,бізге бірлесіп жасаған жақсылықтарының қарымтасын қайтара алмасақ та,кішкене бөлігін сыйлайық.

Отан үшін от кешкендер сіздерге шын жүректен мың алғыс..

Әжібай Рысбек

10-сынып, «Мақтарал ауданының мамандандырылған
Дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты» КММ
Жетісай қаласы Оңтүстік Қазақстан облысы
Жетекші: Бектемісова А.Қ.

Атамекенім - асыл мекенім!

Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер!
Батырлар дүрілдеп өткен жер.
Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер,
Ғашықтар бір-бірін өпкен жер!
Мұқағали Мақатаев

Қазақстан – егемен, тәуелсіз мемлекет. Алайда бұл тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Осы егемендікті, тәуелсіздікті алу үшін еліміз қаншама қиыншылықты басынан кешірді. Қаншама батырларымыз, нар тұлғаларымыз тәуелсіздік жолында жандарын құрбан етті. Жоңғар шапқыншылығы кезінде қаншама отбасылар, сәбилер, қыз-келіншектер құрбан болды. Қазақ елі барлық қиыншылықты, ашаршылықты басынан өткізді. Ұлдарымыз басқа елге құл болса, қыздарымыз күң болды. Осындай қиын сәтте Қазақ елі берілмей, намыстарын таптатпай, қолдарына семсер ұстап, жауға шапты. Олар бас пайдасын ойлаған жоқ, келешек жас ұрпақтың тағдырын ойлады.

Сондай қиын сәтте жауға қарсы тұрған, санасаң сан жетпейтін батырларымызды айтуымызға болады. Олар: Сырым Датұлы, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Баян батыр, т.б.

1465-1466 жылдары Қазақ хандығы құрылды. Керей мен Жәнібек бірігіп, Әбілқайыр хандығынан бөлініп, Қазақ хандығын құрды. Осы күнге жету үшін ата-бабамыз көп тер төкті. Қазақ елі енді аяққа тұра бастағанда, 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Қаншама мемлекет бірігіп, немістерге қарсы шабуылдады. Бұл соғыс та Қазақ еліне аз қиыншылық әкелген жоқ. Көптеген ер азаматтар қолдарына қару алып, жауға шапты. Балалар жетім, аналар жесір қалды. Соғысқа көптеген батыр ұлдарымыз бен қыздарымыз қатысты, қаншасы қан кешіп жүріп қыршынынан қиылды. Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова сынды батыр ұлдарымыз бен қыздарымыздың ерліктерін ешқашан ұмыта қоймаспыз!

1945 жылы 9 мамыр күні Қазақстан Жеңіске жетті. Бұл күн еліміз үшін ақ түйенің қарны жарылған күн болды. Аса қасиетті күн болды. Содан бері әр жыл сайын еліміз Жеңіс күнін тойлап, майданда қаза тапқан жауынгерлерімізді еске алып тұрады. Міне, осы Жеңіске биыл 70 жыл толғалы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

отыр. Жаумен қасық қаны қалғанша шайқасып, бізге осындай бейбіт өмір сыйлаған ерлеріміздің ерлік істерін ешқашан ұмытпақ емеспіз!

Бұл Жеңіс бізді тәуелсіздікке бастады. «Өткен тарихыңды білмесең, келешек сені керек етпейді» дегендей, бір сәт тағы да тарихқа үңілейік. Дәлірек айтқанда, 1986 жылы ел тәуелсіздігін аңсаған жастар ереуілі болды. Тарихта «Желтоқсан оқиғасы» деген атпен сақталған бұл оқиға жастарымыздың бойына жігер беріп, тәуелсіз Қазақ елін құруға негіз болды. Қаншама жастарымыз осы оқиғаның құрбаны болды. Қайрат. Сәбира, Ләззат, Ербол сынды жастарымыздың ерлік істері тәуелсіз, егемен ел болудың бастауы болды. Олардың ерлік істерін ешқашан ұмытпай, әрқашан жадымызда сақтаймыз деп сенім білдіре аламыз. Осылай 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізді. Алайда, осы тәуелсіздіктің оңай жолмен келмегенін, әрине, әр қазақ түсінеді деген ойдамын. Бұл жолда Жерұйықты іздеген Асан Қайғы бабамыздың көрегендігін, сондай-ақ сонау Орхон, Енисей, Талас өзендерінің бойынан табылған тасқа қашалып жазылған ескерткіштердің өзінен өз халқын сыртқы жаудан қорғаған батырлардың ерлік істері баяндалғанын білеміз. Бұдан халқымыздың тәуелсіздікті ежелден-ақ аңсағаны түсінікті.

Демек, осындай бейбіт өмір көктен салбырап келе салмағаны анық. Сондықтан әр қазақ тәуелсіздіктің қадірін түсіне білуге, ерлерімізді қадірлей білуге міндетті!

Бүгінде тәуелсіз, егемен елде өмір сүріп жатырмыз. Оған тәубе деуіміз керек. Осы орайда Елбасымыздың ерен еңбегін атап өтпесек болмас деймін. Елбасымыз ел халқының жағдайын жақсартуға, яғни халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға барын салуда. Мектеп, балабақша, аурухана салуды қолға алып, жұмыссыздықты азайтуға күш салып отыр емес пе?! Елордамыз Астананы гүлдендіріп, көркейтуге көңіл бөліп, елімізді бүкіл әлемге танытып отырған да осы Елбасымыз емес пе?! Сондықтан осындай гүлденген, тәуелсіз, бейбіт елде тұрып жатқанымызды мақтан тұта отырып, елімізді одан әрі көркейтіп, дамытуға өз үлесімізді қоса білуіміз керек. Елбасымыз ХХІ ғасырды білім мен ғылымның ғасыры деп атап отырғанындай, болашақты жастардың қолына сеніп тапсырып отырғанындай, біз де ел дамуына тамшыдай болса да үлес қоса отырып, игі іс жасай білуіміз керек деп білемін. Мен осындай елде тұрғаныма, қайсар, өр тұлғалы батырлардың ұрпағы болғаныма мақтанамын! Жасай бер, тәуелсіз Қазақ елі! Гүлдене бер, Қазақстан! Сейфуллинше айтқанда, тар жол, тайғақ кешуді басынан өткізген еліміздің қуанышы көп болсын, қайғы-мұңы жоқ болсын!

Батырлар тігіп ап шатырды,
Жау келсе, атойлап ақырды.
Бүгінде неге бас имеске?!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Елімді бірлікке шақырды.
Қасық қанын қаншама төкті бабам,
Қызыл қанға боялды қанша далам.
Оның бетін, әрине, әрі қылсын,
Тәуелсіз өмір сүрсін енді балаң.
Қайта оралдық қазағымның салтына,
Берік болғай Қазақстан анты да.
Еліміздің дәстүрлерін жаңғыртып,
Бас иемін Қазақ елі алдында!
Көк туымыз желбіресін аспанда,
Тәуелсіздік қымбат маған қашанда!
Бейбіт өмір сыйға тартқан ерлерді
Мәңгі бақи сақтап өтем санамда!
Гүлдене бер, көркейіп, Қазақстан,
Өтті елім қаншама азап тұстан.
Тәубе деймін тәуелсіз, бейбіт елге,
Келді бізге бұл Жеңіс тым алыстан!
Бүгінде 70 жыл – жеңіске!
Саралап, назар сал әр іске.
Мәпелеп қанша жыр жазсақ та,
Бұл жырлар көп етпес әрине.
Ерлігің ешқашан өшпейді,
Алау от мәңгіге сөнбейді.
Желтоқсан желінің ызғары
Халқымның ойынан кетпейді.
Қошемет көрсеттік батырға,
Олар тым жаужүрек нар тұлға.
Орталық саябақ төрінен
Ескерткіш орнаттық жақында.
О, тәубе, тәуелсіз ел болдық!
Көркейдік, жасарып, гүлдендік.
Бүгінде қанатын кең жайған,
Әлемге танылған түрге ендік.
Көркейіп келеді Астана,
Ол – менің сүйікті бас қалам.
Халқым бар азаттық аңсаған,
Елімді Нұратам бастаған.
Білім берген мектебіммен мақтанамын,
Ұстазымның әр сөзіне шаттанамын.
Үкілеген үміт пен сенімді ақтап,
Болашақта үлкен іс атқарамын.

Әлімқұлова Санжана

9 сынып, №2 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі
Төлеби ауданы, Ленгір қаласы ОҚО
Жетекші: Қойшыбаева Ақсәуле Нұрханқызы

Мен қазақ қыздарына қайран қалам...
(Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойына орай...)

Сілкініп зеңбіректер жердің жүзін,
Оқ борап, снарядтар қаққанда ызың.
Қаптаған қалың жаудан тайсалмаған,
Мен көрдім пилоткалы қазақ қызын...
Көзінен ұшқын өрттей лапылдаған.
Жауына қаһар төгіп қатуланған.
Отан үшін шайқасқан ауыр күнде,
Тәнсе де өлім қаупі жасымаған.
Сәду Машақов

Өз кезінде: «Соғыс – өмір мен өлім арасындағы қыл көпір», - деп қазақтың біртуар жазушысы Бауыржан Момышұлы атамыз бекерге айтпаған. Соғыс өрті қаншама жастың, қаншама тірі жанның өмірін алып кетті, қаншама ананы баласыз қалдырса, қаншама сәбиді әкесіз, анасыз қалдырды, қаншама адамдар бауырынан айырылды...

Расында, жеңіс туы оңайлықпен қолға түскен жоқ. Көптеген жауынгерлер кеудесін оққа тосып, қасық қаны қалғанша Отан үшін, туған жер үшін аянбады. Ұлы Отан соғысы тарихында аттары аңызға айналған қазақтың үш батыр қыздарының – Әлия, Мәншүк, Хиуаздың орны бөлек. Мен де қазақ қызы болғандықтан, қазақтың мерген қызы Әлия апамыз туралы шығарма жазуды парызым деп санадым.

Халық әртісі Роза Рымбаеваның орындауындағы «Әлия» әнін кішкентай кезімізден тыңдап өскен, біздерге, оның ерлік істері туралы білу – өзгеше бір тың, қызық дүние. Оның 18 жастан сәл ғана асқан қысқа өмірі бәрімізге аян. Шын есімі – Ылия, бұл әжесінің аты. Әлияның атасы Сарқұл бай кісі болыпты. 1928 жылдан бастап қуғын-сүргінге ұшыраған. Оның ұлы Нұрмұханбет, Әлияның әкесі, бас сауғалап анда-мұнда жасырынып, өмір сүрген. Әлияның анасы Маржан көрші әйелдермен картоп теруге барса, күзетші оларды қорқытпақ болып мылтық атады, оқ дәл Әлияның анасына тиіп, дүниеден өтеді. Әлия анасының інісі Әубәкірдің қолында тәрбиеленген. Нағашысының жұмыс бабына байланысты ол Әулиеата, Мәскеу, Ленинград

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

мектептерінде оқыған.1942 жылы Әлия білім алып жатқан №46 мектеп Ярославль облысының Вятск аулына көшіріледі.Жетінші сыныпты бітірген қаршадай қыз Рыбинскідегі авиация техникумына оқуға түседі.1942 жылы 18 желтоқсанда осындағы аудандық әскери комиссариаттың жолдамасы- мен Мәскеудегі мерген қыздар даярлайтын орталық мектепке қабылданады. 1943 жылы шілде айында «үздік» бітіреді де,Солтүстік –Батыс майданының 34 – атқыштар дивизиясының төртінші батальонына жіберіледі.

Басылымдағы деректерге жүгінсек, «...800 мың әйел соғысқа қатысты,ал Ақтөбе облысы бойынша 500 қыз –келіншек өз еркімен майданға аттанды...» Бейбіт өмірден соғыс жағдайына бейімделу ер азаматтарға ауыр болса, әйелдерге тіпті қиын еді.Әскери тәртіп,нәзік жандыларға арналып тігілмеген киім –кешек,ер-азаматтардың ортасы,ең бастысы,жарылған бомбаларға,жаңбырдай жауған оққа,өлімге,қанға үйрену оңай болмағанын түсінемін.Табиғатынан ана болуға,ұрпақ әкелуге жаратылған әйелдің жау болса да адам өлтіруге бейімделуі олардың нәзік табиғатына қарама-қайшы емес пе ?!.. Әлия бір хатында: «Адам өлтіру түгілі тауықты өлтіру дегенді білмейтін менің жүрегіме жауды өлтіру керек,құртуым керек деген мақсат қалай пайда болғанын айтайын...» -деп,Ленинградтағы өртеніп жатқан үйлердің біріндегі Володя деген баланың мерт болуы әсер еткенін баяндайды.Мергендер даярлайтын әйелдер мектебін бітіргеннен кейін,Әлия әлі нәзіктеу болғандықтан,оны нұсқаушылар ротасына қалдыру туралы ұйғарым шыққанда,тағы да өзінің қайсар мінезін көрсетеді.Ол ызаға булығып: «Егер мені майдандағы армияға баратындар тізіміне қоспасаңыздар, кімге де болсын үстеріңізден шағым айтамын!»—дейді.Ол туралы 54 –дербес атқыштар батальонының командирі майор Фёдор Иванович Моисеев естелігінде былай деп жазады: «Майор Силаев екеуміздің назарымыз аласа бойлы,екі көзі қарақаттай мөлдіреген қағілез қызға бірден ауды.Мен оған таяу келіп: -Әскери тапсырмаларды орындауға сен әлі жас екенсің. Майданға қалай келіп жүрсің?Жасың нешеде?-дедім.Қыз бала әскери тәртіпке сай тік тұрып, аяғын тақ еткізіп,былай деп баяндай жөнелді:

-Мен Қазақстаннанмын.Аты-жөнім –Әлия Молдағұлова.Ленинградтағы балалар үйінде тәрбиелендім.Жасым 18-де,комсомолкамын.Майданға халқымыздың қанын төккен фашистерден кек алу үшін өзім сұранып келдім. Қандай да болмасын әскери тапсырманы орындауға әзірмін!..

Иә,осындай қазақтың қарапайым қызының ерлігі бүгінгі таңда аңыз болып қана айтылатыны өкінішті-ақ.Өмірді сүйген қыршын жастар ерлігі мәңгілік жүректе сақталады.Әлия соғыстың барлық қиындығын көрді, тасада тығылып қалған жоқ,атыстың қақ ортасында жүрді. Әлияның майдандасы,мерген Сергей Егорович Лукьянов өз естелігінде былай деген: «Біз үш сағат бойы тырп етпестен,неміс снайперінің ықтимал дәлдеуін үздіксіз қадағаладық,содан кейін Лия маған дөңгелек айнасын ұсынды да: «Арасына бір-екі минут

салып, осыны окоп үстінен екі-үш рет қайтара көтер,»-деді. –Мен тал шыбықтың басын иіп, соған айнаны бекіттім. Оны екінші қайтара көтергенімде, неміс снайперінің оғынан айнаның күл-паршасы шықты. Қарсыласымыздың екінші қайтара оқ атуына мұршасы келмеді. Қырағы көз Лия немістің тұлғасын нысанаға алып үлгерді.»

Қазақ қыздарының ерлігінің құпиясы тереңде жатса керек. Жазушы Ғабит Мүсірепов батырлықтың сырын былай толғаған: «Аталар заманы қазақ қызын еркелетпей өсірді. Ортада от, жабықта қырау, тыста сықырлаған аяз. От басында бүрсең қаққан кәрі мен қызыл сирақ бала ғана. Азамат ат үстінде, малда. Қазақ қызы – азамат, ол да сонда. Ақ жүзінде қызыл шырай. Ол – суықтың сүйгені. Кірпігінде – қырау, білегінде – құрық.

Жадырап жаз келсе, көшпелі өмір түйесін қомдайды. Сахара жүріп, жол кезіп, ел көшеді. Қазақ қызы ақ мамықтың үстінде, бой күтумен бойжеткен жоқ. Қыста аяз сорып, жазда ыстық пісірді. Бөрік астында бөрі бар, жар астында жаз. Ал әкетті, жау жетті – ұйқы сергек, ойың сақ. Садақ белде, найза қолда, әр азамат – жауынгер, соның бірі қазақ қызы еді.» Бұл үзіндіден сонау ерте кездердегі қазақ қыздарының қиындыққа төзімді, өмірге бейімділігін байқауға болады.

Әлия елдің намысы үшін ерлермен қатар атқа қонып, жерін жаудан қорғаған Нарқыз бен Ақботаның, Елек-Қобда өзенінің сағасындағы Сырым Датұлы қозғалысын қолдап, ақыл-айласымен көзге түскен Сапар Мәшенқызы мен Есет батырдың қызы Ботагөздің жалғасы емес пе?..

Қазір біз қазақ әдебиеті пәнінен батырлар жырын оқып, Қобыланды батырға сүйеніш болған Құртқа сұлуды, Қамбар батырға демеу болған Назым қыздардың ақылдылығы мен парасаттылығына тәнтіміз. Бұл қаракөз қазақ қыздарының ерлігі сонау ерте кездерден-ақ айқын болғанының дәлелі емес пе? Олай болса, «Намысын бермеу үшін жатқа қолдан, арулар аз болды ма атқа қонған...» - деген өлең шумағы еріксіз ойға оралады. 18 жасар қыздың соғыста телефонист, радист, медбике, байланысшы, аспазшы, кір жуушы қызметін атқаруы түсінікті, ал қазақтың Хиуазындай ұшқыш, Мәншүктей пулеметші, Әлиядай мерген болуы – әркімнің қолынан келе бермейді. Ол үшін жүректілік қажет. Қазақтың маңдайына біткен батыр ұлы Бауыржан Момышұлы : «Соғыс – халықтың күш-қуатын, ерлік-жігерін сынайтын ұлы емтихан»-деп дәл тауып айтқан. Сондықтан бүгінгі ұрпақ, мына біздер, «Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты» деген Бауыржан атаның сөзіне орай ерлікті ұмытпай, оларға бақыт сыйлауға тиістіміз деп ойлаймын. Міне, бірер уақыттан кейін Ұлы Жеңістің 70 жылдық торқалы тойын тойлағалы отырмыз. Елі үшін, Отаны үшін өмірін қиған ардагерлердің ерлігіне басымызды иіп тағзым етеміз. Ер есімі – ел есінде мәңгілік сақталуы қажет...

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Әмірхан Аружан

10-сынып, №19 М. Мәметова атындағы мектебі,

Мақтарал ауданы, ОҚО

Жетекші: Иманбердиева Райхан

Ешнәрсе де, ешкім де ұмытылмайды

Біз әрқашан да Жеңіс күнін аға буыннан Отанға
деген шексіз сүйіспеншілігінің, жастарды ерлік
пен патриотизм рухында тәрбиелеудің
өлшеусіз өнегесі деп білеміз

Н.Ә. Назарбаев

XX ғасырдың тарихи беттерінде ең ауыр да қанды оқиға болып жазылған Ұлы Отан соғысында Жеңістің жалауы желбіреп, әні шырқалғалы 70 жылдай уақыт өтіпті. 2015 жылы елімізде ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойы атап өтіледі. Күнтізбеде ерекше мәнге ие осынау мерекені әлем елдері Ұлы Отан соғысы жылдарының қаһарлы жылдарындағы зор Жеңісі ретінде тойлайды. Сонау сұрапыл жылдарда тағдыр тезіне төтеп беріп, кескілескен ұрыстарда табандылық көрсеткен аталарымыздың ерлігі бүгінгі мен кейінгі ұрпақтың жадында.

«Кеңес Одағы» деген үлкен мемлекеттің миллиондаған халқымен бірге, Қазақстан да бұл сұрапыл соғыстағы жеңіске өзінің үлкен үлесін қосты. Қасиетті де қастерлі Отан үшін жан беріп, жанын пидә еткен шейіттерді жыл сайын еске алып, олардың рухына тағзым ету – біздің, кейінгі ұрпақтың ең басты парызы. Ойлап қарасақ, халқымыздың басына түскен 30-шы жылдардағы зұлматтан кейінгі қазақтың басына түскен екінші бір сұрапыл қырғын Ұлы Отан соғысы болғандығы ақиқат. Зұлмат соғыстың ауыр зардабын, ащы қайғысын тартпаған қазақ отбасы болған жоқ. Бұл соғыста біздің азаматтарымыз ерлік пен қаһармандықтың ең жоғары деңгейдегі үлгісін көрсетті.

Бүкіл әлемге тыныштық сыйлаған, қуаныш пен қайғы жасы қатар келетін Ұлы Жеңісті жақындатуға қазақ жауынгерлерінің қай-қайсысын атасақ та аңызға бергісіз ерлік істері халық аузында айтылып келеді. Даңқты қолбасшы, «нағыз жауынгердің тұлғасы» бола білген Б. Момышұлы атамыз, Кеңес Одағының II мәрте батыры атағын алған ұшқыш батыр Т. Бигелдинов, партизан Қ. Қайсенов, С. Нұрмағамбетов, Рейхстагқа ту тіккен Р. Қошқарбаев, генерал С. Рахымов, батыр апаларымыз М. Мәметова, Ә. Молдағұлова, Х. Доспанова, тағы сол сияқты есімі ерлігімен, қайсарлығымен танылған қандастарымыздың ерлігі жауыз фашизмнің ұлтшылдық геноцидінен бүкіл дүниежүзінің халықтарын сақтады емес пе?! Басқыншылардың «фашистік

армия жеңілмейді» деген аңызының күл-талқанын шығарып, жойқын шайқасқа немістің 50 танкісі қосылғанда танктер шабуылын қатарынан екі рет тоқтатқан 28 панфиловшы батырлардың ерен ерлігі мен қаһармандығы ешқашан ұмытылмақ емес және ұмытылмайды да. Соғыстың соңғы нүктесінің Қостанай облысында құрылған Кутузов орденді 150-ші Идрицтік атқыштар дивизиясының қатысуымен қойылуы да көп нәрседен хабар берсе керек. Тіпті батыр атағын ресми түрде алмаса да, соғыста әр қадам үшін шайқасқан қандастарымыз, боздақтарымыз «Батыр» деген атқа лайық деп есептеймін. Олар адамдардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан тойланатын ортақ қуаныш күні - Жеңіс күнін сыйлады.

Елдің басына үлкен қауіп пен қатер, алапат қайғы мен қасірет төнген сол бір ауызбен айтып жеткізгісіз ауыр уақытта оттан да ыстық Отан үшін от кешкен майдангерлердің көрсеткен өшпес ерлігін, қаһармандық өнегесін біз әрдайым мақтан етеміз. XX ғасырдың ең алапат шайқасы екінші дүниежүзілік соғыста қазақ жауынгерлері көп ұлтты Кеңес Одағы әскерлерінің арасында ерекше ерлігімен, қайтпас қайсарлығымен көзге түсті. Жеңіс күнін ерлігімен, табанды қайсарлығымен жақындатқан ардагерлер мен туып өскен ауылда да бар: Ұлы Отан соғысының ардагері, 1944 жылы мамырда Москва қаласын қорғауға қатысқаны үшін «За оборону Москвы» медалімен марапатталған, Ұлы Отан соғысы жылдары үш рет «За отвагу» медалімен наградталған Иманбердиев Нәлібай. Және де Ұлы Отан соғысына қатысушылар Садықов Әмзе, Спанов Әшір аталарымыз. Сол бір сұрапыл жылдары бұл аталарымыз өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, азаматтық борышын дәлелдеді. Олар - қанды майданда, қызу ұрыста ерлік көрсеткен «Шығыс ұлдары». Олар - туған елдің келешегін сақтауға өзіне міндет етіп алған ел намысы үшін майданға аттанған қарапайым қазақтың батыр ұлдары.

Ерлік – елге мұра, ұрпаққа үлгі. Ұлы Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Майдангерлердің иығына аса ауыр жүк түсіп, Отаны, елі үшін от болып жанды, оқ болып атылды. Қаншама боздақтар ұрыс даласынан қайтпай қалды. Арын – байрақ, намысын найза еткен ерлердің қаһармандығы аңызға айналды. Жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауы желбіреген қасиетті Жеңіс күнінде адалдық пен еліне деген жанқиярлықтың үлгісін көрсеткен қаһармандардың рухы алдында бас иіп, тағзым етеміз. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі мен елордамыздың гүлденуі де – осынау мерекенің жемісі. Ерлігімен тарих парағында өшпес із қалдырған аға буын алдында өлшеусіз қарыздармыз. Олардың есімдері халықтың жүрегінде мәңгі сақтаулы.

Көсемсөз шебері, ержүрек жауынгер Б. Бұлқышев «Шығыс ұлына хат» шығармасының соңында: «... Менің бұл жазғандарым болашақта біздің осы ұлы күресімізді зерттеушілердің қолына түсіп, үлкен істердің кішкене бір тетігіне тиянақ болуға жараса, менде одан басқа арман да жоқ; ол зерттеушілер

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

біз осы арпалыста жүргенде қайғыра да, жылай да, қуана да, күле де, кектене де білгенімізді ұғынса болғаны» деген арманы орындалды және орындала бермек деген сенімдемін.

Джетписбаева Алтынай

10 сынып, «Мырзакент» мектебі,
Мақтарал ауданы, ОҚО
Жетекшісі: Мұсабекова Алтынай

Соғыс – адам өміріндегі ең бір дүр сілкіндірерлік, жан түршігерлік оқиға. Бұл соғыс – өткен ғасырдағы ғана емес, жалпы адамзат тарихындағы алапат соғыс болып тарихта қалмақ...

Соғыс барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының барлығын жалмап жұтатын тажал.

Иә, содан бері жарты ғасыр өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ер жүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, энекей, жағада тұр,

- деп, тебіренген Мұқағали мұңында жұмыр басты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе, олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл сайын азайып бара жатқаны жаныңа ауыр бататыны сөзсіз... Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да, бұл - Ұлы мереке.

Ұлы Отан соғысының тарихының беттерін парактаған жан, адамзат баласы жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей – теңіз екенін байқар еді. Фашизмге қарсы майданға 2 миллионға жуық Қазақстандық аттанды. Оның 394 мыңы Отанына қайтпай қалды. Сұм соғыстың ауыртпалығы түспеген, қайғы – қасіретін тартпаған бірде - бір отбасы болмады. Бірінің әкесі, бірінің ағасы, енді бірінің жары қаза тапты.

Біздің Оңтүстік Қазақстан өңірінен де қан майданға мыңдаған бозбала мен бойжеткендер аттанды. Соның ішінде сол сұрапыл соғысқа аттанғандардың бірі – біздің ауылдың ардақты қариясы – Ердешов Ошантай еді. Атамыз 1922 жылы Асық – ата ауданында туып, 1936 жылы Мақтарал ауданының «Социалистік Қазақстан» колхозына көшіп келіп, сонда өсіп жетіледі. Елге қаралы хабар «соғыс басталды» дегенді естігенде, атамыз дер кезінде жиналып аттанар сәтте анасының қимастықпен қан жұтып қараған көз жанарынан тамған моншақ жастарды көргенде, іштей ашу атына мініп, бар қайрат – күшін жинап, анашым, елімізге тұтқиылдан келген фашистерді жайратып, елге жеңіспен ораламын –деп, өз – өзіне серт береді. Отан қорғауға аттанатын жастарды жұмылдырып жатқан аудандық соғыс комиссариатына барып, әскер қатарына тіркеуден өтеді. Әскери дайындық тынымсыз жүргізіліп, Ташкенттен пойызбен майданға аттанады. Атамыз соғыс майданында жүргенде кенеттен болған жарылыстан есінен танып құлайды. Таң қылаң ата бергенде, көзін ашып қараса, көз көре алмайтын дәрежедегі шаң – тозаң мен жарылған снарядтың қатты дауысы құлақты жарып жіберетіндей ащы еді. Одан бұрын қан майданның жан –жағында жатқан жауынгерлердің өлі денелерін көргенде, достарының қас- қағым сәтте оққа ұшып, мерт болғаны жанына өте ауыр батқанын айтты. Содан әскери госпиталға жеткізіліп, 2,5 сағат бойы ота жасалады. Ота жасалынып жатқан кезде шыбын жаны көзіне көрініп, қатты қиналған екен. Себебі ота мүлдем наркозсыз жасалыныпты. 1943 жылы сәуір айында бір аяғы мүлдем жарамсыз болып, балдақпен елге қайтады.

Сұрапыл соғысқа қатысқан атамыздың бірі – Сыпатай Мінтаев. Сыпатай ата жаз айларында біздің көшеде тұратын Еркін деген ұлының үйіне келетін. Әр келгенде менің атамды жанына шақыртып алатын, мен де бірге барушы едім. Сонда олар өткен күндерін есіне алып, ұзақ әңгіме құратын. Әңгімелерінде соғыс туралы айтқанда көңіл – күйі түсіп :

- Е, Алла, тыныштық болсын, - деп көп айтатын. Кейін соғыста көрген қиындықтарын баяндайтын. Сыпатай атаның киіп отырған костюміндегі бірнеше медаль, ордендерін көрдім. Мен үйге келген соң атамнан:

-Сыпатай ата бізге кім болады? - деп сұрадым. Атам:

- Ол кісі бізге ағайын атаң, елге құрметті адам. Соғысқа қатысып, елді қорғап, ерлік көрсеткен. Елге оралғаннан соң да колхозда бригадир болған.. Мақта шаруашылығын терең меңгеріп, көзге түседі. Күндіз – түні аттан түспей, егістік аралап еңбек еткен. Жаңа совхоздарды ашып, соңынан ел көшіп барып, жаңа жерлерді игеруге көп еңбегі сіңген азамат деді. Сыпатай ата жайлы көптеген мәліметке қанық болған мен есіме еріксіз оралған Сыпатай атамның сөздері, айтқан әңгімелерінің мағынасына үніліп қарасам, шынында да, соғыстың ауыр қасіретін көзімен көріп, басынан талай қиындықтарды өткізді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ендігі өмір «бейбіт өмір, тыныштық заман болсын» - деп тілеуі содан екенін түсіндім.

Ерлер есімі ешқашан ұмытылмақ емес. Мектебіміздің мұражайында Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлердің портреттері, өмірбаяны, соғыста алған медаль, ордендері сақталған. Мырзашөл өңірінен шыққан ардагерлер атап айтқанда: Қадырбеков Мұхтар, Баюшев К.Я., Баженов Н.А., Кононыхин В.Ф., Демидов А.Н., Ругушина И.В., Чдербаев Б.К., Ердешов Ошантай, Сабанов В.И. Мұражайдағы әрбір соғыс ардагерлерінің өмірі өз алдына бір тарих. Сондай – ақ сарғайған суреттер тұр. Онда мектеп алдында бүкіл мектеп мұғалімдері түсіпті, ортасындағы бейтаныс орыс апайды көріп атын оқысам, бұл Маршал Жуковтың қызы екен. 1991 жылы 17 мамырда біздің мектепке келген екен. Сондағы түскен фотосуреттерді көріп, тамашаладым.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің орасан зор үлесін қосты. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал шайқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жеткілікті.

«Ер есімі – ел есінде» демекші бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған ата – апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге күн нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Мен Ұлы Жеңіс күнімен Қазақстандықтарды құттықтап, осы шығарманы өз өлеңіммен аяқтағым келеді.

Мен соғысты жек көрем,
Мен соғысты жек көрем.
Адам жанын мың алған,
Бейбіт жатқан елді алған.
Тойымсыз қара ниетті,
Қан жылатқан жүректі,
Армандарды мұң еткен,
Жарық күнін түн еткен,
Мен соғысты жек көрем!

Дүйсенқызы Айдана

7 сынып, «Қоссейіт» жалпы орта мектебі

Шардара ауданы ОҚО

Жетекшісі: Жиренбпева Айнаш Төленқызы

Мың тағзым саған, майдангер!

Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағы халықтарының ерлік көрсеткен жылдары уақыт озған сайын алыстап барады. Сол сұрапыл қанды соғыстың аяқталғанына 70 жыл толғалы тұр. Осы соғыста ата-бабаларымыз ерлік көрсетіп, Отанымызды жау қолынан, қанды тырнағынан қорғап қалды. Соғыстың адамзат жүрегіне жазылмас жара салғаны, әлемді оқ пен отқа ораған зардабы әлі бар. Бұл шайқаста ажалдан тайсалмай жауға ұмтылған ерлер есімі тарих беттерінде мәңгі жазылып қалды. Бес жылға созылған соғыстың аяқталуын зарыға күткен халық арманының орындалғанын, қанды қырғынның аяқталғанын білдіретін соңғы нүкте Жеңіс еді. Бұл жеңіс осы күнге жетпей қыршынынан қиылған сан мыңдаған боздақтардың аманаты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ел басына төнген қаһарлы қатер сан миллиондаған кеңес адамдарын басқыншыларға қарсы күреске жұмылдырды. Қазақстан өзінің барлық өнімдерін майданға жіберіп отырды. Майданға Қазақстанның әрбір төртінші азаматы аттанды. Фашистік Германиямен соғыста 55 миллион адам құрбан болды. Кеңес адамдары басқа түскен қайғыны бірлікпен, татулықпен, жанкештілікпен жеңе білді. Ауылда қалған қарттар мен жас балалар, әйелдер күндіз-түні тыным көрмей «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» деп ұрандап, еңбек етті. Барлығы жеңіске жетуді армандады.

Біз соғысты көрген жоқпыз, бірақ бүгінгі күнде өзге мемлекеттердегі болып жатқан жантүршігерлік соғыстарды көре отырып, сол кездегі соғыстың халыққа тигізген зардабын, ауыр қайғысын, азабын жаныңмен сезе аласың. Қирап жатқан қалалар мен ауылдар, өрт жалыны, өлім көз алдына елестеп, үрейінді ұшырады. Аңыраған аналар мен балалардың көз жасын елестетсем, жаным түршігеді. Әр адамға сүйікті Отанынан, туған жерінен қымбат ешнәрсе жоқ. Бес жыл бойы қысы-жазы аптап ыстық күндерде де, қақаған аязды түндерде де «Отан үшін!» - деген ұранмен айбаттана, қайраттана елін қорғады. Біздің батыр бабаларымыз ұлан байтақ жерімізді, азаттығымызды ғасырлар бойы соңғы демдері қалғанынша қорғап өткен. Солардың өшпес ерліктері Ұлы Отан соғысы жылдарында да жалғасын тауып жатты. Қазақтың қаншама ұл-қыздары майданға аттанды. Шығыстың қос жұлдызы атанған Әлия мен Мәншүк апаларымызды, Талғат Бигелдинов, Мәлік Ғабдуллин, Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбайұлы сияқты батырларымыздың ерліктерін қалай атамасқа?! Мен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» әңгімесін оқи отырып, соғыстың әрбір отбасына төндірген ауыр қайғысын, ата-анасынан айырылған жас балалардың қазақ отбасыларына бөлініп берілуі, бір-бірінен ажырағысы келмеген туыстардың жан дауысы, ешқандай кінәсі жоқ неміс баласын ауыл болып жек көруі – барлығы да қаһарлы соғыстың зардабы деп білдім.

Жеңіс! Қандай керемет сезім! Отанға деген сүйіспеншілік әрбір майдангерге рух беріп, жеңіске жетеледі.

Бүгінде біздің Шардара ауданымызда 38 Ұлы Отан соғысының ардагері, 200 тыл еңбеккерлері бар.

Ардагерлеріміз Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халықтың ұрпағы.

Ел қорғаған батырларын баптай білген, қадіріне жете алған халықпыз ғой. Ардагерлерге деген ізет-құрмет үздіксіз жалғасуда. Аудан әкімінің тікелей ұйымдастыруымен «Шардаралық боздақтар» деп аталатын кітап жарық көрді. Бұл кітаптың бір-бір данасы ардагерлерге тарту етілді. Бұл жинақ кейінгі ұрпақтың жадында қалатындай, соғыстан оралмаған жауынгерлердің тізімі мен майдангерлердің ерлік жолы, жеңіске қалай жеткендігі жайлы жазылуымен құнды.

Санаулы уақыттан соң Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Барша қазақстандықтардың ерліктері мен табандылықтарын ешқашан да ұмытпайық дегім келеді.

Дюсенова Фариза

7 сынып, "Т.Аубакиров атындағы жалпы орта мектебі"

Мақтарал ауданы, ОҚО

Жетекші: Сарыбаева Баян

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіпкүштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Москва, сенің іргенді
Ел, ер болып сақтаймыз
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін,
Саған қауіп төнгенде
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

-деп жазған Нүрпейіс Байғанидің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Биылғы жыл Кеңес Одағының батыры атағын кеш алған Бауыржан Момышұлы атамyzдың жүз бес жылдық мерейтойы жеңістің жетпіс жыдығымен қатар келіп тұр. Торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. "Ер

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

есімі – ел есінде”,- демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.
Ұлы жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

Ергеш Эленора

7 сынып «Қоссейіт» жалпы орта мектебі

Шардара ауданы ОҚО

Жетекшісі: Жиренбева Айнаш Төленқызы

Ерлікке тағзым

Ұлы Жеңіс күні – тек соғыс ардагерлерінің ғана емес, барша қазақстандықтардың айрықша мерекесі. Бұл сұрапыл соғыста жанқиярлықпен ерлік жасаған, елі үшін жанын құрбан еткен бабалар рухына тағзым етудің, ұрыстан аман келген ардагерлерге құрмет көрсететін күн.

Біздер, кейінгі ұрпақ, ата-әжелеріміздің алдында борыштармыз. Соғыстың қайғысы, қасіреті көп болды. Сондықтан Отан үшін жанын қиған жауынгерлердің ерлігі, еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейінгі еткен еңбектері еш уақытта ұмытылмайды. Ел егемендігінің, бейбіт өмірдің қалай келгенін ұмытпауымыз керек.

Ұлы Отан соғысының отты жылдарында немістер батыр, қайсар рухты қазақтың қаһарман ұлдарының бар екенін білмеді. Төрткүл дүниені ат тұяғымен дүбірлеткен даңқты бабалардың ұрпағы қарсы тұрғанын білмеді. Азаттық жолында қаншама қиындықтарды қабырғасы қайысса да, морт сынбайтынын, еңсесі езілсе де, рухы түспейтінін білмеді.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр.

– деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін ұлтаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Жыл өткен сайын Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қатары азайып бара жатыр. Бұрын кеудесіне жарқыратып орден-медалін таққан ардагерлерді жиі көруші едік. Тіпті екі үйдің бірін де «Бұл үйде Ұлы Отан соғыс ардагері тұрады» деген тақтайшалар қағулы тұратын. Қазіргі таңда біздің оқтүстік өңірде 500-ге жетпейтін ардагер қалды. Ер етігімен қан кешкен, ат ауыздығымен су ішкен сұрапыл соғысқа қатысқан ардагерлерді қалай ардақтасақ та артықтық етпейді. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жасымен, ерлігімен атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай еңіреп жүріп жауды жеңіп Отанына оралды. Сол рухты азаматтардың біздің «Қоссейіт» ауылында екеуі бар.

Олар: Сапарбаев Қожамұрат пен Серікбаев Жаппар аталар. Екеуінің де соғыс кезінде жасаған ерліктері үшін берілген орден-медалдары жетерлік. Қарт майдангерлердің жастары 90-нан асты, дегенмен көңіл-күйлері жаман емес. Немерелерін алдына алып, бар ақыл-кеңестерін айтып отырады. Бұл кісілер әділдігімен, іскерлігі және азаматтық парасат пайымымен, кісілік жарқын қасиеттерімен ел-жұртқа кеңінен танымал жандар.

Біздің бақытымызға асыл тұлғалы соғыс ардагерлерін көзбен көріп, дидактасу, қоян-қолтық араласып өмір сүру жазыпты. Бізден кейінгілер олар туралы әңгімелерді кітаптар мен басқа да басылымдардан оқиды, теледидардан көріп, радио тораптарынан ғана ести алады, интернет жүйелерінен ақпараттар алады.

Батырлар туралы естеліктер бізге отаншылдықты оятатын, намысымызды қамшылайтын, рухымызды асқақтататынымен қымбат. Мұндай қасиеттерді қастерлеп ұстай алсақ, ұлтымыздың рухы мықты болары сөзсіз. «Ер есімі – ел есінде», - дегендей бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған ардагерлер ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге күннің нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Есдаулетов Нұрсұлтан

9 сынып, №4 Абай атындағы мектеп-гимназиясы,

Мақтарал ауданы ,

Жетісай қаласы, ОҚО

Жетекшісі: Орбасова Қаракөз

Желбіре, Жеңіс туы!

Жеңіс күні-аса қуанышпен қарсы алатын мерекелеріміздің бірі. Қанша уақыт өтсе де, қилы өзгерістер болып жатса да, ұрпаққа ең ыстық мейрам болып қалады. 9-мамыр жеңіс күні-әр адамды толқытатын ерекше, аса қастерлі де айтулы күн.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні-соғыстан оралмай қалған жауынгерлердің рухына бас иіп, ал арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне бұрынғыдан да құрметпен қарап, олардың ерлігіне тағзым ететін күн. “Ер бақыты-ел қолында, ел бақыты-ерлер қолында”-деп батыр атамыз Бауыржан Момышұлы айтып кеткендей, ардагерлер-Қазақстан халқына бейбітшілік, тыныштық, бақыт, береке орнатқандар.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Еліміздің тарихында, жалпы әлем тарихында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімі өшпес ерліктерімен мәңгілікке жазылып қалды. Жалпы тарих үшін бұл аз ғана уақыт болса, адамзат өмірінде алатын орны ерекше. Қан майдан, сұрапыл соғыс жылдарында “Отан үшін отқа түс, күймейсің”-деген ұранмен шайқасқан бүгінгі күні санаулы қалған ардагерлеріміздің ерліктеріне бас иіп, құрмет көрсету бүгінгі мен келер ұрпақтың өтелмес парызы.

Сұрапыл соғысты басынан өткеріп, бізді жеңіске жеткізген ағаларымызды, бабаларымызды, сол жылдарда қиындыққа төзіп, тылдағы ауыр жұмыстарды атқарып, сонысымен Жеңіс күнін жақындатқан аналарымызды да мақтан тұтамыз.

Соғыс майдангелері Отанға деген шын сүйіспеншілігімен, ерліктерімен, қайсарлығымен, жігер-қайратымен ел қорғау сезімімен келер ұрпаққа үлгі болды.

Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген адамдар тұратын қала мен елді мекендерді тып-типыл етті. Сөйтіп, соғыс әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихында қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтарымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр-қайраттың, бірлігінің дәлелі. Соғыста қазақстандықтардан жасалған әскери бөлімдері ата-бабаның ежелгі қаһармандық дәстүріне адал болды. Сол бір сұрапыл да отты жылдарда “Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!”-деген ұранмен еңбек еткен тыл қаһармандарының ерлік істері де ешқашан ұмытылмақ емес.

Ұлы Жеңіске келер жылы 70 жыл толады. Жеңіс бізге аталарымыздың қанымен, аналарымыздың терімен келді. Ерлік ешқашан халық жанынан ұмытылмайды. Соғыс ардагерлерінің қатары жыл өткен сайын сиреп барады. 1941 жылы басталған, сұрапыл соғысқа 1 миллион 800 мыңға жуық отандасымыз аттанған болатын. Олардың жартысына жуығы майдан даласынан оралмады. Солардың бүгінде 100 мыңдайы “Ерлігі үшін” төсбегілерімен марапатталса, 500-ге жуығы Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Бүгінде Қазақстанда Ұлы Отан соғысының 6700-ге жуық ардагері бар.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да жарты ғасырдан да асты. Бұл ол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқасып, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл еңбеккерлері тойлайды.

Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты аналарымыз-өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін екі көзге ерік беріп, төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

пида еткен,туған-туысқандарына,жақын-жандарына,туған жеріне,ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреді.

Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ.Талай батырларымыз бен боздақтарымыз жеңіс жолында аянбай күресті.Жеңіс-ата-бабамыздың қанымен,күш-қайратымен келген ұлы дүние.Енді біздің міндетіміз-оны ұрпаққа жеткізіп,Жеңіс туын құлатпай,берік ұстау.Көк туымызды желбіретіп биікке көтере берейік.Ата-бабаларымыздың армандап өткен күніне біз жеттік.Барды бағалай білейік!Жеңіс туы желбірей берсін!

Ергеш Ердәулет

9 сынып, "Жаңа дала" жалпы орта мектебі, ОҚО,
Жетекшісі: Абдраманова Мадина

Ер есімі - ел есінде

Біз өлімге қарсы аттанамыз,саған атылған
оққа қарсы жүреміз. мұның бәрі сен үшін...
Баубек Бұлқышев

Жаңа социалистік қоғам құрылып, жаңа бағытқа бет бұрған шақта елімізге фашистік Германия опасыздықпен тұтқиылдан шабуыл жасаған кезде біздің көп ұлтты кеңес халқы Ұлы Отан соғысына көтерілді.

Жер-жердің бәрінде "Отан үшін алға!" деген ұранды алып майданға аттанып жатты. Ел басмына осындай ауыр кезең туған шақтың алғашқы күнінен бастап-ақ барлық әскери бөлімшелерде, қалалар мен ауылдарда ұйымшылдық, әскери әдет, темірдей тәртіп пен жауапкершілік дағдыны қалыптастыруға күш салды. Жауынгерлердің бәрі озық жауынгерлік қасиеттерге, адамгершілік және тұрақтылыққа, жұмыста, жаттығу мен әскери өмірде мақсатқа ұмтылушылық пен табандылыққа тәрбиеледі.

Қысқа мерзімнің өзінде-ақ "елім деп" соққан жүрегі бар жалынды жауынгерлер шыңдалып, "отан үшін отқа түссе де" күймейтіндей дәрежеге жетті.

"Қара ниетті құзғындардың" өз мақсаттарына жетуіне жол бермеуіне шыбын жандарын қиып, бір қасық қандары қалғанша аянбай күрескен ата-апаларымыз ел есінде мәңгі қалары сөзсіз-ақ.

Оқтан боран, оттан шымылдық құрып қойған жауға тек өжет те ер, батыл да қайратты жауынгерлер қарсы тұра білген. Елім деп езілген от жүрегі, бауырмал құшағы дарқан жауынгерлер өздерінің шынайы таза, уыз сезімін сол сұрапыл майдан шайқасына апарып салып, шыңдап, жорық сапарында ерлік,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

азаматтық қуат алды. Туған халқының атын ұран етіп шабуылға шыққан кезі, жауынгерлердің нағыз ер атағын таныта түскендей.

"Жаудың бірлігі күшінде болса, біздің күшіміз бірлікте" деп қараған жауынгерлер өздерінің кім үшін, не үшін соғысып жүргенін шын жүрекпен ұға білген азаматтар.

Ұлы Отан соғысы шын мәнінде біздің көп ұлтты кеңес халқы үшін аса үлкен, өте ауыр сын болды. 1418 күнге созылған бұл қатерлі айқаста Отанымыздың экономикалық қуаты, халқымыздың ерік-жігері, олардың саяси бірлігі мен моральдық күші сынға түсті. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып, Отанымызды шексіз сүйген халқымыз фашистік басқыншыларды ойсырата талқандап, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтап қалды. Адам баласының еркін дамуына, тәуелсіздігі мен бостандығына өріс ашты. Кеңес халқының бұл ерлігі мәңгі жасап, ұрпаққа ұран, елге мұра болып қала бермек.

Біздер ХХІ ғасырдың ұрпағы, осы аға-апаларымыздың ерен ерлігін өмірімізге үлгі-өнеге етіп алып өркендеп келеміз. Білім теңізінде жүзіп жүріп таныған жауынгер бабаларымыз Б. Бұлқышев, Б. Момышұлы, Қ. Қайсенов, Т. Тоқтаров, Р. Қошқарбаев, сонымен бірге қызғалдақтай қыз ғұмырын өлімге қиып, ел үшін жастығын құрбан еткен Әлия мен Мәншүктей апаларымыздың ерен ерлігі мен от жүректі қасиеттеріне қарап бой түзеп келеміз.

Атап өткен ата-апаларымыз бүкіл қазақ халқының мақтанышы болса, өз ауылымыздың мақтанышы қадірлі де құрметті бола білген Ұлы Отан соғысының ардагерлері Ш. Нұрымбетов, С. Асантаев, П. Төлеманов, М. Төлеманов Т. Қожамқұлов сынды аталарымыздың ерен ерлігін тамаша дастан, жыр-үлгі етіп келеміз.

"Ер есімі - ел есінде" деп дана халқымыз айтып өткендей "ер басына күн туып, етігімен су кешкен заманда" ерлік көрсетіп, болашақ ұрпағына, яғни біздерге, бейбіт заманның тізгінін қолымызға ұстатып кеткен бабалар есімі есімізден кетпек емес.

Мектеп қабырғасында тәрбиеленіп жатқан біздер, тәрбиенің алтын бесігінде тербеле жүріп бойымызға дамгершілік, Отанға адал қызмет ету, ерлік пен елдіктің тамаша сусынын сіңірген өскелең ұрпақпыз.

Бүгінгі таңда қолыма қалам алып, ерлік жасаған ерлер туралы ой қозғау, ерлердің ісін үлгі ету мен сияқты жас ұрпаққа үлкен міндет деп ойлаймын.

Өз ойымды:

Данасы мен батыры көп қазапын,
Көрген талай қияметін азаптың.
Көтеремін көк туымды шалқытып,
Жасай берсін тәуелсіздік, азат күн.
Жасай берсін бабалардың ерлігі,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жасай берсін еліміздің бірлігі!
деп қорытындылағым келеді.

Жақсылықова Айжан

10- сынып оқушысы, №22 жалпы орта мектебі,
Түркістан қаласы Оңтүстік Қазақстан облысы
Жетекші: Абуова Гүлраушан

Қолдарға ту ұстап біз өтсек,
Өмірдің бақшасын күзетсек.
Сойқанды соғыс - өрт, кіл апат,
Ол – қайғы, ол - үрей, алапат.
Бейбіт күн береке баршаға
Тыныштық, тыныштық - бір рақат!

- деп ақиық ақын М.Мақатаев айтқандай, бейбіт өмірге не жетсін! Ал сол бейбіт өмірге қалай жеткенімізді тарих қойнауына көз жіберсек, көп нәрсеге қанық болғандай боламыз. «Бүгінгі жаңалық – ертеңгі тарих» деген ұлы ғұламалар. Ендеше тарихтың бүгін болып өткені анық. Мен бүгін шығарманың арқауын, негізгі өзегін тарих атты бұлақтан нәр алған шәкірт ретінде айта отырып, шығарманың басын өзімнің туған халқыма деген, туған жеріме деген сезімімді сиясы кеппеген жыр жолдарыммен жеткізгім келеді.

Соғыс өрті шалмасын жерімізді,
Ешкім де таптамасын елімізді.
Діні таза халық қой қазақ деген
Жері түгіл сақтаған ақ көңілімізді.

Арғы тегім - түркі елі батыр халық,
Ел таныған тектілікті ұғым да анық.
Күлтегіндей батырды елге дәріптеген
Қазақтың басынан өткені - тұнған тарих.

Қазыбектей дана елді билеп, жарған топты
Әйтекедей әділ би елге ие бас болыпты.
Төле бидей дана туған төрелікті ту етіп
Тоқтатқан дау - дамайды болған мықты.

Қазағым, басыңнан түрлі зұлмат күн өткердің,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Азапқа толы небір күндерді де көп көрдің.
Соғыста шығыстың қос шынары болған олар
Әлия мен Мәншүктің ерлікпен өмірі өткен-ді.

Ата-бабамыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен елін, жерін қасық қаны қалғанша қорғап, артында қалған ұрпағын бейбіт өмірге жетелеп азаттық әперді. Бұл біздер үшін, жас ұрпақтар үшін - баға жетпес құндылық десек болады. Ал осы жеңістің белінен өтіп, бейбіт күнге жеткен бабалар ерлігін айтпасқа болмас.

Бүгінде сол алапат аты аңызға айналған Ұлы Отан соғысына да биыл 70 жыл толып отыр. Бүгінде азат ел, аман ел, өзге елмен терезесі тең ел, дамыған ел, ауызбіршілігімен танылған ел болғанымызға да 70 жыл толып отыр. Әрине бұл аз жыл емес. «Елу жылда - ел жаңа, жүз жылда - қазан» деген қазірде биліктің тізгінін ұстаған қара қылды қақ жарған билердің сара жолымен келе жатқан ақ патшамыз Елбасымыз бар. Патша отырар Ақордамыз бар, өз Заңымыз бар, арайлап атар ақ таңымыз бар. Бұдан асқан бақыт қайдан келіп қонады қолымызға?! Алайда Ұлы Отан соғысы ешбір шаңыраққа өрт шалмай қойған жоқ. Аналарымызды сүйген жарынан, балаларды асқар тау әкесінен айырды. Өмірдің шапағын сөндіруге жол ашты. Алайда тектілік пен батырлық, қайсарлық пен қайраттылық қатар тоғысқан халық болған соң, қазақ елі тізе бүге қоймады. 1941 жылы 22 маусым күні Германия қазақ еліне тұтқиылдан соғыс ашады. Содан қан майдан басталып, барлық иісі қазақ халқы майдан отына түседі.

Қаз дауысты Қазыбек би: «Біз – қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз..» - деп, кезінде найза ұшына үкі тағып, жауын басындырмай бағындырғанын айтып кетсе, дәл сол қайратты елдің ұрпағы да берілмей, өз дінінің мықты, ділінің берік екенін дәлелдей алды.

Соғыста қазақ батырлары өзінің елі үшін, жері үшін көп тер төкті. Жамбыл сынды қазақ ақындары соғыстағы ерлерге рух, жігер беру үшін «Ленинградтық өренім» атты жырын шығарып қазақтың қайратын қайрағандай болды. Бұл өлең достық ұраны іспеттес болды. Ал өз ұлы Алғадай ерлігі неге тұрады?! Ол Сталинград шайқасында ерлікпен қаза тапты. Бауыр еті баласына арнап «Алғадай туралы жыр» өлеңін жазып, баласының ерлігін бабалар ерлігінің жалғасы деп жұбатты қайғысын.

Сонымен бірге іргелі шайқас Москвада Брест қамалын қорғаушылар қатарында қазақстандықтар К.Әбдірахманов, Қ.Иманқұлов сынды батырларымыз да шайқаста ерлікпен қаза тапты.

Қазақтың батыры әрі отты жазушысы Бауыржан Момышұлы «Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық» деп қайратты елді азаматтық іс жасауға шақырып отырды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғыста нәзік жанды әйел азаматы да ерліктен тыс қалған жоқ. Шығыстың қос шынары Әлия 54-ші атқыштар бригадасының мергені мен Мәншүк 100-ші қазақ ұлттық атқыштар бригадасының пулеметшысы қызметін атқарып жеңіске үлес қосты.

Ал ол жеңіс осындай қайтпас халықтың ұрпақтарының арқасында 2 мамырда Берлин қаласы алынады. Қазақтан шыққан батыр Рахымжан Қошқарбаев Рейгстахқа ту тігеді. Сонымен, 1941 жылы 8 мамыр күні Германияның тізе бүккендігі туралы Шартқа қол қойылады. 9 мамырда Қазақ елі Жеңіске жетеді.

Бұл күн – азаттықтың арайлап атқан күні.

Бұл күн - елімнің шаттыққа батқан күні.

Бұл күн - елімнің мерейлі күні.

Бұл күн - жерімнің кеңейген күні.

Бұл күннің өзі – тарихта қайталанбас ерліктің белгісі, өрліктің белгісі болған күн. Міне, Сол Ұлы Жеңіске 70 жыл толып отыр.

Мен осындай бабалар жалғасын келер ұрпаққа үлгі болғанын мақтанышпен айта аламын.

Мен осындай қазақ деген қаны таза, жаны таза, ары таза, жайсаң халықтың ұрпағы екеніме шүкіршілік етемін. Мен осындай дархан елде өмір сүріп жатқанымға тәубе қыламын. Мен осындай батыр халықтың ұрпақ жалғасы екеніме және маған да елімнің бір үмітін ақтар азаматы болуға лайық екеніме сенемін. Мен – азат елдің азаматымын. Елім аман, бейбіт заманнан ешқашан қол үзбейік дегім келеді.

Шығармамды қорытындылай келе, М.Мақатаев атамыздың мына бір шумақ өлеңімен аяқтағым келіп отыр.

Тіршілік тұтқасы – күн сөнер,

Дегенге айтыңдар, кім сенер?

Әлемде тыныштық тұрса егер,

Біздерміз өмірге нұр себер!

Мен барша қазақстандықтарды Ұлы Жеңістің 70 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Жанұзақ Аружан

10 сынып, № 11 Б.Момышұлы атындағы мектебі,

Арыс қаласы, ОҚО

Жетекшісі: Елтаева Жазира

**Жүректерде жазылған жылдар
(Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай)**

Соғыс бұлты төбемізден төнгенде,
Қайсарлықпен есін жиды ел демде.

Отан үшін отқа түсті, кернеп кек,
Туған жерді оңай жауға берген бе?

И.Шығайыпұлы

Көк әлемнің астын дүбірлетіп, Жер-Ананың сай-сүйегін сырқыратқан Ұлы Отан соғысы талай боздақтардың өмірін қиып, қаншама отбасына нәу-бет әкелді. Қаншама адам із-түзсіз жоғалып, жылы ошақтарды табыт ызға-рымен есеңгіретіп, жетімдік пен жесірліктің құрығына ілді. Олар – елі үшін балалық дәуренімен апыл-ғұпыл қоштасып, сұр шекпенге оранған, он сегізін-де от кешкен, Отан үшін жанқиярлық күрестің бел ортасында болған жауынгерлер. Олар – жұлдызды жеңіс жолын жүрегіне жазу қылған, Ерліктің, Елдіктің киесіне айналған майдангерлер. Олар – жастығының жалынды шағын оқ пен оттың ортасында өткізіп, өмір үшін өлімге бас тіккен қаһармандар.

Біз сұрапыл соғысты көрген жоқпыз. Соғыстан кейін туылған ұрпақ-тың маңдайына жазылған ең үлкен бақыт осы шығар?! Тарихтың айрықша беттері болып қалған зұлмат жылдар жауынгерлердің жан жүрегіне жазылмас жара салғандай. Азабы мен арпалысы көп сол соғыс бір мың төрт жүз он сегіз күн мен түнге созылған еді. Ажал оғына кеудесін қарсы ұстаған ардақты ардагерлер тар жол, тайғақ кешу күндерінің теңдесі жоқ тарихи тұлғалары болып қала бермек.

Адал жарды аяулысынан, асыл ананы жалғызынан айырған бұл соғыс-тағы жеңіс салтанаты оп-оңай келген жоқ. Бүгінгі күні 70 жыл толғалы отырған ұлы Жеңіске біздің еліміздің де үлкен үлесі болғанын айтпауға болмайды.

Күле, шаттана білетін, қуана, күрсіне білетін еңселі еліміз ел басына күн туғанда, жер үстіндегі жазықсыз тіршілікті қорғауға деген шексіз махаббатымен тың бір қайратқа мінгендей жігерленді. Миллиондаған қазақстандық бір кісідей, өз еркімен соғысқа аттанды. Қазақстан майданға экономикалық жағынан да зор үлес қосты. Қорғасын мен мыс, мұнай мен көмірдің үлкен бөлігін майдан даласына жіберіп отырды.

Гитлер «Аз уақыттың ішінде Мәскеуді, Ленинградты алып, Оралға өтем, Азия ұрыссыз бас иеді» дегенде, бізді адамға санады ма екен? Ол Азия ұлдарының алып қимылдарын көргеннен-ақ бізді мойындаған жоқ па? Әлгіндей сөз айтқан немістер енді қара шашты, қара көзділерден өлердей қорықты. Біздің елін сүйген ерлеріміз қалайша жауға туған жерді қолдан берсін? Олар ел намысы үшін, ер намысы үшін жан қиюға дайын тұрды. Осы жерде менің ойыма 7-сыныпта өткен Б.Бұлқышевтің «Шығыс ұлына хат» деген көсемсөзі еріксіз түсті. Қазақ жауынгерлерінің кекті сөздері әлі есімде. «...Жастық шақ бізге бір-ақ рет берілмеп пе еді? Сол кезімізді әлдеқайда түнерген қара күш жұлып әкетпекші. Ол жастықтан айрылсақ, қайтып орала ма? Оралмайтынын біз жақсы білеміз. Міне, сол қымбат шағымызды фашистер тонап алғысы келеді, балдырғанды бақшаға өрт салғысы келеді. Біз осыған кектенеміз...»

Иә, олар намысшыл, кекті Қобыланды мен Ер Тарғын, Абылай мен Амангелділердің тұяғы емес пе? Ал олардың соғыстағы ерлігі ата дәстүрінің жалғасы іспеттес.

Бүгінде қара жерді дөңбекшітіп, жазықсыз жандардың жүрегін қан жылатқан, біздің ер жүректілігіміз бен қанға сіңген қаһармандығымызды әлем алдында тағы да бір әйгілі еткен екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 70 жыл толғалы отыр. Ерліктің салтанатты жеңісіне осынша-ма уақыт өтсе де, ол қантөгісті басынан кешірген аға ұрпақ пен бүгінгі ұрпақ соғыс салған азап пен қасіретті күні бүгінге дейін ұмытқан емес және бұл еш уақытта көмескіленуі мүмкін емес. Осы сөзімнің айқын дәлелі ретінде елімізде түрлі іс-шаралар атқарылып жатыр. Жеңісті жақындатқан-дардың есімі ел есінде мәңгі қалсын деп, Шымкент қаласындағы «Абай» саябағында «Даңқ» мемориалы орнатылды. Бүкіл Оңтүстік Қазақстан облысынан соғысқа аттанған, оралғаны, оралмағаны бар, барлық асыл азамат-тардың есімі «Алтын» әріптермен жазылды. Бұл біздің келешек ұрпақ алдындағы елділігімізді, егемендігімізді тағы да бір дәлелдеп тұрғандай. Сол кездегі ел жағдайын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Менің көз алдыма өртенген үй мен шырылдаған сәби, жүректі ысқылаған қайғымен аралас ыза мен кек оты жанарынан жалын боп атқан азаматтар елестейді. Отбасының тіреуі, шаңырақтың иелері от оранған алғы шепте жүрсе, ауыл-да қалған аурушаң азаматтар мен етегіне сүрінген қарияларымыз да қарап қалмады. Олар тыл жұмыстарында аянбай еңбек етіп, ерліктің небір үлгі-лерін көрсетті. Өзіне артылған ауыр жүкті жауапкершілікпен көтеріп, жауынгерлердің сенімді көмекшісі бола білді. Жан аямай еткен еңбектің жемісі жеңіс арқылы көрініс тапты.

Жауынгерлердің намысын қайрау үшін ақын-жазушыларымыздың да қосқан үлесі мол болды. Батыр рухын аспан-дата көтерген Жамбыл бастаған жыр алыптарының өлең-жырлары жүрек қанымен жазылғандай еді. Жаны нәзік әйелдер мен аруларымыз да тыл жұмыстарына белсене атсалысты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Олардың қолынан шыққан тоқыма кеуде-ше мен жылы шұлықтар жауынгер саптарына жіберіліп жатты. Өз сағыныш-тарын сарғайған хаттармен басып, соны медеу етті. Кейбіреулерінің қолына қара қағаз тигенде, көкірегі қарс айрылды.

Сол ауыр жылдарда ауыл шаруашылығы миллион тонналап бидай, тонна-тонна ет, әскер мінетін үйір-үйір жылқысын берді. Соғыстағы он оқ-тың тоғызы бізден шықты. Біздің еліміздің қандай іске болсын ұйымшыл-дықпен жұмылып, белсене кірісуінің бар сыры – Отан ісіне шынайы беріл-гендігінде деп ойлаймын.

Майдангер сапына қосылып, жанқиярлық ерлік көрсеткен миллиондаған қазақстандықтың бес жүзге жуығына Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Олардың ішінде екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын – Т.Бигельдинов, Л.Беда, Д.Павлов, С.Луганский иемденді. Ауыз толтырып айтарлық мақтанышымыз – осы бес жүз батырдың ішінде өзіміздің алақан-дай Арысымыздан алты батырдың болуы. Олар: Садық Смайылов, Нағи Ілиясов, Бейсен Онтаев, Берген Исаханов, Иван Журба, Ережепбай Молдабаев еді. Бұлардың барлығы да – Арыс өңірінде туылып, балалар үйінде тәрбиеленген жандар. Арыс өңірі – батырлар мекені. Өйткені:

Алпамыс пен Қобыланды батырлар,
Шыққан алып Алатаудай батылдар.
Өлкем менің – батырлардың әлемі,
Алты арысым – бұл сөзімнің дәлелі.

Өзекті өртейтіндей өкініш – осы азаматтардың ішінде қайтпас қайсарлықтың үлгісіне айналған, аңыз адам – Бауыржан Момышұлы атамыздың болмауы. Бұл абыройлы атаққа ес біліп, етек-жеңіміз жиылған, өз-өзімізді таныған сәтте ғана, 1990 жылы қолымыз жетті. Ер атағын нағыз Ерге халқы әперді.

...Алтын да, алмас та емес жалтылдаған,
Бір сый бар, аға, саған тартылмаған!
Ұрпақтар аңыз етіп айта жүрер,
Сыйдан да он есе артық даңқың маған...

-деп, ақиық ақын Мұқағали Мақатаев жырлағандай, Бауыржан атамыздың батырлығы майданда-ақ мойындалып қойған еді. Сондықтан да мен Бауыржан Момышұлы атындағы мектепте оқып жатқанымды әрдайым мақтан етемін. Бауыржан Момышұлы туралы мына бір өлеңімнен үзіндіні мың мәрте қайталап айтқым келеді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Мақтан етем Бауыржан Момышұлын,
Бір елге емес, әлемге таныс ұлын.
Батырлығыңа бір сенің қайран қалам,
Тірісінде-ақ айналған аңызға адам!

Менің жанымға бататыны – Отан үшін от кешкен аға ұрпақ өкілдерінің қатары уақыт өткен сайын сиреп келе жатқаны. Ал туған елінен жырақта, жат жердің топырағын жастанып, қайсыбірінің жүзі де жабылмай, қыршын кеткен боздақтарымыз қаншама десеңізші?! Сезім бар еді, төзім бар еді оларда! Олар соғысқа ең жақсы жылдары – жастық шақтарын, асқақ арма-нын, тулаған қызуын, балауса ажарын, махаббат пен қайталанбас сұлу сәт-терін құрбан етті. Шығыстың қос шынарына айналған Әлия мен Мәншүгі-міздің, ұшқыш апамыз Хиуаздың ерліктері неге тұрады?! Олар – біздің мәңгілік мақтанышымыз! Елінің ертеңі үшін еткен аға ұрпақтың ерен ерлігі ешқашан ескірмейді!

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқанда, шешуші кезеңде шешіліп іс атқарған, жеке басының қамы үшін емес, Отанымыз үшін қасық қаны мен жанын пиде еткен талай-талай боздақтар алдында, бүгінде көзі тірі ардагерлеріміз алдында біздер мәңгі қарыздармыз! Мың тағзым сіздерге, майдангер ұрпақ!

Жұмабай Маржан

11 сынып, Т. Рысқұлов атындағы жалпы орта мектебі
Түлкібас поселкесі, Түлкібас ауданы, ОҚО
Жетекшісі: Молдабаева Гүлжан

Ер бақыты ел қолында, ел бақыты ерлер қолында

...Соғыс тұтас бір елдің шыдамы
мен мықтылығын тексереді. Тек бірлігі
мықты ел ғана бұл сынақтан сүрінбей өтеді.
Б. Момышұлы

Соғыс... Өмір мен өлім арасындағы шайқас па, жоқ әлде, адам қолымен жасалған тарихтағы ең үлкен қателік пе? Тарихқа көз жібере, адам тағдырларына үңіле отырып, мен, осы сұраққа жауап іздеп көрейін.

Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай: «...Соғыс туралы-соғыстың сыртында жүрген адам, немесе бағалап тұрған адам жаза алмайды, соғыс туралы- жауынгермен бір деммен дем алған, бір мақсатта шайқасқан ғана жаза алады. Сонда ғана ол әр жауынгердің, әр оқырманның жүрегіне жетеді.» Ал,

мен, соғыстың сыртында да жүрген жоқпын, оны бағалаған да жоқпын, мен, соғыстан кейін жарты ғасырдан астам уақыт өткен соң дүниеге келдім. Мен, не жазамын, қалай жазамын? Мен екі ғасыр арасындағы көпір болып, жүрегімдегі ақ қағазға түсірмекпін.

Әр нәрсенің екі жағы болады. Ақ-қара, немесе оң-теріс. Бірінші жағын алатын болсам, соғыс өмір мен өлім арасындағы шайқас. Өмірді жақсы, өлімді жаман деп нақты бөліп айта алмаймын. Себебі соғыс кезінде, сол заманда, біреулер өмір үшін алысты, біреулер өлім арқылы қиындықтардан қашты. Соғыста бір адам өз өмірін сақтау үшін біреудің өмірін қиды. Яғни, өмір мен өлім бір-бірін кезек-кезек жеңіп отырды. Адамдар екі оттың арасында қалды. Екеуіне барса да күйеді. Екі оттың бірі мәңгі жанады, бірі бірде лаулайды, бірде сөнеді. Бұл табиғи заңдылық.

Екінші жағын қарастырсам, ол адам қолымен жасалған қателік. Жоқ, қателік емес жауыздық та шығар. Мүмкін. Себебі мұндай үлкен қателікті жіберіп алу, бұл- жауыздық. Ал жауыз жалғыз емес, ол көп, ондайлар көп...

Соғыс қалай басталды? Ол бірден төнген жоқ. От бір сәтте-ақ лаулап жана алмайды. Шоқ жан-жағындағыларға әсер етіп оларды біртіндеп өртей бастайды. Міне, соғыс та осылай басталды. Саяси соғыс бірінші басталды. Бұл соғыс әскери соғысқа ұласты. Ал, ол болса өмір үшін күреске айналды.

Соғыс басталды. Әр жауынгер өз елі үшін, жері үшін, жаны үшін күресті. Соғысқа ер адамдармен иық теңестіре қыздар да барды. Майданға барғанда, әр адам үшін жаңа өмір басталды. Біреуі өз қорқыныштарын жеңуді үйренсе, біреуі тағдыр сынақтарынан өтті, ал бірі қайта тәрбиеленді, тағы бірі алға қарай бір қадам жасады.

Кинофилімдерде соғыстың саяси жағына және басты кейіпкердің батырлығына көп көңіл бөлінеді. Ал менің ойымша, ең маңыздысы әрі ең қиыны ол- адам өлтіру. Иә, ол оны жек көреді, ол оның жауы, оны өлтірмесе өзі өледі. Бірақ, біріншіден ол адам, екіншіден ол да өз елі үшін соғысуда, оның да өз отбасысы бар. Егер соғысқа қатысқандардың немесе қатыспағандардың біреуі сол «неміс» болып туылғанда, сонда тәрбиеленгенде сен де өз елің үшін соғысар едің. Сол елдің заңына бағынып, елің үшін жан беруге даяр болар едің. Сонда бұл не, қателік пе, жауыздық па?

Тарих парақтарын ақтаратын болсам, бұл соғысқа қазақ даласынан 2 миллионнан астам адам қатысты. Соның 497-сі Кеңес Одағының батыры атанды. Қазақстан Кеңес Одағының батыры атағын алғандар жөнінен үшінші орынды алды. Бірінші Ресей, екінші Беларусь, үшінші Қазақстан. Біздің елден соғысқа қатысқан батыр жауынгерлеріміздің ішінде менің жаныма жақын келгені ол - Мәлік Ғабдуллин болды. Себебі, ол батыр мен менің арманымыз ұштасты. М. Ғабдуллин - филолог, публицист. Менің де болашақтағы арманым-филолог болу. Оның осы салада сіңірген еңбегінің өзі

бөлек алып қарауға тұрар тақырып. Ал, қазір мен, батыр Мәлік туралы бірер сөз қозғасам деп едім.

Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндері Мәлік Ғабдуллин аса жауапты, майдан тағдырын шешетін тапсырмаларға жетекшілік жасаған. Сондай бір ауыр тапсырманың бірінде өзінің жауынгерлерімен бірге неміс қолының қоршауында қалады. Мәліктің алғыр ақылы, жауынгерлердің ынтымақ-бірлігі арқасында олар бұл тығырықтан шыға білді. Осы еңбектері үшін Мәлік Ғабдуллин атақты Панфиловтың өзінен мақтау алады. Өзінің қаталдығы мен берік мінезінің арқасында Мәлікті қатыгез соғыс батыр деп таныды. Батыр Мәлік өзіне қанша қатал болса, қарауындағы адамдарды да сонша жинақы, әрі әмірді бұлжытпай орындайтын халде ұстады.

Өзінің мүдессін ойламайтын, ақыл-парасат, сабырлық, әділдік, шыдамдылық, қайсарлық бойына берік ұялаған- Мәлік соғыста жауды қырудың, онан айласын асырудың әдісін аз уақытта шебер меңгеріп, жауынгерлерін де фашистермен шайқасқа жолбарыстай тайсалмай ұмтылуға баулуды өзінің басты парызы санаған.

Ерлік жолы атаусыз қалмады. Мәлік Ғабдуллин «Қызыл Жұлдыз», «Қызыл Ту» ордендерімен марапатталды. 1943 жылы Кеңес Одағының батыры атағын алады. Мәлік - әрі батыр, әрі жалынды сөз иесі, ұйымдастырушы, тәрбиелеуші. Ол жаудан беті қайтпаған, жанып тұрған от.

Мәлікке имандылық, кісіге қиянат жасамау, біреудің обалына қалмау, артық сөйлеп, сіңірген еңбегін артық бағаламау тәрізді ізгі мінездер тән. Ол естелігінде: «Мен майданда немістермен қолма-қол соғысқан адаммын. Көп - теген немісті атып өлтірдім. Біразын қан төбелесте бауыздап салдым. Жаудың оншақты танкісін гранаталармен қираттым. Күніге түнде осы әрекеттерім үшін ішімде аласапыран болады. Мен өзімді барлығын елім үшін жасап жатырмын деп жұбатамын» -деп жазады. Әрине, бір Кеңестер Одағының батыры жауға осыншама шығын әкелсе, әр-бір жауынгер елін осылай қорғаса, Ұлы Отан соғысы ертерек бітер ме еді.

Мәлік Бауыржан ағасындай темір өзек жауынгер болғандықтан, соғыстың қайраулы қылышы мойнынан төніп тұрса да, ұлтжандылығынан шегінбей, ел тізгінін ұстаған азаматтардың шен-шекпен жолында халқына осықара қарайтын мінезін ұнатпаған. "Хас жақсының белгісі — әрі мырза, әрі құл".

Жаны сұлу, ізетті де бекзат болмысыты Мәліктің шешендігі, батырлығы, мәрттігі қанында бар қасиет. Ағамыз көсіле бір құрған маслихатында: «Қарауылдың Құттымбет бұтағынан тараған қара қылды қақ жарған, Абылайды хан көтерген Қанай би, тілге келсе құтқармайтын, білекке келсе жығылмайтын айтқыш Бекболат, ақырған даусынан дұшпан сескенген Тілеу, Итқара сынды айбатты ерлер — менің ардақты бабаларым» - деп құпия бір сырдың көмейін көсеп қалса керек. Демек, «дүниеге келгенде адамның бәрі

бірдей, бірақ олардың арасындағы айырмашылық тәрбие нәтижесінде пайда болды» (Конфуций).

Мәлік ауыз әдебиетінің мәңгі сарқылмайтын қорын, үлгілерін жинау, жариялау ісін басқарады, жаңа зерттеулер, әдебиет тарихына жаңа тараулар жазды. Қазақ фольклорын зерттеудің ғылыми-методологиялық негіздерін айқындап берді. Сондай-ақ, «Менің майдандас достарым», «Алтын жұлдыз», «Майдан очерктері», «Сұрапыл жылдар», «Менің майдандас достарым», «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Қазақ эпосы» атты еңбектері жарық көрді.

Ол – мұхит. Мұхиттың теңізсіз, өзенсіз, мың-сан бұлақтарсыз өмір сүре алмайтынын мойындасақ, Мәлік те халқымен бірге жүріп, бірге тыныстамаса өзін судан шығып қалған балықтай, тартылған теңіздің орнында қалмаған кемедей сезінетін. Оның қарапайымдылығы – ұлылығы еді. Біреуге жақсылық жасамаса бұлты көшкен таудай құлазып қалатын, аралас-құралас жүргендерінің табысына, жақсы мінезіне, кісілігіне мерейі үстем болса немесе пенделігін, сорақылығын, әкіреңдеген қылығын, даңғойлығын, шенқұмарлығын сезіп қалса, табан астында бірер шумақ өленді суырып салып, «кейіпкерлеріне» табыс ете қоятын «өнерінен» қалған белгі мол. Мәлік ешкімнің жанын жараламай, сын айтқан, әзілімен «тісін батырған» адамымен кездесіп, көңілін жүрегінен ескен «алтын күрегімен» айналаған. Мәлік – ғажайып тұлға. Бұрынғы мен бүгінгі заманның асыл қасиеттерін бойына дарытқан дархан дарын иесі.

Бақыт-бағасын білетіннің ғана басында тұрады. Күллі өмірі майданда өткен Мәлік ағамыз, сол соғыс майданы, ғылым майданы, мансап майданы, қоғамдық-қызмет майданы, күнделікті адамдармен шүйіркелесе жүріп өмірде адам болып қалу майданы, ұстаздық майданының жеңімпазы боламын деп жұдырықтай жүрегіне Алатаудай салмақ артып келген.

Мәлік Ғабдуллиннің күллі ісі, рухы, жүріп өткен жолы, тағдыры, ниет – пиғылы, үлкен әріппен жазылатын тарих. Адамдық тұлғасы – жер басып жүргендерге теңестіруге келмейтін заңғар тау. Ол – қаһармандық, батырлық іс-қимылдарымен, терең ғылыми ізденістерімен, ұстаздық, санаткерлік ерен еңбегімен, қаламгерлік қабілет-дарынымен, жан дүниесінің кіршіксіз мөлдір тазалығымен, кісілік мейірім-қасиеттерімен, ақыл-парасатымен өзгешеленетін тарихи тұлға. Алдыңғы толқын-ағалар, кейінгі толқын-інілер, кейінгі толқынның мықтылығы, берендігі, ірілігі, кенен, дарабоздығы алдыңғы толқыннан қалған өнеге, дәстүр, бәрі-бәрі осы заманның адамдарына үлгі. Намысты қайрап, Хантәңірінен асыратын да солар жеткен биік бізге өнеге. Мәлік Ғабдуллин тағылымы бізді биік тауларға бастап, терең ойдың соңына телміртіп салып жібереді. Мәлік-батыр, ұлы тұлға. Біз, жас ұрпақ, онымен мақтануымыз керек, үлгі-өнеге тұтуымыз керек. Мәлік бізбен де, келер ұрпақпен де замандас. Ол біздің жүрегіміздің түбінен орын алған батыр.

Соғысқа қатыспаған адам мен оған қатысқан адамдардың соғыс туралы пікірлері екі жаққа кетеді. Әрине одан бері 70 жыл уақыт өткен соң әр заманның адамы әр түрлі ойлауы мүмкін. Жеңген жақ туралы да, жеңілген жақ туралы да ойлары екі жаққа кетеді. Бұл әңгімені бастауымның да үлкен себебі бар. Бірде әкем дастархан басында орыс ұлтының өкілімен сөйлесіп отырды. Әр түрлі мәселелерді қозғады. Ол Германияға алты рет барып қайтқанын айтты. Немістердің өзін-өзі ұстауы, тәрбиесі, күн тәртібі, менталитеті туралы сөз қозғады. Бір сәтте соғыс туралы әңгіме басталып кетті. Петя ағай: «Егер Ұлы Отан соғысында Германия жеңгенде не болар еді? Қазіргідей біздің елде зұлымдық пен тәртіпсіздік болмас па еді? Біз қатал тәртіпте өмір сүрер едік» - деді. Үлкендердің сөзіне араласуға болмайтындығын білсем де, мен ол әңгімеге араласып кеттім. Әрине Петя ағайдың айтқан сөздерінің шындығы да бар. Себебі, мен қазір Германия еліне қызыға қараймын. Біздің елде ондай тәртіп жоқ. Бірақ, олар соғыста жеңгенде біз тілімізден, дінімізден, тіпті ұлтымыздан айырылып қалар едік. Ең бастысы ол адамның тәуелсіздігі, елдің тәуелсіздігі емес пе? Тәуелсіздік – елдің ең құнды байлығы. Оны біз қадірлей де, қастерлей білуіміз керек. Міне, бұл менің ойым.

Соғысқа мектепті жаңа бітірген бозбала мен бойжеткендер де сұранып барды. Аналар балаларын майданға жіберді, әйелдердің ерлері соғысқа аттанды. Біреуі әкесіз, бірі баласыз қалды. Бұл соғыс қатыгездіктің белгісі. Соғыс ұлттар арасындағы достықты кішейтті. Біреуді құлатты, біреуді жылатты. Әр елге, әр адамға, тигізген өзіндік әсері болды. Бірақ, жеңген елге де, жеңілген елге де оңай тиген жоқ. Әрқайсысы өзіне қымбат нәрсені жоғалтты. Соғыс қатыгез, ол қателікті кешірмейді. Сұрапыл соғыста аталарымыз бен апаларымыз қасық қаны қалғанша отан үшін күресті. Біз олардың еңбегін еш етпей, еліміздің үлгілі, білімді, патриот азаматы мен азаматшасы болуымыз керек. Өзіміздің біліміміздің арқасында бұндай соғысқа, қаттелікке ешқашан жол бермеуіміз қажет. Ұлы Отан соғысының ардагерлері болсын, Ауған соғысының ардагерлері болсын, біз оларға мәңгілік қарыздармыз. Бір ғұлама айтқан екен: «Мен үшінші дүниежүзілік соғыста қандай қару қолданарын білмеймін, бірақ бұл соғыстан кейін адамдар қолына шоқпар мен найза алып жүреді. Біздің заманымыздан бұрынғы кезең келеді», - деген екен. Отанымызды көркейту де, құлдырату да өзіміздің қолымызда. Сондықтан бүкіл әлемді күшімізбен емес, білімімізбен мойындатуымыз керек.

Мен барша соғыс ардагерлерін Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толуымен шын жүрегімнен құттықтаймын! Ардагерлеріміздің денсаулықтары мықты болсын, ғұмырлары ұзақ, бейбіт болсын. Әрдайым бізге үлгі-өнеге болып жүре берсін. Соғыс деген ешқашан қайталанбасын. Басымыздан тәуелсіздігіміз, бейбіт заман арылмасын. Ардагерлер біздің сарқылып бара жатқан байлығымыз. Сондықтан әр адам соғыс ардагерлеріне қарыздар, әрі оларға әрдайым басымызды иуге тиіспіз.

Зұлпыхар Айдана

9 сынып №114 жалпы орта мектебі ОҚО

Мәңгілік өшпес отты жылдар

Міне, осымен биылғы жылы ұлы жеңіске 70-жыл толып отыр. Тәуелсіз еліміздің өрендері Егеменді еліміздің жалынды да жігерлі жастары мен 1418 күнге созылған соғыста «Елім, жерім деп төккен соғыс ардагерлері! Міне, Жеңістің 70 жылдығын тойлап өткізгелі тұрмыз. Жеңіс ... Иә оны сан миллиондаған адамдар төрт жыл бойы минуттап, сағаттап сарыла күтті емес пе? Ақыры олардың үміті мен сенімі ақталды, тілектері орындалды. Бірақ сол Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында талай миллиондаған асыл адамдар мерт болды. Жаумен жан аямай шайқасып, ерліктің ерен үлгілерін көрсетті. Фашистердің тұтқын лагерінде қаншамасы өлтірілді. Ал тыл да қалған қарттар мен жас балалар соғыстың қайғы-қасіретін арқалай жүріп, бірде аш, бірде тоқ, тынбай жұмыс істеді. Бірақ ешкімнің де сағы сынбады. Олардың бойындағы отаншылдық сезім, қолына қару алып сапқа тұрған ұлт өкілдерінің тізе қосқан бірлігі мен ерлігі. Ендеше осы биылғы тамаша Жеңістің 70 жылдық мерекесіне жеткізген, ер жігіт етігімен су кешіп Сұр шинелді төсек етіп, ақ қар, көк мұз жастанып, жаумен шайқасқан асыл әкелер мен әз ағаларымыздың, абзал азаматтарымыз бен есіл ерлеріміздің батырлығына тағзым етіп үлкен алғысымызды білдіреміз. Жеңіс күні біздер үшін ерекше мейрам болып саналады. Осыдан 70 жыл бұрын фашисті тас-талқан қылып қиратпағанда осындай бейбіт өмірде тәуелсіз күн кешуіміз екі талай болатын. Сол тыныштықты күзетіп ұрпақ тағдырын ойлаған алтынның сынығындай болып арамызда жеңіс күнін тойлауға ерекше ықыласты соғыс ардагерлеріне мәңгі бас иеміз.

Ыза кернеп көкірекке дерт болды,
«Отан үшін жанын пида!» серт болды.
Күңіреніп құлазыды құба бел,
Сұм соғыста қанша боздақ мерт болды.

Батыр Бауыржан Момышұлы атамыздың аузынан далаға ұран болып тараған, ұлағат болып жеткен «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген асқақ рух бүгінгі ұрпақтың санасында бүршік жарсын, жүректерінде махаббат от болып лауласын.

От кешкен Отан үшін ардагерле

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ел үшін ту ұстаған кемеңгерлер .
Ішінде қызыл-жоса қанды шайқас
Ерлікпен құрбан болды талай ерлер.

1941 жылы ССРО территориясына неміс- фашист басқыншылары опасыздықпен басып кірді. Қауіп төнген шақта жерлестеріміз ерлік пен қаһармандықтың үлгісін көрсетті. Қанды майданда кеудесін оққа тосып Отан үшін жанын пида етті. 8-Гвардиялық атқыштар дивизиясы құрамында 28 Панфиловшы батыр Мәскеу түбінде бүкіл дүние жүзін таңқалдырған ерлік жасады. Қазақстандықтар София мен Варшаваны , Бухарест пен Белградты , Будапешт пен Венаны , Праганы , жүздеген , мыңдаған қалалармен селоларды азат етуге қатысты. Қазақ жауынгерлерінің майдандағы ерлігімен тапқырлығы, жауынан тайсалмайтындығы мен сұстылығы достарымызды сүйсіндіріп, дұшпандарымызды күйіндірді. Мәскеу түбіндегі шайқаста саяси жетекшісі В.Г. Ключков басқарған бөлімше 28 панфиловшылар жаудың 50 танкісіне тойтарыс беріп асқан ерлік көрсетті. 1941 жылы 17 қарашада дивизияға « 8-ші гвардиялық» деген атақ беріліп , кейінірек « Қызыл Ту», «Ленин» ордендерімен, ал Риганы жаудан азат еткені үшін « Екінші дәрежелі Суворов» орденімен марапатталды. Бұл шайқаста ерлік танытқан 28 жауынгер « Кеңес Одағының Батыры» атағын иеледі. Сонымен бірге Волоколамск түбінде үлкен ерлік көрсетіп қаза тапқан талантты қолбасшы , қаһарман командир И.В .Панфиловке «Кеңес Одағының Батыры» берілді. Қазақстандықтар шын мәнінде жартылысы батыр , ерлік дәстүрі қалыптасқан ержүрек екендігі дәлелденді. 1942 жылы ауқымы жағынан адамзат тарихында болып көрмеген Сталинград шайқасының отты қазақ жалыны қазақ даласында шарпыды. Қазақстанда жасақталған әскери құрамалар мен бөлімдердің көбі Совет –Герман майданның аса жауапты учаскелерінде болып, жауынгерлік ерлік пен әскери табандылықтың қатал сындарын сүрінбей өтті. 470- ке жуық Кеңес Одағының батыры» атағы қазақстандықтарға берілді, соның 96-сы қазақ болатын. Соғыста ерлермен бірге әйелдер де болды. Олар ұшақпен көкке самғады, танк жүргізді, пулемет арқалады, ұрыс даласында мергендік көрсетті. Батырлық, ерлік қазақтың қанында бар. «Тегінде бар тек жатпас» деген, сол халықтың ұрпағы ерліктің небір үлгілерін көрсетті. Сұм соғыста жеңіске жету жолында жауға қарсы ұмтылған батырларымыздың есімі мәңгі ұмытылмайды. Бұл соғыс адамзат баласы үшін өте зор қырғын майдан болды. Қазіргі деректерге сүйенсек : бұл соғыста қаза болғандар саны 56 млн, оның ішінде біздің отандастарымыз 20 млн астам құрбан болған деген дерек бар. Соғыс тек қана қасірет әкелді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

1945 жылдың 9- мамырында бүкіл адамзат аңсаған 1418 күнге созылған соғыс Жеңіспен бітті. Сұрапыл соғыс адамдардың жүрегіне жазылмастай жара салды. Қаншама ошақтың отын өшірді, қаншама орман өртеніп, қаншама қала күлге айналды. Қаншама әйел «қара қағаз» алып жесір атанса, балалар әкелерінен айырылып жетім атанды.

1941-1945 жылдардағы соғыстың ерлікке толы қаһарлы жылдары барған сайын бізден алыстап тарихқа кетіп барады. Соғыс жалыны басылғанына 70 жыл өтсе де оның өртінің лебі әлі сезіледі. Жеңіс күні бізге ең алдымен бейбітшіліктің бағасын ұқтырды. Миллиондаған адамның өмірімен қолымызға тиген 1945 жылғы Жеңіс күні бізге қымбат. Біз соғысты көрген жоқпыз. Бірақ ата-әжелеріміздің әңгімелерінен соғыстың не екенін түйсініп жанымыз түршігеді. Болашақ өмір ұрпақ үшін жанын қиған ата-бабамыздың ерліктері ғасырлар өтсе де ұмытылмастай тарихқа қалды. Соғыс ұлы сын мектебі, ерліктің мектебі, батырлықтың мектебі болды, соғысқандар үшін ғана емес, соңғы келер буындар үшін де мектеп. Соғыс кезіндегі Кеңес адамдарының сан қилы ерліктері- жас жүректерді шыңдайтын тәрбие мектебі. Қан майданның төрінде жаумен жанын қия айқасқан батырлардың рухына мәңгілік тағзым етеміз.

Ағалар саптан шықпасын,
Аналар қабақ шытпасын.
Бақытқа жетіп бар адам,
Сәбилер тыныш ұйықтасын

Ибадулла Динара

8 сынып, №4 Абай атындағы мектеп-гимназиясы,
Мақтарал ауданы, Жетісай қаласы, ОҚО
Жетекшісі: Тастанбекова Бағлан

Ерлікке тағзым

Жаңғыртып ән мен аспан кеңістігін,
Халқымыз қуанышты тегіс бүгін,
Жауды жаншып, Отанды азат еткен
Құрметтеп қарсы алады Жеңіс күнін.

-деп ақын жырлағандай, біз үшін Жеңіс күнінен асқан қымбат мереке жоқ. Әрбір көктем сайын осынау ұмытылмас күнге-1945 жылдың 9 мамырына қайта ораламыз.

Ұлы Отан соғысы-бұрынғы Кеңес Одағы тарихының ең сұрапыл кезеңі. Бұл соғыс қазақ тарихында да үлкен орын алды. Өйткені фашист

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

басқыншыларына қарсы қазақ боздақтары да соғысқа аттанды. Сол бір отты жылдарда жүрегі «Отан» деп соққан әрбір жанның алға қойған мақсаты тек қана елін жаудан қорғап қалу болатын. Соғыста жеңіске жетіп, жеңіс туын желбірету оңайға соққан жоқ. Соғыстың бес жылы әрбір шаңыраққа қасірет әкелді. Бірақ қаншама қиыншылық көрсе де халқымыз соғыста жеңіске жетті. Соғыс 1418 күнге созылды. Бұл шайқаста қазақ боздақтары қыршыннан қиылды. Мысалы: Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова. Соғыста қайсарлығымен, ерекшелігімен, мергендігімен ерекше көзге түскен Мәншүк Мәметова болатын. Мәншүк Мәметова Невель қаласын қорғау кезігінде ерлікпен қаза тапты. Қасындағы жолдастарынан айырылған Мәншүк үш пулеметті қатарынан қойып, жауды 3 сағат бойы жалғыз бөгеп тұрған. Невель қаласын қорғаудағы ерлігін мәңгі есте қалдыру үшін Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Әлия Молдағұлова 1942 жылы өз еркімен соғысқа аттанады. 1944 жылы Ленинград маңындағы елді мекенді азат етуге қатысады. Әлия алдыңғы шепте жүріп: «Отан үшін алға!» - деп, барлық жауынгерлерді соңынан ертіп жауға қарсы ұмтылады. Жаудың бораған оғына қарамастан қыстаққа бірінші кіріп, жаудың көзін жояды. Әлия жиырмаға толмаған қыршын жасында жау оғынан қаза табады.

1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия Кеңес Одағына опасыздықпен шабуыл жасады. Букил халық үшін ауыр кезең болды. Барлық жұмыс соғыс талабына сай ұйымдастырылды. Партизан отряды құрылды. «Бәрі де майдан үшін!» деген ұран тасталды. Еңкейген кәрі, өрімдей жас, еңбектеген балаға дейін елі, жері, Отаны үшін арпалысты. Батыстан қара құрттай қаптаған неміс танкілері мен жаяу әскері алға қарай ентелейді. Кеңес әскерлері күші басым жаудан қаймықпай, оқ жаудырып, тойтарыс берді. Сүттей аппақ дала қайыршының киіміндей жырым-жырымы шықты. Жау танкілері бірінен соң бірі қатардан шығып, фашистер жер құшып жатты. Арпалыса ұрысқа түскен панфиловшылардың ерлігі тарихта мәңгі жазылып қалды.

Тастар көкке атылды,
Орман шулап, тау құлап.
Жиырма сегіз батырды
Жеңе алмады жау бірақ,
Оқ астында зулаған
Туған жермен бір болып,
Жау алдында тұрады
Жиырма сегіз шың болып.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

1941 жылдың желтоқсанында генерал Панфилов бастаған Мәскеу түбіндегі Крюков станциясындағы шайқас Ұлы Отан соғысы тарихында үлкен бетбұрыс болған. Осы шайқасқа атамыз Бауыржан Момышұлы да қатысқан.

Бауыржан Момышұлы 1932 жылы әскер қатарына шақырылады. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен даңқты генерал-майор Панфиловтың басшылығымен жасақталған 316-атқыштыр дивизиясының құрамында болып, батальон командирі қызметін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарды.

Ұлы Отан соғысы жылдары КСРО 27 миллион азаматынан айырылды, 1710 қала қирады. Біз жауынгерлер 8 мамыр күні Берлинде фашистік Германияны ойсырата жеңді. 1945 жылы 9 мамыр күні «Жеңіс күні» деп белгіленді.

Қазір біз тәуелсіз мемлекет болдық. Еліміз өркендеп, дамып жатыр. Ұлы Жеңісімізге 70 жыл толғалы отыр. Арада қанша жылдар өтсе де соғыс салған жара әлі жазылған жоқ. Соғыс кезінде жақын адамынан айырылмаған отбасы кемде-кем. Еліміз егемендік алған тұста ғана Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев халықтың көп жылдар бойғы арманын жүзеге асырды.

Камалова Дияра

9 сынып , Е. Иззатуллаев атындағы жалпы орта мектебі,
Түркістан қаласы, ОҚО
Жетекші: Утешова Ләззат

Ұлы Жеңістің мұрагеріміз

Бүгінгі кеш мен үшін әсерлі өтті. Далаға төселген киіздің үстінде көп әңгіме айтылды. Әңгіме арқауы – әзірде ғана көрген «Бауыржан Момышұлы» фильмі. Ардагер атамның әңгімесі мен кино желісі менің көз алдыма сұрапыл соғыс зардабын елестетті. Әсіресе атамның соғыс жылдарында Бауыржан Момышұлының Москва түбіндегі шайқаста көрсеткен ерлігі мен Баукеңнің Сталиннің қабылдауында болғаны, «мен қазақпын» деп кеудесін керіп жауап қатқаны туралы әңгімесі көпке дейін құлағымнан кетпеді. Тіптен «Қазақ деген халықтың маңдайына жазған Баукеңдей тағдыры үшін Аллаға мың шүкіршілік етем. Қайталанбас сом тұлға ғой...» деп толқи айтқан сөзі мені тебіrentіп тастады. Содан Ұлы Жеңіс туралы кітаптарды ақтарыстыра бастадым.

Жеңіс! Осы бір сөздің астарында қаншама сыр бар?! Бұл сырдың ішінде қаншама қуаныш, қаншама көз жасы бар десеңші... Бүгінде осы Ұлы Жеңіске 70 жыл толу қарсаңындамыз.

Бұл жеңіс – Бауыржандай асыл ерлердің сөздерімен рухтанған азаматтарымыздың ел үшін, жер үшін төгілген қанымен, қызы мен ұлын жоқтаған ананың, ерінен айрылған жесірдің наласымен келген жеңіс.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бүгінгі ұрпақ – осындай ұлы мұраттың, зарықтырып жеткен қуаныштың, мөп - мөлдір Отаншылдықтың мұрагеріміз.

Қаһармандық! Халық қаһарманы! Хакім Абайдың «Сүйер ұлың болса, сен сүй, Сүйінерге жарар ол» дегеніндей халқы сүйген қаһармандар қаншама?! Бұл сөзді иелену кез-келгеннің қолынан келе бермесі анық. Бұл сөзді иемдену үшін азаматтықтың, елжандылықтың биігінен көріну керек болар. Бұл сөзді көтеріп жүру үшін еліңнің, халқыңның даңқын шығарып, абыройын асырған перзент болуың керек болар. Ерен ерлігімен даңқы әлемге жайылып, аты аңызға айналған бірегей қолбасшы, қарымды қаламгер, халқы сүйген қаһарман ұл, Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы осындай ұл еді.

Қазақ халқында «Ақын елдің еркесі, батыр елдің серкесі» деп ақын мен батырды айрықша қастерлейтін дәстүр бар. Баукеңде осы екі ұлы қасиеттің екеуі де бар еді. Ұлы Отан Соғысында қазақ халқының ұлттық батырына айналған Бауыржан Момышұлы бұлтта ойнаған жасындай Москва түбіндегі шешуші шайқаста қапияда ой тапқан, қараңғыда жол тапқан теңдессіз ерлігімен әлемді дүр сілкіндірді. Оның болмысының өзі ерекше еді. Ақын Қажытай Илиясұлының «Бүркіттей сесті, Бурадай сұсты түр - түсің, Барыңды салдың, Жаныңды шалдың ұлт үшін» дегеніндей, Баукең табиғатынан өте катал, нағыз әскери адам болған деседі. Баукеңнің бейнесі – патриотизмнің символындай. Батырдың өзі де халқына: «Адам болу – қасиет, азамат болу – міндет, ал патриот болу – парыз» дей келіп, «Өз ұлтыңды сүю – патриотизм, ана тіліңді ардақтау – патриотизм. Сондықтан, Отан үшін отқа түс – күймейсің!» деген дана сөздерін арнаған. Бауыржан Момышұлы халқы кеудесіне орден тақпай - ақ батыр атанған, яғни халық батырлығына сүйсінген адам. Қасіреті мен азабы мол Ұлы Отан соғысы басталысымен Бауыржан жанын арының садағасы санап, намысын ту етіп, ер мінезі мен өршіл рухын өскелең ұрпаққа үлгі етті. Ел шетіне жау келген шақта нағыз ерліктің биігінен көрінген қарапайым қазақ жігітінің ерлігі жайлы белгілі орыс жазушысы Александр Бек «Волокаламск тас жолы» повесін жазды.

Батыр ұл соғыстан кейінгі жылдарында қарымды қаламгер екенін танытып, халқына соғыс күнделігіндей тың туындылар сыйлады. «Москва үшін шайқас» атты шығармасы негізінде «Артымызда Москва» көркем фильмі түсірілсе, «Ұшқан ұя» романы үшін Баукеңе Қазақ ССР-ы Мемлекеттік сыйлығы берілді. Бауыржан Момышұлының батырлығынан да, қаламгерлігінен де халқын ерекше сүйген нағыз ұлтжандылықты, елжандылықты көреміз. «Еліміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан рухы өр тәні бекем» ата - бабамыздың биік рухын ту ғып ұстай білетін Баукеңдей ерлер барда, олардың ізбасарлары барда ашық аспанымызды бұлт шалмай, бейбіт елде баянды, бақытты ғұмыр кешеріміз хақ.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Иә, біз шын мәнінде бақытты ұрпақпыз. Қазақ жерінен майданға аттанған бір миллионнан астам Отандастарымыздың көре алмай кеткен, жете алмай кеткен, сезіне алмай кеткен тәуелсіз Отанда өмір сүрудеміз. Қазір біз «Еділді келіп алғаны Етекке қолды салғаны, Жайықты келіп алғаны, Жағаңа қолды салғаны» деп күңіренген Мөңке бидің аруағы тыныш тауып, «Күлдір – күлдір кісінетіп, Күреңді мінер ме екенбіз, Мұртымыз көкке шаншылып, бұрын да сөйлер ме екенбіз» деген Ақтамбердінің ұлы арманының орындалған заманында өмір сүрудеміз. Біз соғысты көрген жоқпыз! Біз қаншама ошақтың оты сөнгенін сезінен жоқпыз. Сондықтан да біз жүрегі ел деп соққан айбынды аталарымыз бен каракөз апаларымыздың бүкіл әлемді жаулауды мақсат еткен фашистік Гитлер әскерлерінің әрекетіне қасық қаны қалғанша тойтарыс беріп, жеңіс күнін жақындатқанын ұмытпауымыз керек. Олардың оқ пен оттың, өлім мен өмірдің ортасында жүріп, бізге осындай аспаны ашық, заманы тыныш, жарқын да бейбіт өмірді тарту еткенін ешқашан жадымыздан шығармауға тиіспіз. Әрбіріміздің жүрегімізде «Сен құрметте оны!» деген сезім жарқырап жанып тұруы тиіс. Сөзімді мына өлең шумағыммен қорытындылағым келіп отыр:

Ел қорғаған батырларды ән қылып,
Бейбіт елде атып жатыр таң күліп.
Жеңіс туын желбіреткен биікте,
Қарыздармыз біз сіздерге мәңгілік! - дегім келеді.

Кәрім Ұлжалғас

10 сынып №114 жалпы орта мектебі ОҚО

Ерлік ешқашан естен кетпейді

Әскерлер неміс шабуылын жүздеген шақырымға созылған, ұйымдаспаған күйде қарсы алуға мәжбүр болды.

1941 жылғы маусымның 18-інде КСРО-ның әскери теңіз флоты мен шекара әскерлері ұрысқа әзірлік жағдайына келтірілді. ЖШҚӘ-ге бұндай бұйрық тек маусымның 21-інде ғана берілді.

Сталиннің 1941 жылдың мамыр-маусым айларындағы әрекеттеріне талдау жасағанда мына жайттарды есте сақтау керек:

Мамырдың 5-інде Сталин әскери академиялардың түлектерінің алдында сөз сөйледі, ал содан кейін «сталиндік бейбітшіл сыртқы саясат үшін» жасалған тосқа былай деп жауап берді: «бейбітшіл саясат деген жақсы нәрсе ғой, бірақ біз енді әскерімізді қайта құрып болғаннан кейін, осы заманғы

шайқасқа сай келетін техникамен жарақтандырып болғаннан кейін, күшті болып алғаннан кейін, енді біз қорғаныстан шабуылға өтуіміз керек. Еліміздің қорғанысын іске асыра отырып, біз шабуылдайтын болуымыз керек. Қорғаныстан біз шабуылға өтуіміз керек».

Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағатында қорғаныс халық комиссары Тимошенконың және Бас штабтың басшысы Жуковтың атынан, Василевскийдің қолымен жазылған, қол қойылмаған бір қаитынас қағазы бар. Бұл қағаз 1941 жылғы мамырдың 15-інен бұрын жазылмаған. Қағаз Сталинге арналған, онда «Германия мен оның одақтастарымен соғыс болған жағдайға дайындық үшін Кеңес Одағының қарулы күштерін стратегиялық орналастырылуы туралы ұсыныс-пікірлер» келтірілген. Онда былай делінеді: «Германияның әскері сақадай сай дайындық күйіне келтіріліп, тылдары толығымен жазылып-дайындалғандықтан, ол қазіргі таңда бізге кенеттен шабуыл жасауы әбден ықтимал. Осыны болдырмау үшін және неміс әскерін талқандау үшін біз герман қолбасшылығының алдын алып, неміс әскері енді ғана орналасып, әлі майдан және әскер түрлерінің өзара істесуін ұйымдастыра алмайтын кезінде алғашқы соққы беруіміз керек деп ойлаймын». Одан әрі әскери қимылдардың жоспары баяндалады:

«Бірінші кезектегі мақсат — Висла өзенінің шығысында және Краков бағытында орналасқан герман әскерін талқандап, Наров, Висла өзендеріне жетіп, Катовице аумағын иемденіп алу. Ол үшін мыналарды істеу қажет: а) Германияны оңтүстік одақтастарынан ажырату үшін Оңтүстік-Батыс майданның күштерімен басты соққыны Краков, Катовице бағытында жасау керек; ә) Варшава әскер тобын байлап, Оңтүстік-Батыс майданға көмек көрсету үшін қосымша соққыны Батыс майданның солтүстік қанаты Седлец, Демблин бағытында жасауы керек».

1965 жылы Г. Жуков әскери тарихшы В. А. Анфиловқа мынаны айтып берді:

«Германияның шабуылының алдын алу туралы ой Тимошенко екеуімізде Сталиннің 1941 жылғы мамырдың 5-інде әскери академияларды бітірушілердің алдында біз енді шабуыл жасайтын болуымыз керек деп сөз сөйлегеннен кейін пайда болды. Қарсылас біздің шекараларымыздың маңында өз әскерін шоғырландырып жатқанда Сталинның осылай сөз сөйлегені бізді алдын ала соққы беру туралы директива дайындау керектігіне сендірді. Құжатты дайындау жұмысы А. М. Василевскийге тапсырылды. Мамырдың 15-інде ол директиваның дайын жобасын қорғаныстың халық комиссарына және маған тапсырды. Бірақ біз бұл құжатқа қол қоймадық, алдымен оны Сталинге көрсетуді ұйғардық. Неміс әскерлеріне алдын ала соққы беру туралы ести салысымен ол бұлқан-талқан болып ашуланды. «Сендер немене, немістерді арандатқыларың келе ме?» — деп қорс ете қалды. Біз КСРО-ның шекарасында

калыптасып отырған жағдай туралы, оның мамырдың 5-індегі сөйлеген сөзінде айтылған ойларға негізделгенімізді айттық... «Мен бұны сондағыларды жігерлендіру үшін ғана, олар бүкіл дүние жүзінің газеттері айтатын неміс әскерінің еш жеңілмейтіндігі туралы емес, жеңіс туралы ойласын деп қана айттым!» — деп Сталин барқ етті. Осылай алдын ала соққы беру туралы жоспар аяқсыз қалды...» Жуков дәл осындай оқиғаны әскери тарихшы Н. А. Светлишинге де айтты.

Бұрынғы партия мұрағатында Бас саяси басқарманың жетекшісі А. Щербаковтың уақыты 1941 жылғы маусымның басы деп көрсетілген әскери-саяси пропаганданың жай-күйі туралы директиваның жобасы бар. Оның ішінде тағы былай делінеді: «халықаралық жағдай мейлінше шиеленісті, біздің ел үшін әскери қатер бұрынғыдан да төне түсті. Бұл жағдайда «бөтен елдің жерінде өз елімізді қорғау» деген лениндік ұран кез келген мезетте іс жүзіне асырыла алады. Кеңес Одағының өміріндегі орын алған түбегейлі өзгерістер осындай.

Елде орнаған осы жаңа жағдай партия ұйымдарынан Қызыл Әскерді және бүкіл кеңес халқын жалынды патриотизм, революциялық батылдық және дұшпанға қарсы жойқын шабуыл бастауға әрқашан дайын болу рухында тәрбиелеу үшін партиялық-саяси жұмысында түбегейлі бетбұрысты талап етеді». (документ № 512)

1941 жылғы маусымның 13-інде С. Тимошенко пен Г. Жуков Киев ерекше әскери округының басшыларына 1941 жылғы шілденің 1-іне дейін барлық «тереңде орналасқан» дивизиялар мен корпус басқармаларын мемлекеттік шекараға жақынырақ орналасқан жаңа лагерлерге жылжыту туралы директива шығарды. Осы сияқты директива сол кезде Батыс ерекше әскери округының басшыларына жіберілді. (документы № 549 и № 603)

Маусымның 14-інен 19-ына дейін шекара маңы округтарының басшылары маусымның 22-23-іне дейін майдандық (армиялық) басқармаларды далалық пункттерге шығару туралы бұйрықтар қабылдады.

К. Рокоссовский былай деп жазған: «Біздің авиацияның алғы шептегі аэродромдарда шоғырландырылуына және орталық маңызы бар қоймаларды майдан маңындағы аумақта орналастырылуы алға секіріс жасауға жүргізілген дайындық сияқты болып көрінді де, әскердің орналасуы мен әскерде жүргізілген шаралар соған сәйкес болмады».

Б. Шапталов бұл жайттарды былай түсіндіреді: Сталин 1941 жылдың шілде-тамыз айларында неміс әскері Ұлыбританияға десант операциясын жасап, басып кіреді деп күткен болатын. Осындай операция жасала салысымен Сталин Польшадағы неміс әскерлеріне соққы беруді көздеді.

Әскер шабуыл қимылдарына дайындалып келгендіктен және ауқымды әскерлер мен қоймалар шекараның маңында орналастырылғандықтан, бірақ артиллерия әлі де полигондарда болып, авиация дала аэродромдарында

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

сиретіліп орналастырылмағандықтан, 1941 жылғы маусымның 22-сінде шекара маңындағы әскери округтардың әскерлері тиімді қорғаныс ұйымдастыруға мүмкіндіктері болмай, шекара маңындағы ұрыстарда тез талқандалды.

Алдын алу соғысына дайындық туралы болжам Басқа мағыналар үшін, [[Тағы қараңыз Алманияның Кеңес Одағына алдын алу соғысы туралы болжам]] деген бетті қараңыз.

Сталиннің Германияға қарсы шабуыл жасауға дайындалып келгендігі туралы болжам алғаш рет Һитлердің КСРО-ға шабуыл жасағаннан кейін Германия халқына сөйлеген сөзінде және Германия елшісі Шуленбургтың Молтовқа тапсырған ресми нотасында айтылды. КСРО жеріне басып кірудің алдында Кеңес Одағы Германияға шабуыл дайындап жатыр деген қауесет герман әскерлерінде жүгізілген насихаттың бір бөлігі болды. Вермахттың бір жауынгері сол оқиғаларды былай еске алады:

«Соғыстың басында бізге насихатталған басты ой мынау болды: «Ресей келісімді бұзып, Германияға шабуыл жасайын деп жатыр. Біз тек жылдамырақ әрекет еттік». Сол кезде бұған көп адамдар сеніп, Сталиннің шабуылының алдын алғынымызды мақтан тұтатынбыз. Арнайы майдан газеттерінде бұл туралы көп айтылды. Біз соларды оқып, офицерлерді тыңдап, сенетінбіз» — Һелмут Клаусманн, 111-ші жаяу әскер дивизиясы.

Кемалбекова Жанар

10 сынып, Мақтарал ауданының мамандандырылған
дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты,
Жетісай қаласы, ОҚО
Жетекші: Бектемісова А.Қ.

Жарқырай бер, бейбітшілік аспаны!

Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Махамбет

Біз ХХІ ғасырда, тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп жатырмыз. Біздің мемлекетіміз - әлем таныған мемлекеттердің бірі. Қазақстан осы дәрежеге жету үшін көп қан төкті. Сол елі үшін, жері үшін қан төккен азаматтар мен азаматшалардың арқасында, біз қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүрудеміз. Еліміз жылдан-жылға көркейіп, даму үстінде. Оған себепкердің бірі – Елбасымыз. «Басшысы қандай болса, халқы сондай

болады». – деуші еді. Бұл нақты айтылған мақал сияқты. Қаншама батырлар мен ел қорғандарының арқасында, тәуелсіз Қазақ елі атандық.

Біздің осыншама даму үстіндегі елде өмір сүріп жатқанымыз - үлкен жетістік. Себебі, осы осы өмірді аңсаған адам көп болды. Қаншама батырларымыз ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып, жауға шапты. Тіпті Желтоқсанның ызғарлы желін де басынан өткізді. Олар қазақ халқының жарқын болашағы үшін, азаттық үшін, теңдік үшін күресті. Тәуелсіздік жолында, қазақ елі нені өткермеді?! Әрине, еліміз басынан небір қиын-қыстау күндерді өткізді. Оған төзімділік пен шыдамдылық, жігерлілік пен намысшылдық арқасында жетіп отыр. Мысалы, Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстар, Ұлы Отан соғысы, Ресей империясының зорлық-зомбылығы және Желтоқсан оқиғалары. Бұл тек қана XIX ғасыр мен XX ғасырдың аралығы емес пе?! Одан алдыңғы соғыстар мен шайқастарды айтар болсам, романнан да көп 5-6 томдық кітап шығар, сірә!

Міне, осындай даңқты халықтың арқасында, біз үлкен жетістікке жеттік. Сол құрбандардың ерліктерінің арқасында, көк аспанда азаттық жалауымыз желбіреді. Сол батырлардың арқасында, біз тәуелсіз елде өмір кешудеміз. Жақында Ұлы Жеңістің 70 жылдығын тойламақпыз! Бұл күнге жетпеген әлі қаншама ел бар. Сондықтан, біз осы өмірімізге ризамыз әрі бақыттымыз! Өйткені қазірде еліміз жылдан-жылға көркею үстінде. Қазақстан кең-байтақ ұлан-ғайыр жерді алып жатқан мемлекет. Жер қойнауы байлыққа толы, таулары аспанмен таласқан, суы мөлдір, шөбі шүйгін, адамдары қонақжай. Міне, осындай елде тұрып жатқанымызға қалайша қуанбауымыз керек?!. Еліміздің одан әрі гүлденіп, дамыған елдердің қатарына қосылуын тілейміз!

Ашық аспан астында, тәуелсіз, бейбіт елде мекен еткен бізде арман жоқ шығар, сірә?!. Әрдайым тек мәңгі бейбіт өмір кешіп, тәуелсіздік туы желбірей берсін! Жарқырай бер, бейбітшілік аспаны!

Осымен ойымды тыяйын,
Елімді өзгеге қалайша қияйын?!
Тәуелсіз еліміз тұрғанда,
Мен қалай бақытты болмайын?!

Қонысбек Анеля

10 сынып, «Арман» гимназиясы,
Шымкент қаласы, ОҚО

Жетекші: Тайтелиева Гулмира Әбдіхайымқызы

1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия Кеңес Одағымен жасаған келісімді бұзып, тұтқиылдан, соғыс жарияламастан, мықты жасақталған

әскерімен шекараны басыпкірді Жер бетінде болып өткен соғыстардың ішіндегі ең қатал әрі ауыр соғыс басталды. Сол сәттен бастап Кеңес халқының Ұлы Отан соғысы, яғни Отанын шетел басқыншыларынан азат ету соғысы басталды.

Сол бір сурапыл соғыс Қазақстаннан мыңдаған километрлер алыста болса да, оның зардабын барша қазақстандықтар кешті. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500- дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Кеңес Одағының батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейгстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар. Қазақстандықтар тек майдандарда ғана емес, жау тылында да шайқасты. Елдің басқа халықтарымен бірге олар жау

уақытша басып алған аумақтардағы партизандық қозғалысқа қатысты. Украинаның партизандық құрамалары мен отрядтарында (толық емес деректер бойынша) 1500, Ленинград облысында 220-дан астам қазақ шайқасты. Қазақтар Отан үшін, фашистерге қарсы бағытталған соғысқа аянбай қатысты. Қазақ халқының мақсаты ол соғысты жеңіп, тату-тәтті өмір сүру болды. Елімізде 2 млн-нан астам міндетті әскери даярлықтан өтті. Майдандағы қызыл армия қатарына 1200000 жуық қазақстандық аттанды. Майданға қажетті әскери кадрларды даярлау ісі тылда қарқынды жүргізілді. Соғыс болып жатқан өңірлерден Қазақстанға әскери оқу орындары көшірілді. Онда соғысқа қажетті әскери офицер даярланды. Қазақстандық жауынгерлер әскери училищеде оқыды.

Соғыс тек майдан даласында ғана емес, тылда да жүріп жатты. Неміс басқыншылары Кеңес Одағының батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына қыруар кәсіпорындар жайғастырылды, мыңдаған адамдар қоныс аударылып, көшірілді. Оған қоса, жаңа өнеркәсіп

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

нысандарының құрылыстары жеделдетілді. Соғыстың алғашқы жылдарында Қазақстанда көптеген кен орындары пен шахталары, кен байыту фабрикалары, көмір шахталары, жаңа мұнай кеніштері мұнай өндеу зауыты іске қосылды. Соғыс жүріп жатқан жерлерден және майданға жақын аймақтардан зауыт пен фабрикалар, кәсіпорындарын Қазақстанға көнііру жүргізілді. Ол кәсіпорындар өте қиын жағдайда жұмыс істеді. Ауыл шаруашылығының жағдайы да өте ауыр болды. Жұмысшылар саны кеміді. Ер азаматтар жаппай майданға аттанып, негізгі жұмыс күші қаусаған шал кемпір, әйелдер мен бұғанасы қатпаған бала шаға болды. Шұғыл түрде ауыл шаруашылығына мыңдаған әйел механизатор даярланып аттанды. Осындай жұмыстардан кейін тылда еңбек еткен жұмысшылар ерлігі аңызға айналды. Соғыс жылдарында Ы.Жақаев, Ким Ман Сам, Ш.Берсиев, В.П.Кривич атты адамдардың ауыл шаруашылығындағы еңбегін зор бағалады. Қызыл армияның әрбір жеткен жеңістеріне қазақстандықтардың да үлесі көп болды. Соғыс жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға миллиондаған рубль жинап берді. Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Елімізастық, картоп және көкөніс, ет, сүт, жүн берді. Малшылар да аянбай еңбек етті. Соғыс жылдары Қазақстан елдің шығысындағы негізгі мал шаруашылығы базасына айналды. Соғыс жағдайларында техниканың жоқтығынан миллиондаған бас малды жемшөппен, әсіресе қысқы жемшөптің қосымша қорларымен қамтамасыз ету аса қиын міндет болды. Республикамыздың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды. Көбейт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылып, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім де қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті. Ұлан-ғайыр қажырлы еңбектің арқасында Қазақстан экономикасы Кеңес Одағының Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңісін қамтамасыз етуге өзінің лайықты үлесін қосты. Кеңес Одағының батыс өңірлерінен көшірілген халықпен күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды. Ұлы Отан соғысы 5 жылға созылды. Майдан даласында мыңдаған қазақстандықтар қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекеленген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде.

Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Көшербай Рабиға

11 сынып, №123 мектебі, ОҚО

Жетекші: Байменова Перизат

Ұлы жеңіске 70 жыл

Ұлы Отан соғысы Жер бетіндегі тіршілік атауының бәрін жалмап жұтқан ажал, сұм соғыс. Осы аяқ астынан басталған арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер тарапында болды. Қазақ елі басына күн туғанда саз кешетін жауынгер халық. Бұл соғыстан қайғы қасірет әкелмеген отбасы болмады. Бірі аяулы анасынан, бірі асқар тау әкесінен айырылып, қаншама боздақтар қыршыннан қиылды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған шайқас жоқ. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін жетті. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына деген патриоттық сезімін дәлелдеді. 500 ден аса жетістіктеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Әлия, Мәншүк, Бауыржан, Қасым, Тоқтарлардың ерлігі жастарға өнеге. Олардың жауынгерлігі аңызға айналды. Соның ішінде девизия командирі болған Бауыржан Момышұлы, өзінің ұрыс жүргізу тактикасымен бүкіл әлемді таңқалдырған. Нұркен Әдіров, Сұлтан Баймағамбетов, Қарсыбай Спатаевтың есімдері арқашан мақтанышпен айтылады. Бұлардың барлығына Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Кеңес Одағының Батыры атағын 2 рет алған даңқты сұңқарларымыз Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Леонид Беда және Иван Павловтың ерліктері ешқашан ұмтылмайды. Бұл есімдер соғыс тарихынан мәңгілік орын алады және қазақ тарихында бұл есімдер мәңгілік алтын әріптермен жазылады.

Қазақстан жеңіс үшін орасан үлес қосты. Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында есі жаңа кіріп келе жатқан жас баладан жасы жүзге келген Жамбылда өз үлесін қосты. 900 күн қоршауда болған Ленинградтың жауынгерлерге Жамбыл атамыз «Ленинградтың өренім» атты жүрек жарды жырын арнады.

Қазақ халқы соғыс майданына бидай, ет, жылқы, әскеру қару - жарақтарымен өз үлесін қосты.

Алғаш жеңіс дабылын қаққан қазақ Рахымжан Қошқарбаев болды. Рейхстан күмбезіне жеңіс туын тікті.

Ол келіп, қан жұтқан сол бір жылдар барған сайын аластауда. Майдан мен тылдың аты аңызға айналған ерлері барған сайын азая түседі. Бірақ олардың жасаған ерліктері ешқашан ұмтылмақ емес! 1945 жылдың 1 мамырына қараған түні Жеңіс туы желбіреді. Міне содан бері 70 жыл өтті. Бұл жеңіс 15 мемлекеттің Ұлы жеңісі.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сарғая күткен ұлы күн
Шұғыласы бүгін жарық етті,
Бағына талай миллионның
Баянды жеңіс күн жетті!
Ж.Сералин

Жеңістің арқасында осы 15 мемлекет бейбіт өмір сүруде. Қазақтай елдің басшысы президентің арқасында Қазақстан гүлденуде.

Қадырқұл Ұлмекен

10сынып, «Мақтарал ауданының мамандандырылған дарынды балаларға
арналған мектеп-интернаты» КММ
Жетісай қаласы Оңтүстік Қазақстан облысы
Жетекші: Бектемісова А.Қ.

Ғұмырың ұзақ болсын, Тәуелсіздік!

Ұлы Жеңіске - 70 жыл! Иә, сол бір ең бақытты күндер қазақ даласына да үлкен сый алып келді. Соғыс аяқталып, жүздер көрісті. Қанша қасірет әкелді бұл сұм соғыс. Өзге елдің құрамында болса да, жұдырықтай жұмылып, бір жағадан - бас, бір жеңнен қол шығарып, қайсар, өр ерлеріміз Жеңіс үшін барын аямады. Бұл – тек бір елдің емес, бүкіл Азия елдерінің жеңісі болды.

Жылдар өте бұл Жеңістің соңы Тәуелсіздікке ұласатынын кім білген?! Тәуелсіздік – ғасырлар бойы армандаған, күткен үмітіміз. Бұған жету үшін қанша нар тұлғалар қыршынынан қиылды. Жанын шүберекке түйіп, елі үшін, жері үшін қасық қаны қалғанша алысты. Тіпті сонау Асан қайғы бабамыздың өзі ешкім соқтықпайтын, жау шаппайтын, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» Жерұйықты іздеп, бүкіл қазақ жерін шарлады емес пе?! Сол арыстандардың арқасында көптен күткен бостандығымызды алдық. Сол Асан қайғы бабамыз іздеген Жерұйықта қазір біз өмір сүріп отырмыз деп нық сеніммен айта аламыз. Өйткені Астанадай дамыған, гүлденген, көркейген астанасы бар қазақ жері Жерұйық емей, немене?! Осындай бейбіт күнге жету жолында күрескен бабаларымызды қанша мадақтасақ та, қанша құрметтесек те аз. Себебі олар – өшпес, сөнбес тұлғалар және біздің азаттығымыздың негізін салушылар. Оларды ұмыту – үлкен күнә.

Тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ. Оған жету жолында ата-бабамыздың қаншама қан төккенін жоғарыда атап өттім. Бұл орайда тарихта аты қалған «Желтоқсан оқиғасын» да атап өтпей болмас деп ойлаймын. Өйткені, бұл оқиға бізді Тәуелсіздікке бастады ғой. Мұнда да жастарымыз ел тәуелсіздігі үшін аянбай күресе білді. Бұл тұрғыда Қайрат, Сабира, Ләззат, Ербол сынды аға-әпкелеріміздің ерлік істерін ешқашан ұмытпай, оларды үлгі ете білуіміз керек. Сол үшін оңайлықпен келмеген Тәуелсіздігімізді бағалау, келешегімізді

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жарқын ету өз қолымызда. Ешқашан өзгеге бас имей, өз тұғырымызды биік ұстайық!

Тәуелсіздігімізге 23 жыл болды. Жас әрі дамыған мемлекеттердің біріміз. Бірақ, осымен шектелмей, алға ұмтылуымыз қажет. Елімізді көркейтіп, көшбасшы елдер қатарына қосу – еліміздің бүкіл жастарының міндеті әрі мақсаты. Ел экономикасын көтеріп, техникалық ахуалын арттырып, дамытып, қалалар мен ауылдарды көркейтіп, елімізді танытсақ қана біз сол батыр бабаларымыздың үмітін ақтаған боламыз. Сондықтан, мен де өз елімнің гүлденіп-көркеюіне тамшыдай болса да өз үлесімді қоссам деймін. Ол үшін сабағымды жақсы оқып, жақсы білім алып, мектебімнің атын шығарып, болашақта жақсы маман болып, еліміздің дамуына үлесімді қоссам деймін. Өйткені, болашақ - жастардың қолында, ал жастар – келешек буын. Олар өсімдік сияқты. Қалай таптасаң, солай жемісін көресің.

Қорыта айтқанда, Асан Қайғы бабамыз іздеген Жерұйық осы еліміз – Қазақстан екенін естен шығармауымыз керек. Еліміздің Туы ешқашан тұғырынан таймасын! Әрқашан еліміз еңселі, Әнұранымыз айбынды, Туымыз тұғырлы болсын! Қазақ елінің жұлдызы әрқашан биіктен жарқырай берсін! Өз ойымды былайша қорытындылағым келеді:

Айым туып оңынан
Жеткізді Құдай Жеңіске.
Бағалы, қымбат бостандық,
Бермеспін, сірә, ешкімге.
Уәде берем, ақтаймын,
Кезі келсе, қай істе.
Мәпелеймін, сақтаймын
Көтеріп көкке – биікке!
Жырлары тасып, төгілсін,
Шат-думан болсын елімде,
Жыламасын жас бала,
Ұйықтасын еркін бесікте.
Керегеміз шайқалмай,
Тұғырым болсын биікте.
Күнім мәңгі жарық боп,
Сақтасын әркім жүректе!

Қансейіт Мөлдір

11 сынып, «Нұрлы жол» жалпы орта мектебі,
Нұрлы жол елді мекені ОҚО
Жетекшісі: Ф. Мултиқбаева

Ешкім де ешқашан ұмытылмайды

Соғыс – зұлымдық. Жазықсыз төгілген қан. Тарих жылнамасында өзінің қаралы, нәубет жылдарымен орын алған зұлматтың бірі - Ұлы Отан соғысы. Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Бұл-1941 мен 1945 жылдардың ғасырға татырлық аралығы болатын. Біздің қаншама батырларымыз 1418 күн мен түнді бастап өткізіп, соғыс ауыртпалығын көріп, қан кешіп, от құшып, қаншама қиыншылықтарды басынан кешірді. Тозақтың отына бетпе – бет келді.

Сұрапыл соғыс өзінің уытын шашпай қоймады. Ол үлкен қайғы мен қасірет әкелді. Ананы жалғыз ұлынан, отбасын - тірегінен айырды. Әйелді жесір етті, баланы жетім атандырған – осы зұлым соғыс еді.

1941 жылдың 22 – маусым күні таңғы сағат 4-те бейбіт жатқан елімізге фашистік Германия тұтқиылдан соғыс ашты. Шығыста таң шапағы жаңа ғана білініп жатқан кез болатын. Еңбек адамдары еш алаңсыз ұйқыда болатын, себебі, келесі күн жексенбі еді. Кенет батыстан қызылды – жасылды аттар шекара асып, жер дүниенің астаң - кестенін шығарды. Фашистік Германия қарақшылықпен Кеңес Одағының шекарасын бұзып, басып кірген еді. Олар күшті армия жинақтап, басқа халықтарды құлға айналдыру үшін соғыс ашты. Фашистер күзге дейін Кеңес Одағын талқандаймыз деп даурықты. Гитлершілер соғыстың бас кезінде бізге 190 дивизияны, 5000 ұшақты 3000 -дай танкті, 50 мыңнан астам зеңбірек пен минометті шабуылға шығарды. Суық хабар сол күні – ақ радио арқылы әйгілі диктор – Левитанның қуатты үнімен байтақ жерімізге түгел тарады. Ер азаматтарымыз өздері сұранып асығыс майданға аттанды. Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1 млн 870 мың қазақстандық қатысты. Брестті қорғауға 3000 қазақстандық жауынгер атсалысты. Неміс фашист армиясының түпкі мақсаты – Москваны басып алу еді. Арыстандай атылған 28 панфиловшы батырлар 50 танкке төтеп беріп, Москваны асқан қаһармандықпен қорғап, ерліктері Ұлы Отан соғысының тарихына алтын әріптерімен жазылды. Қасиеттер жеріміз, бейбіт жатқан еліміз, құлақ естіп көз көрмеген дүрбелеңді бастан кешірді. Фашистер 1710 қаламызды 70 мың селомызды 123 мың өндіріс орындарымызды қиратып, өртеп жіберді.

Отандастарымыз фашистерді 1945 жылы 9 - мамырда Берлинде тізе бүктірді. 1945 жылдың 8 мамырында Берлинде фашистік Германия жеңілгенін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

мойындап қол қойды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс жеңілдікпен келген жоқ, жауынгерлер батырлықтың, батылдықтың үлгісін көрсетті. Осы соғыста 30 млн. адам құрбан болды. Ал миллиондаған адам жарақат алып, мәңгілік мүгедек болып қалды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ пен халықтар үшін ортақ мереке. Бұл мереке - бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер - солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерен еңбектерінің арқасы болып саналады.

500- ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және тағы басқалар. Жарыстар Мәскеуде, Ленинградта, Сталинградта жүргізілді.

Көрнекті қазақ ақыны, Жамбыл Жабаев Ленинградтың ауыр тағдыры туралы өлең жазды. Оның жазған өлеңдері жалынды жауынгерлерге рухани медет берді.

Ұлы Отан соғысының болып өткеніне - 70 жыл толды. Бірақ, Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Әрқашан әділдік жеңеді ғой. Біздің жауынгерлер елімізді, жерімізді, ақ сүт берген ана, бауыр еті баласын қорғады. Отанымыздың бостандығын, тәуелсіздігін қорғады.

Бейбіт өмір! Осынау сөздің астарында азаттық пен еркіндікті және бас бостандығын білдіретін үлкен мағына жатыр. Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыроймыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста жеңіске жеткізді. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан күн – 9 мамыр - Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған, арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күші - әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың біріккен күштерін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бір арнаға салды.Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Соғыс деген – аққан қаны ақсүйектің құлдың да,
Соғыс деген – төккен ары ұлдың және қыздың да.
Соғыс деген - сотқарлардың қолындағы найзасы,
Соғыс деген - зұлымдықтың айнасы.

Соғыс даласында қаза тапса да жауды өткізбей қан жұтқан 28 батырдың мынандай ұлағатты өсиетін естен шығару мүмкін емес?

«Біз өмірімізді Отан үшін пида еттік.Біздің жансыз денеміздің жанында тұрып көз жасын төкпеңдер.Тістеніп тас түйін болыңдар.Біз ақаз таптық, бірақ жеңіп шықтық» бұл өсиет өшпек емес.Ержүрек панфиловшылар ерлігін халық есіне мәңгі сақтайды!

«Әр қазақ баласы – ар мен намыс иесі».Кескін - келбеті мен кесек тұлғасы маршалға бергісіз Бауыржан секілді жүрек жұтқан ұлды дүниеге әкелген «Қазақ» деген қаһарман ұлттың лайықты перзенті болу мақтаныш! Елім, жерім, Отаным дейтін, намысты ту қылып ұстаған Отанымызға шын берілген адал ұлдарымыз болса, Қазақстанның болашағы жарқын болмақ есес пе? Жеңіс күнін біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды.

Біз «Бірлігі мықты ел озады» деп, ынтымақты уағыздап, «қарты бар үйдің қазынасы бар» деп қариясын қадірлеген «ұлдың ұяты әкеге, қыздың ұяты шешеге» деп ұрпақ тәрбиесін қадағалаған, «Ананды Меккеге үш мәрте арқалап апарсаң да парызы өтелмейді» деп анасын аялаған, «Әке - асқар тау» деп әкені асқақтатқан, «Өнер алды – қызыл тіл» деп сөз өнерін қадірлеген халықпыз.

«Басында бұлағы бар өзен ұзақ ағады» дейді халық даналығы.Бұл жерде ата – баба ерлігі біз үшін кәусар бұлақ екені даусыз.

Біздің туып – өскен жеріміз Қазақстан Республикасы, көне заманнан басталатын тарихы бар, аса бай ел.Көптеген ғасырлар бойы ел басқарған дана басшыларымыз кең – байтақ жерімізді сырттан көрген қауіп – қатерден қорғап келеді.Қазақ халқы ержүрек, достыққа адал, бауырмал халық.Қазақ елінің тәуелсіздікке жету жолында ата – бабаларымыз құрбандыққа душар болды.Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген аталы сөз бар.Ер – азаматтардың орны қашан да бөлек.Олардың күш – жігеріне, ақыл – парасатына бүкіл әлем бағынған, бағынады да! Сондықтан халқымыз «Жердің қорғаны, елдің тұтқасы» деп ерекше ардақтаған.Ал ақын М.Шаханов:

Жердің аман тұрғандығы, сол намысқой еркектердің арқасы....деп жырға қосқан.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ардақты да, салмақты ақын Несіпбек Айтұлы бостандықтың, бейбіт өмірдің біз үшін қаншалықты киелі, қасиетті екендігін былай деп шабытына, шаттана жырлайды:

Халқымнаң сан ғасырлық ғұмыры да,
Уақыттың жұқ болмапты жұмырына.
Армысың, Азаттығым, Қыран қанат,
Қалыптан қайта қонған тұғырына.

Кең ашып берекеге есігіңді,
Түзетіп тербете біл бесігіңді.
Сан ғасыр бұршақ салып мойыныңа,
Құдайдан күтіп едің осы күнді.

Тажалдың тамағы боп игілігің,
Заманның көрдің салған қиғылығын.

Бейбіт өмір! Осынау сөздің астарында азаттық пен еркіндікті және бас бостандығын білдіретін үлкен мағына жатыр. Бұл сөзде қай халықтың болмасын жердің бүтіндігі мен елдің амандығы үшін, бей күнә сәбилердің тыныш ұйқысын қорғау үшін небір тар жол тайғақ кешуден өткенін баяндайтын тарихы жатыр. Бейбіт өмір қалыптасқан жерде әрбір ұлттың жер бетінде жасауы да сан ғасырларға жалғаса бермек. Иә, әрбір елдің болашағы өз Отанына шексіз берілген патриоттық рухы жоғары, ержүрек, қайсар ел азаматын тәрбиелеуден бастау алады.

Елім, жерім деп еміренген өршіл ақын Мағжан:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты.
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!

– деп болашаққа, жастарға сенім артқан. Осындай ұлы ата – апаларымыздың сенімін ақтау үшін бізге ең алдымен тәлім – тәрбие, білім, патриоттық сезімдер болуы керек. Өз Отаныңның патриоты болу – бұл Қазақстанды өз жүрегіне ұялату. Өз Отаныңа, жеріңе деген сүйіспеншілік, оның тарихы мен мәдениетіне зор құрмет.

Біз, Қазақ елінің болашақ ұландары, ерлік істерді үлгі етіп, Отанымыздың іргесін қорғайтын патриоты боламыз!

Қазақстан - менің Отаным, мен Отанымның алдында әрқашанда борыштармын!

Қорыта келгенде сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Моосква мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парактарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар қаһарлы сөйлесе де, қайырымы мол, өз мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. «ер есімі – ел есінде», демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тіршілігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Ұлы жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

Құрбанәлі Тоғжан

9 сынып, №122 мектебі,
Жетісай қаласы, Мақтарал ауданы, ОҚО
Жетекші: Дүйсенбиева Гүлсім

Ұлы Жеңіс күні бұл- ұлы мереке. Ол- кешегі майдангер аталардың соғыстың сұрапыл күнінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен, қаны мен жанымен, көз жасымен, ерлігімен келген ұлы жеңіс. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Қазақ даласы ғана емес, барша Совет Одағына қатысты мемлекеттерде тұратын ұлт өкілдері сарыла күткен жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Ол қаншама адамның қанын мойнына жүктеді. Қаншама жас қыршынынан қиылды. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік катал соғыста Жеңіске жеткізді.

"Біз соғысты көрген жоқпыз". Көрнекті жазушы Дулат Исабековтің соғыс туралы жазылған әйгілі повесі осылай аталады. Күйеулері мен әкелерін соғысқа аттандырған қазақ ауылының зұлматты жылдардағы басынан кешкен оқиғаларын суреттейтін сол бір повесті оқыған сайын жанарым жасқа толады. Дулат Исабековтің "Біз соғысты көрген жоқпыз" повесі мен Сайын Мұратбековтің "Жабайы алмасын" оқу арқылы соғыс туралы, жан түршігерлік

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жайларды білдік. Тылда еңбек еткен қазақ әйелдерінің басындағы қайғылы жағдайларды оқыған сайын зұлматты жылдардың қасіретін көзбен көргендей боласың.

Рас, біз соғысты көрген жоқпыз. Біздің көргеніміз – соғыс жылдары туралы түсірілген көркем фильмдер мен ақын жазушылардың шығармалары ғана. Жыл сайын Жеңіс күні қарсаңында көретініміз де, тамашалайтынымыз да "Мәншүк туралы ән", "Ел басына күн туса...", "Мергендер", "Солдат туралы баллада", "Тырналар ұшып барады", "Солдаттың әкесі", "Ыстық қар" т. б. фильмдер. Осы фильмдерді көру арқылы біз сұрапыл соғыстың адам жанына өшпестей із қалдырғанын білеміз

"Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парактаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екенін байқар еді. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды.

Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап, Берлинге дейін барды. Олар Сталинград шайқасында, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін шайқаста, ерен ерліктер көрсетті. Ұлы Отан соғысы қатпарлары парактарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды...

Фашизммен қарсы соғысқа Кеңестер Одағы 27 миллион адамның өмірін беріпті. Әрине, жеңіс өздігінен келген жоқ. Оны елі, жері үшін отқа түскен ерлер ерлігі жеткізді. Қазақстаннан 1941-1945 жылдардағы қанды қырғынға 1,3 миллион ұл мен қыз аттаныпты. Қазақстандық жүз мыңдаған отандасымыз елдің сол сенімін ақтап, ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Олардың бәрі де кеуделеріне орден, медальдарды жарқырата тағып, Отанына абырой әкелді. Соғысқа қатысқан 500-ге жуық жауынгер «Кеңес одағының батыры» атағын алды. Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Талғат Бигелдинов, Мәншүк Мәметова, Қасым Қайсенов сынды көптеген батыр тұлғалардың есімі еліміздің жүрегінде мәңгі сақталады. Осындай есіл азаматтардың арқасында жеңіс туы желбірегенін кейінгі ұрпақ ешқашан ұмытпайды.

Ия, миллиондаған адамның өмірін жалмаған әрі мерейін үстем еткен соғыс халық санасынан ұмытылған жоқ. «Ер басына күн туып, етігімен қан кешкен, ат басына күн туып, ауыздығымен су ішкен» ауыр сын кезеңде біздің оңдаған мың жерлестеріміз кешегі ортақ Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі, жер бетінде бейбіт өмір орнауы жолында кеуделерін оққа тосты. Олардың көпшілігі қан майданнан оралмады. Тіпті, хабар-ошарсыз кетіп, кейінгі тағдырлары беймәлім күйде қалғандары да аз емес. Соғыс қасіретнің әлі күнге дейін жазылмаған жарасы жүрегімізді сыздатады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Қазіргі біздің сәулетті өміріміз үшін жас жанын қиып, кеудесін оққа төсеген батырлар ерлігін есімізде қалдыру бәріміздің азаматтық борышымыз. Бізге олардың есімдері мен ерліктері таныс. Олардың ерліктеріне басымды иемін.

Күллі адамзатқа қауіп төндірген сұм соғыстың зардабын тартып, Отаны үшін жан алысып, жан беріскен ардақты ардагерлерімізге мың тағзым.

Бізді тәуелсіз ел, жарқын болашаққа жеткізген Ұлы Жеңіске мың тағзым!

Құрманай Аида

10 сынып, С.Қожанов атындағы мектебі,
Мақтаарал ауданы, ОҚО
Жетекші: Қиятаева Дамира

Батырлар ерлігі ұрпаққа өнеге

...Соғыстың жеңіспен аяқталғанына да міне 70 жыл толып отыр. Осы жеңіске жетуіміз ата-бабаларымыз өздерінің қанын төгіп, жанын беріп жүріп, ақ білектің күшімен қорғаған. Сол ата-бабаларымыздың арқасында бояуымен, сырлы сазымен осы күнге аман-есен жеттік.

1941-жылы 22-маусымда, таң алдында неміс фашистері қарақшыдай жасырынып келіп, соғыс жаряламастан біздің отанымызға тап берді. Фашистер бізді бостандығымыздан айырып, жерімізбен қалаларымызды таптамақ болды.

Фашистерге қарсы соғыс 4 жылға созылды. Совет адамдары майдан мен тылда ерліктің ғажайып үлгілерін көрсетті. Фашистер тас-талқан болып жеңілді. Совет одағының халықтары ұлы жеңіске жетті.

Қазақстан халқы соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ өздерінің борышын өтеп, майдандағы армяның қатарын толықтырды. Әскерей міндеттілері әскерге алу өте қысқа мерзімде жүзеге асырылды. Тарихи әдебиеттерде бұл соғыс «Ұлы отан соғысы» деген атқа ие болды. Бүкіл кеңес халқы ортақ жауға қарсы күреске жұмылды.

Жеңіс өте қымбатқа түсті. Шайқас алаңдарында, өлім лагерьлерінде, жаулап алынған аумақтарда, қоршауда қалған Ленинградта, жау тылында 30 миллионға жуық кеңес адамдары қаза тапты.

Осы Ұлы жеңіске жету де қазақтың ақын – жазушыларының қосар үлесі зор. Солардың бірі Жамбыл Жабаев ол қан майданда қан кешіп жүрген жауынгерлердің рухын көтеретін патриоттық өлеңдер жазды. Ленинградтық шайқаста қоршауда қалған жауынгерлерге арнап «Ленинградтық өрендерім» атты өлеңі дүниеге келді.

Екінші дүние жүзілік соғыстағы жеңісін қамтамасыз етуге өзінің лайықты үлесін қосты. Қатарында мыңдаған қазақстандықтар да болған кеңес жауынгерлері Ұлы отан соғысының алғашқы күндерінен бастап барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы қиян-кезкі шайқастар жүргізді. Жетісай ауданынан Ұлы Отан соғысына бірнеше мың азамат қатысқаны мәлім. Олардың тең жартысы елге оралмады. Ленин атындағы калхоз мәдениет сарайы алдына сал боздақтарға мәңгілік ескерткіш орнатылған. Ескерткішке соғыста қаза болған азаматтардың есімдері алтын ойып жазылған.

Көптеген жерлестеріміз соғыста жеңіспен аяқтап, көкірегіне орден, медалдар тағып елге оралды. Ескеретін жай, ұлы отан соғысында берілген әрбір медаль, орден ерліктің, қаһармандықтың белгісі. Орденді оңай бере салмаған, соғыста көзге түскен жауынгерді алдымен медальға ұсынған, бірнеше медаль алғаннан кейін соғыста елеулі ерлікпен қаһармандық жасаса ғана орденге ұсынып отырған. Олай болса көкірегіне 3-4 орден таққан жерлес ағаларымызды, аталарымызды мақтаныш ету орынды «Елін жерін қорғай білетін азаматтар бар ел бақытты» деген қанатты сөз жастарымыздың есінде мәңгі сақталуы үшін ардагер ағаларымыздың есінде мәңгі сақталуы үшін ардагер ағаларымыздың даңқын көкке көтере берейік.

Келесі жылы осы соғыстың аяқталғанына 70 жыл толуына орай Н.Ә.Назарбаев жоғары деңгейде тойламақшы.

Жылдармен жылжып өткен, ғасырдың ең елеулі оқиғасына айналып бара жатқан Ұлы Отан соғысы бүгінгі ұрпақтың жадынан өшуі тиіс емес. Ұлан ғайыр қазақ даласында қандай мекенді де, аймақты да өзінің туған жері санаған зиялы адамдар жетерлік.

Құралбек Зарина

3 сынып, С.Асанов атындағы орта мектебі, ОҚО
Жетекшісі: Раймкулова Гулайым Қамбарқызы

Тәуелсіздік-тұғырым!

Қай заман, қай ғасыр болмасын қазақ елі сан қилы, сан алуан баянсыз күндерді басынан көп өткізді. Сонау замандағы ашаршылық, Отанды қорғау мақсатындағы Ұлы Отан соғысы, тәуелсіздік жалында тартысқа түскен желтоқсан оқиғасы. Бұлардың қай-қайсысы болмасын Қазақ халқының басына төнген қара бұлт болатын. Осындай заман да елін, жерін қорғаймыз деген қаншама ата-бабамыз өмірімен қош айтысқан. Желтоқсан оқиғасы қара халықтың жүрегінде сақталғаны мәлім.

Қақаған қыстың қаһарлы аязына қарамай, тәуелсіздік үшін қаншама аға апаларымыз алаңға шығып, тәуелсіздік үшін сан түрлі ұранмен ұрандатып,

жоғары билікке қарсы шығып, жоғарлы биліктен небір қиындықты көрген. Апаларымызды шашынан сүйреп жер, бауырлап жатқанша тепкілеп, қақаған аязда үстінен суықсу құйып қорласа, ағаларымызды түрмеге қамап, аяуссыз соққыға жыққан. Сонда да тәуелсіздік үшін жанынан арын биік қоятын қазақ жастары небір азапқа көніп, еркіндікке, тәуелсіздікке қол жеткізді. Міне, осындай азаппен, қан төгіліп, жан берілген, тәуелсіздігіміз баянды басып, көк аспанда, көк туымыз желбіреп, бейбіт заманда ел тыныштығында өмір сүріп жатырмыз.

Мәулен А.

10 сынып, №114 жалпы орта мектебі, ОҚО

Оқырман назарына ұсынылып отырған «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран» атты Ұлы жеңістің 70 жылдығына.

Зерттеушілердің пікірінше, қуғын-сүргін әскердің қорғаныс қабілетіне кері әсерін тигізді. Олардың пікірінше кадр «тазалаулары» әскердің моралдық жағдайына кері әсер етіп, кейбір азаматтардың Ұлы Отан соғысы кезінде жау жағына өтулерін қуғын-сүргінмен жуып-шаюларын мүмкін етті.

30-шы жылдардың жаппай қуғындарына тікелей қатысқан Молотовтың пікірінше, егер 30-шы жылдардың оқиғалары орын алмағанда соғыстың кезінде сатқындар мен коллаборационистердің саны әлдеқайда көп болар еді.

30-шы жылдардың аяғында өткізілген ЖШҚӘ-нің инспекторлық тексерістерінің нәтижесінде ондағы әскери тәртіп пен әскери дайындықтың өте төмен деңгейде болғаны анықталды. ЖШҚӘ-нің басқарушы буынының білім деңгейі де төмен болғандығы анық болды. Кеңес өнеркәсібі қамтамасыз еткен қуатты әскери техниканың көптігі де осы кемшіліктердің орнын толтыра алмады. Қару-жарақтың, әсіресе танк және ұшақ соққы қосындарындағы қару-жарақ мөлшері бойынша КСРО 30-шы жылдардың ортасында-ақ барлық басқа елдердің әскерлерінен де көп еді. Бірақ соғыстың басында ЖШҚӘ-нің әскери дайындығы оның қару-жарағының молдығына сай келмеді. КСРО-ның 1939-1940 жылдардағы кеңеюі

Германия мен Кеңестер Одағының арасындағы өзара шабуыл жасаспау туралы келісім бойынша Орталық Еуропаның бөлінуі. Сол жағында — 23 тамыздағы протоколдар бойынша болжалғаны, оң жағында — іс жүзінде болған бөлініс. Сарғыш түспен КСРО-ға кететін жерлер, көк түспен Германияның үлесіне тиген жерлер, күлгін түспен Германия басып алған жерлер боялған (Варшава генерал-губернаторлығы мен Богемия және Моравия протектораты) 17 қыркүйекке қараған түні КСРО Германия мен Кеңес Одағының арасындағы өзара шабуыл жасаспау туралы келісімнің құпия протоколдары бойынша Кеңес Одағының ықпалы жүретін аймағыболып белгіленген Польшаның құрамындағы Батыс Украина мен Батыс Белоруссияға басып кірді. 1939

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жылғы қыркүйектің 28-інде КСРО Германиямен Достық және шекара туралы келісім жасасты. Ол келісім бойынша екі елдің арасындағы шекара «бұрынғы поляк мемлекетінің жеріндегі екі жақтың мемлекеттік мүдделері түйісетін» сызық, яғни бұрынғы Керзон сызығы бойынша белгіленді. 1939 жылдың қазан айында Батыс Украина мен Батыс Белоруссия ресми түрде Кеңестер Одағының құрамына қабылданды.

1939 жылдың қыркүйегінің аяғы — қазанның басында Германия мен Кеңес Одағының арасындағы шабуыл жасаспау туралы келісімнің құпия протоколы бойынша КСРО-ның ықпал аймағына жатқызылған Эстония, Латвия және Литва елдерімен келісімдер жасалып, сол келісімдердің негізінде олардың жерлеріне кеңес әскерлері орналастырылды.

1939 жылғы қазанның 5-інде сол қосымша құпия протокол бойынша Кеңестер Одағының ықпалы жүретін айыаққа жатқызылған Финляндияға КСРО өзара көмек туралы келісім жасасу туралы ұсыныс жасады. Келіссөздер қазанның 11-інде басталды, бірақ Финляндия өзара КСРО-ның көмек туралы ұсынысын да, жер алмасу және арендаға беру туралы ұсынысын қабылдамай тастады. 1939 жылғы қарашаның 30-ында КСРО Финляндияға қарсы соғыс бастады. Бұл соғыс 1940 жылғы наурыздың 12-сінде Мәскеу бітіміне қол қоюмен аяқталды. Ол бітімде Финляндия бірқатар аймақтарын Кеңестер Одағына беруге келісті. Алайда Кеңестер Одағы өзінің бастапқы мақсаты — Финляндияның толық бағындыру мақсатына қол жеткізе алмады. Басында Финляндия әскері тез уақытта және аз шығынмен талқандалады деп жоспарланса да, кеңес әскерінің іс жүзіндегі шығыны орасан зор болды. Қызыл Әскердің қуатына басқа елдер күмәнмен қарай бастады. КСРО-дағы сияқты, басқа елдерде де фин армиясын төмен бағалап, қарсыласуға дәрмені жетпейді деп қарастыратын. Сондықтан Қызыл Әскердің фин әскерін соншама ұзақ уақыт жеңе алмауы оның әлсіздігі және соғысқа дайындығының төмен деңгейін көрсетеді деп қарастырыла бастады.

1940 жылғы маусымның 14-інде кеңес үкіметі Литваға, ал маусымның 16-сында Латвия мен Эстонияға ультиматум жариялады. Олардың басты талаптары — бұл мемлекеттер КСРО-ға дос үкіметтерді билік басына келтіріп, өз жерлеріне кеңес әскерлерінің қосымша қосындарын кіргізуге тиістігі болды. Бұл талаптар қабылданды. Маусымның 15-інде кеңес әскерлері Литваға, 17-сінде Латвия мен Эстонияға кіргізілді. Жаңа үкіметтер коммунистік партиялардың жұмысына салынған тыйымдарды алып тастап, кезектен тыс парламенттік сайлаулар өткізді. Үш мемлекеттегі сайлауларда сайлау тізімдеріне енгізілген жалғыз партиялар — коммунистік Жұмысшы халық блоктары (одақтары) жеңіске жетті. Жаңадан сайланған парламенттер маусымның 21-22-лерінде Эстон КСР, Латвия КСР және Литван КСР жариялап, КСРО-ның құрамына ену туралы декларациялар қабылдады. (Тағы қараңыз: Балтық бойы елдерінің КСРО құрамына кіруі (1939-1940)).

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

1941 жылдың жазында герман шабуылы басталған соң Балтық бойы елдерінің тұрғындары кеңес әскерлеріне қарулы шабуылдар ұйымдастырды. Бұл неміс әскерлерінің Ленинградқа жылжуын тездетті.

1940 жылғы маусымның 26-сында КСРО Румыниядан Бессарабия мен Солтүстік Буковинаны өзіне беруді талап етті. Румыния бұл талапқа келісіп, 1940 жылғы маусымның 28-інде Бессарабия мен Солтүстік Буковинаның жеріне кеңес әскерлері енгізілді. 1940 жылғы тамыздың 2-сінде КСРО Жоғарғы Кеңесінің VII-ші сессиясында Молдаван Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы туралы заң қабылданды. Молдаван КСР-сының құрамына мына аумақтар енгізілді: Кишинев қаласы, Бессарабияның 9 уезінің 6-ы (Бельцы, Бендеры, Кагул, Кишинев, Оргеев, Сорок) және Тирасполь қаласы. Бұрыңғы Молдаван Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының 14 ауданының 6-ы да Молдаван КСР-ының құрамына кірді. МАКСР-дің қалған аудандары және Бессарабияның Аккерман, Измаил және Хотин уездері Украин КСР-ының құрамына кірді. Украин КСР-ының құрамына Солтүстік Буковина да кірді.

КСРО-дан кейін Германияның одақтастары Венгрия мен Болгария да Румыниядан жер талап ете бастады. 1940 жылғы тамыз айында Румыния Трансильванияның жартысын дерлік Венгрияға, ал қыркүйек айында Добруджаның оңтүстік бөлігін Болгарияға берді. Кеңес барлау мекемелерінің ескертулері

1941жылдың бірінші бөлігінде кеңес барлауы немістердің шабуыл дайындап жатқаны туралы хабарлаумен болды. Хабарларда қарама-қайшылықтар кездесіп отырды. Мысалы, шабуыл басталатын күн (мамырдың 1-і, 15-і, маусымның басы, 22-ші маусым), соққылардың бағыттары, соғыс жоспарлары туралы хабарлар әртүрлі болды. Осының бәрі Германияның шынайы ақпаратты жалған ақпаратпен араластырып, түрлі буындар арқылы таратқанының салдары болды.

Кеңес жетекшілері барлаушыларға әрқашан сене берген жоқ, себебі кейде олардың берген ақпараттары (мысалы, Рихард Зорге жіберген мәліметтер) расталмай отырды. Кейбір дерек көздері бойынша, Германияның соғыс бастайтыны туралы ескертулер қарама-қайшы (ал қазіргі зерттеулер көрсетіп отырғандай, кейде тіпті жалған) мәліметтер қамтып отырды. Ақпарат шынайы болған күннің өзінде одан жаңсақ қорытындылар жасалып отырды (мысалы, әскери барлаудың жетекшісі Голиковтың қате қорытындылары). Германиямен жасаспау туралы келісім, неміс әскерілерінің Британия аралдарына дайындалып жатқан шабуыл туралы әңгімелері[12] 1941 жылы соғыс болмайтын шығар деген үміт тудырып отырды. Германия басқа шабуылдарының қарсаңындағыдай, ешқандай саяси талаптар жасамады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сталин Германияның шабуыл жасауы мүмкін екендігі туралы барлау мәліметтеріне сенбеді. Кеңес Одағының соғысқа дайындық ретінде жасаған шаралары

1941 жылдың мамыр айында әскерлер ішкі округтардан Днепрдің батысына, шекараға жақынырақ жерге жылжытыла бастады. Шекаралық дивизияларды толықтыру үшін жаппай 800 000 адам әскерге шақырылды, маусымның 16-18-дерінде шекаралық округтардың резерв дивизияларын алға жылжыту басталды. Оларға шекараның маңында бекіну туралы бұйрық берілді. Бұл шаралар тым кеш жасалғандығы Германияның шабуылы басталғаннан кейін анық болды.

Мәулен Айнұр

11 сынып №114 жалпы орта мектебі ОҚО

Бүгін қасиетті де қастерлі мереке – Ұлы Жеңіс күні. Аға ұрпақтың Ұлы ерлігін мәңгілікке есте сақтауға арналған ең қастерлі де мәртебелі мереке күн. Бұл – аға буын өкілдерінің жанқияр ерлігі мен еселі еңбегінің жемісі.

Міне, 1941 жылы басталған сұрапыл соғыстың аяқталғанына биыл 70 жыл болды. Сол жылдың маусым айынан бастап КСРО-ның миллиондаған әскерімен бірге, қазақ жауынгерлері де Ұлы Отан соғысына аттанып, өзінің батылдығымен, қайсарлығымен көзге түсіп, жеңіске жетуге елеулі үлес қосқан еді. Егер батыр ардагерлеріміздің жеңісі болмаса, мүмкін әлем картасында Тәуелсіз Қазақстан елі де болмас па еді. Сондықтан, Отан үшін жан қиғандарды еске алып, олардың рухтарына бас иіп, тағзым ету – бүгінгі ұрпақтың мәңгілік парызы болып қала бермек.

Массaget порталы адамзат тарихындағы ең қатыгез соғыста жеңімпаз атанған әкелердің, ағалардың, аталардың ұрпағы екенімізді әрдайым мақтан етеді және Қазақ халқын 9 мамыр - Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтайды.

«Ұлы Отан соғысы» ұғымы 1941 жылғы шілденің 3-інде Сталиннің радио арқылы сөйлеген сөзінен кейін пайда болды. Сталин өз сөзінде «ұлы» және «отан» деген сөздерді бөлек-бөлек, бір-бірімен байланыстырмай қолданды. «Ұлы Отан соғысы» сөз тіркесі көптеген басқа тілдерде де қолданылады (орыс. Вели́кая Оте́чественная война́, ағылш. Great Patriotic War, нем. Großer Vaterländischer Krieg), кейбір авторлар «Екінші Дүниежүзілік соғыстың шығыс майданы» деген сөз тіркесін қолданады (бұл Германия қолданған «шығыс майдан» деген ұғымға жақын). Соғыстың алғышарттары: Германия

1929 жылы басталған бүкілдүниежүзілік экономикалық дағдарыстың салдарынан 1933 жылы Германияда билік басына NSDAP («Ұлтшыл-социалистік неміс жұмысшы партиясы») келді. Германияда Бірінші

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Дүниежүзілік соғыста жіберіп алған есесін қайтаруға дайындыққа кірісіп кетті.

Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткен елдер (АҚШ, Ұлыбритания, Франция) жүргізген араласпау саясатының арқасында Германия өзіне Версаль келісімінде қойылған талаптарды орындауды мүлдем тоқтатты. Оның үстіне АҚШ-тың компаниялары Германияның қарулануына қолайлы жағдай жасаған қаржы және материалдарды жіберіп отырды. 1926-33 жылдары Кеңес Одағын Липецк және Қазан қалаларындағы полигондарда герман қарулы күштерінің офицерлерін дайындауға атсалысты.

1936 жылы Германия Версаль келісімінің бір бабын бұзып, Рейн аймағына әскерлерін кіргізді. Сол жылы ол Испаниядағы азамат соғысына араласып, бүлік шығарған Франконың әскерлеріне әскери қолдау көрсете бастады.

1933 жылы билік басына ұлтшыл-социалистер келгеннен кейін Германияда антикоммунистік және антикеңестік көзқарастар күшейе бастады. 30-шы жылдардың ортасынан бастап герман үкіметі міндетті түрде жақын арада КСРО-мен соғыс болатыны туралы жариялай бастады. Германияның әскери доктринасы Кеңестер Одағын ықтимал қарсылас ретінде қарастыра бастады. 1938 жылы герман армиясында ЖШҚӘ-нің («Жұмысшы және шаруалардың Қызыл Әскері») әскери техникасы, әскери қызметкерлерінің айырым белгілері және тактикасы зерттеле бастады.

1938 жылдың наурыз айында Австрияда референдум өткізіліп, Германия оны өзіне қосып алды (қараңыз: Аншлюс). 1938 жылы Германия, Италия, Англия мен Франция арасында жасалған Мюнхен келісімі бойынша Германияға Чехословакияның Судет аймағында тұратын немістерді қорғау мақсатымен сол аймақты өзіне қосып алуға рұқсат берді. Кейін Германия Чехословакияның қалған бөлігін де оккупациялады (Польшаның қатысуымен).

1939 жылдың қысында Германия Польшаға «Данциг мәселесін» шешуді ұсынды. Польша бас тартты. Гитлер осы мәселені Польшаға қарсы соғысу үшін қолданды.

1939 жылғы тамыз айында Германия мен Кеңестер Одағының арасында шабуыл жасаспау туралы келісім жасалды. Келісімнің құпия қосымшасы бойынша Германия мен КСРО Еуропаны өзара ықпалдар аймағына бөлісіп алды.

1939 жылғы қыркүйектің 1-інде Германия Польшаға қарсы соғыс бастады. Бұдан кейін Ұлыбритания мен Франция Германияға соғыс жариялап Польшаға қолдау көрсетті. Екінші дүниежүзілік соғыс басталып кетті. Герман әскерлері 2 аптаның ішінде поляк қарулы күштерін талқандап, поляктар қоныстанған шығыс шекарасы Керзон сызығына дейін жетті.

1940 жылы Германия Дания мен Норвегияны (Дания-Норвегия операциясы), сосын Бельгия, Недерланд, Люксембургті және Францияның жартысын жаулап алды. Франция тізе бүгуге мәжбүр болды (Франция жорығы).

Францияның тізе бүгуінен кейін Ұлыбритания Германияның жалғыз қарсыласы болып қалды. Германия оған бітім жасасуға ұсынды, бірақ Ұлыбритания бұл ұсынысты қабылдамай тастады. 1940 жылғы шілденің 16-сында Гитлер Ұлыбританияның жеріне басып кіруді ұйымдастыру туралы директиваға қол қойды («Теңіз арыстаны операциясы»). Бірақ герман Әскери теңіз күштерінің басшылығы британиялық теңіз күштерінің қуатының зор екендігіне және вермахтта десанттық операциялар тәжірибесінің жоқтығын тілге тиек етіп, Әскери әуе күштерінің әуеде басымдылыққа ие болуын талап етеді. Ұлыбританияның әскери-экономикалық әлеуетін әлсірету үшін, халқының сағын сындыру үшін, басып кіруге дайындық үшін және британиялықтардың қарсыласуға деген еркін жою үшін 1940 жылдың тамызынан бастап немістер британиялық қалаларды әуеден бомбылау науқанын бастайды (Британия шайқасы).

Ағылшындар бомбылаудың нәтижесінде бейбіт тұрғындардың арасында көп адам шығынын бастан кешіруге мәжбүр болса да, олар неміс әскери әуе күштерін көп шығынға ұшыратып, «Британия шайқасынан» жеңімпаз болып шықты. 1940 жылдың желтоқсан айынан бастап ауа райының күрт нашарлауынан герман ӘӘК (Лүфтваффенің) шабуылдарының қарқыны қатты бәсеңсіді. Немістер өздерінің басты мақсаттары — Ұлыбританияны бітімге келуге мәжбүр етуге қол жеткізе алмады.

1940 жылғы шілденің 31-нде жоғарғы әскери басшылықпен өткізген кеңесінде Гитлер Ресейді 1941 жылдың көктемінде талқандау керек, себебі егер Ресей талқандалса, онда Ұлыбританияның соңғы үміті өшеді, сөйтіп ол да тізе бүгуге мәжбүр болады деп жариялады[1]. 1940 жылдың шілде-желтоқсан айларында КСРО-мен соғыстың бірнеше жоспары қарастырыла бастады, соның ішінде ОКҺ-ның (әскердің бас штабы), генерал Э. Маркстың, Зоденштерннің жоспарлары және тағы басқа жоспарлар қарастырыла бастады. Көп талқылаудың, әскери-штабтық ойындардың және Гитлердің өз кеңсесінде, құрлық әскерінің штабында және басқа да штабтарда өткізілген талқыласулардың нәтижесінде 1940 жылғы желтоқсанның 5-інде генерал-полковник Ф. Гальдер ұсынған жоспардың («Отто жоспары») түбегейлі жобасы мақұлданды. 1940 жылғы қыркүйектің 27-сінде Германия, Италия мен Жапония «Үштік пакт» деп аталатын келісімге қол қойды. Ол келісім бойынша осы елдер ықпал жүргізу аймақтарын бөлісіп алып, өзара әскери көмек көрсетуге келісті. 1940 жылдың қараша айында өткізілген кеңес-герман келіссөздерінде неміс дипломаттары осы пактқа қосылуды Кеңестер Одағына да ұсынды. Кеңе үкіметі егер Германия Кеңестер Одағының өз әскерлерін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Румыния, Болгария, Финляндия және Түркияға енгізуге келіссе, онда қосылуға дайынбыз деп жауап берді. Немістер бұл шартқа келіспеді.

Осыдан кейін Гитлер КСРО-ға шабуылдың жоспарын бекітті. 1940 жылғы желтоқсанның 18-нде қарулы күштердің (ОКВ-ның) бас қолбасшылығы Гитлердің өзі қол қойған, КСРО-мен болайын деп жатқан соғыстың негізгі мағынасы және стратегиялық бағыт-бағдары баяндалған № 21 директиваны жіберді («Барбаросса» жоспары). КСРО-мен соғыстың жоспары 1941 жылғы қаңтардың 31-інде шығарылған «Әскерлерді стратегиялық топтау мен орналастыру туралы директива» деген директивада егжей-тегжейлі баяндалды. Оған қол қойған құрлық әскерінің бас қолбасшысы В.Браухич болды.

Бейбіт өмірді әкелген ардагерлеріміз әрқашан аман болғай!

Мырзахан Жанат

10 сынып, №28 I Жансүгіров атындағы жалпы орта мектебі,
Мақтарал ауданы, Мырзашоқы ауданы
Жетекші: Шыназбекова Маржан

Ерлік ешқашан ұмытылмайды!

Адамзат тарихындағы ең сұмдық, сұрапыл соғыстың болып өткеніне міне, 70 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің біздің жүрегімізде еш ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс мерекесі бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл күн бәріміз үшін бейбітшілік пен қайырымдылықты, мәңгі жасампаздығын, отанын қорғаған жауынгер сарбаздар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейді. Жер бетін шулатқан, жан біткенді жалмауға жан таласқан заһарлы зұлмат-соғыс туралы шығарма жазуды бастағанымда, бұл тақырыпты он бетке болсын, жүз бетке болсын сыйғызудың мүмкін еместігіне көзім жетті. Себебі, соғыс дегеніміз-уақытқа тәуелсіз, ешқашан өзгермейтін, ешқашан сынға берілмейтін азап.

Жеңіс үшін өмірін, жастық шағын қиған, тағдырдың ауыр да азапты тауқыметінен өтіп, отанға деген махаббатын от басып, су кешіп жүріп дәлелдеген ардагерлеріміз жылдан жылға, күннен күнге азайып бара жатыр. Олардың тірі қалғандары, арамызда жүріп жеңістің тәтті дәмін татып жүргендері саусақпен санарлықтай. Біздің ата-бабаларымыздың батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз отанына деген-шексіз сүйіспеншіліктері. Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттың қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдейді. 500-ден аса жерлеріміз, соның ішінде 96 Қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан мыңдаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ дәрілерді және азық түліктерді жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Соғыс-күйретуші күш...Барды жоқ етеді. Тауды жер етеді. Жер бетіндегі тіршілік атаулының барлығын жалмап жұтатын тажал. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтті.

Ұлы Отан соғысы...Бұл сол кездегі кеңес халқының ер жүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Адамзат тарихында ірілі-уақыты он бес мыңға жуық соғыстар өткен екен. Бірақ солардың ішінде ауқымы, құрбандықтары мен алапаттары жөнінен ең жантүршігерлігі осы Ұлы Отан соғысы.

1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан Соғысы социалистік революцияның жеңісін, социалистік Отанды қорғау, прогресшіл адамзатты фашизм апатынан сақтау үшін совет халқының дүниежүзілік империализмнің екінші күші – фашистік Германияға және оның одақтастарына қарсы жүргізген әділетті азаттық соғысы, Екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі.

Ұлы Отан соғысында қарама-қарсы екі қоғамдық жүйе – социализм мен капитализм, олардың идеологиясы бетпе-бет кездесті.

Бүгін-Ұлы Отан соғысының басталғанына 70 жыл: Қазақстандықтардың майдан даласындағы ерліктері мен тылдағы табандықтары ешқашан да ұмытылмайды!

Осыдан 70 жыл бұрын, дәл осы күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар одағына шабуыл жасады.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түпкір-түпкірінде әскери комиссиарлаттарға ерліктер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен тұрғындары да соғысқа сұранды.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгер ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500 – дей адам – Даңқ ордерінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар – Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе? Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін жерінің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жалғап, жеңістің таңбасын басқан күн-Ұлы Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқының қуанышы болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Отқа ұшқан жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ата-бабаларымыздың өздері қорғап, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін біз ұмытсақ та тарих мәңгі ұмытпайды. Ол өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол үшін әрине «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Сол кездегі кеңес одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасандар, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді...

Ұлы жеңістің 70 жылдығы құтты болсын... Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен бабаларымыз аман болсын.

Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын...

Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын. Ешқашан жауынгер ерлігімен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері еш ұмытылмайды. Бүгінде біз азаматтардың міндетіміз болашақ ұрпақты отанын сүюге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу...

Насырбаева Айжан

10 сынып, Б.Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі,
Шұбарсу ауылы, Ордабасы ауданы, ОҚО
Жетекші: Айтжанова Ардак

Ерлік - елге мұра

Жеңіс, жеңіс!
Асқар ғой жеңіс деген!
Жас шағымды сыйладым жеңіске мен
Төрт ғасырдай шұбалған бұл төрт жылда
Қасірет уы қалды ма мен ішпеген?...

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бұл қазақтың көрнекті ақыны Әбу Сәрсенбаевтың 25 шумақтай өлеңі сонау сұрапыл соғыс жылдарында жанын беріп шайқасқан боздақтарымыздың, ел үшін қымбатқа түскен Ұлы Жеңіс жалауын желбіреткен жауынгерлердің әнұраны іспетті.

Адам баласы үшін соғыстан асқан кесепат жоқ. Соғыс дегеніміз – қайғы-қасірет, қантөгіс, өлім-жетім. Соғыс деген - күн сайын туғаныңнан, жақыныңнан, қарулас досыңнан айырылу.

Адамзат тарихында бірнеше мыңжылдық аралығында талай соғыс өткен екен. Бірақ солардың ішінде ауқымы, құрбандықтары мен алапаттығы жағынан ең жантүршігерлігі екінші дүниежүзілік соғыс және ажырамас бөлігі Ұлы Отан соғысы.

Соғыс атты атаудың өзі адамға суық әрі қорқынышты сезім ұялатады. Оның шығу себептерінен де кейінгі зардабы өте ауыр соққы болды. Әрбір адам бір қарыс жер үшін қиян-кескі соғысқа түсіп, өз үлесін қосуға тырысты. Әйелдер мен жас балалар егіс алқаптарында еңбек етіп майданға қажетті шикізат дайындаумен айналысты.

Соғыс жылдарында қалалар, ауыл-селоларымен бірге қаншама адамдардың арманы күл болып көкке ұшты.

Жеңісті жақындатып, қан аралас су ішкен, мұз жастанып, қар кешкен қантөгістің ауырлығын қайсарлықпен көтере білген, жақындарынан айырған ұзақ ғұмырды бастан өткізген, Отанымыз үшін өмірін құрбан еткен талай батырларымыздың есімі бұл күнде есімізде мәңгі сақтаулы.

Отан үшін күрес – елге жасаған үлес деген қанатты сөз көкейге нұр құяды. Жүректі жылытады. Қажет кезінде қаныңды қыздырады. Соның жалғасындай «Отан үшін отқа түс, күймейсің» дейді халық даналығы. Осылай деген олар туған жерін, өскен елін қорғауда басын өлімге тіккен. Ел басына күн туғанда ерлер «етігімен су кешіп», қасық қандары төгілгенше жаумен жағаласқан. «Елді сүйсең, ерлік істе» дегенді қағида етіп ұстанған. Сол сын сәттерде бабаларымыз кейінгі ұрпағына елдік пен ерліктің өнегесін көрсетіп, қазақ тарихында өшпестей таңбаланып қалды.

Әлемді сілкіндірген майдан өртінің жеңіспен тұншықтырылғанына да 70 жыл толды. Елімізге орасан зор ауыртпалықтар әкелген Ұлы Отан соғысының от шарпуы тимеген шаңырақ жоқ шығар. Қаншама арман мен үміт ұрыс даласында жер бауырлап қалды. Ананың көзінен аққан гауһар тамшы омырауда қақ болып қатты.

Ел басына қатер төнгенде кеудесінен шыбын жаны шыққанша жаумен жаға жыртысқан батыр аз емес. Қанды қырғында күш-қуатын бойға жинап, қиындыққа мойымай жеңісті жақындатты – майдангерлеріміз.

Адам өмірінде бұрын-соңды болмаған сын-сағат: қорқыныш сезімі мен парыз сезімі тайталасқа, арпалысқа, жан беріп, жан алысуға түседі. Таразының

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

екі басы, өмірі мен өлім алма кезек ауытқи береді. Елі, кіндік қаны тамған жері үшін, Отаны үшін арпалыстар басталар қан майданда.

«Дүрлікті аймақ, басталды сойқан,

Ысқырды оқтар – жылады жылан...», - деп жырлады қайсар жүректі ақын Қасым Аманжолов. «Күркіреп күндей соғыс өтті ғой», - деді сосын. Иә, қантөгіс күңірентті, көп ұлттың жанарын сөндірді.

От пен жалынға оранған 1418 күн мен түн...

Сұм соғыстың әр сағаты, минуты, тіпті қас қағым сәті де қауіп пен қатерге толы... Әрбір жауынгердің артынан ажал аңдып жүрді... Талай боздақтар қыршыннан қиылды.

Табиғаттың төрт мезгілі бірінен соң бірі айналып келеді. Жайқалған ағаш бүгін солса, ертең қайта гүлдейді. Жапырақ жаяды. Ал сол табиғаттан нәр алған адам тағдыры олай емес. Пешенесіне жазғанын көреді де, көзі мәңгілікке жұмылған соң өзі жаратылған қара топыраққа көміледі. Бірақ ағаш тамыры солады, ал адам тамыры тереңді тесе береді. Талай текті тұлғалар келді, кетті. Олардың артында есімдерін әйгілеп тұрған ізгілікті ісі, еткен есіл еңбегі, көрсеткен ерен ерлігі ғана қалды. Әсіресе, ел қорғау жолында ерлік танытқандардың есімі ешқашан ұмытылмайды.

Сұрапыл соғыс кезіндегі қазақстандықтардың қайсарлығы мен ерлігі, тыл еңбеккерлерінің тынымсыз тіршілігі келешек ұрпақтар үшін нағыз отансүйгіштіктің, адал атқарылған перзенттік парыздың жоғары үлгісіндей болып қала бермек. Отан үшін отқа түскен ержүрек алдыңғы буын өкілдерін әрдайым ардақ тұтып, есімдерін мәңгі есте сақтау, олардың рухына тағзым ету – біздің қасиетті парызымыз.

Жеңіс күні – азаматтардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан әлемнің көптеген елдеріне ортақ мереке. Тарих төрінен орын алатын қастерлі мейрамның мән -мағынасы уақыт өткен сайын арта түсуде. Мұның құндылығы – зұлымдықты жақсылықтың жеңуінде.

Уақыт өте бұрынғы окоптардың орны білінбей де қалды, шайқастар өткен далада қазіргі таңда егістік жайқалып тұр, фашистер талқандаған қалалар мен ауылдар қайта тұрғызылды. Соғыс іздері жер бетінен өшіп қалғандай, әйтсе де, жаңғырығы әр адамның жадында сақталуда. Қариялардың қыртысталған жүзінен тағдыр тауқыметі, сұм соғыстың суықтығы, қатыгез қақтығыстың қаталдығы аңғарылғанымен, сөзінен, жүздерінен жылы, мейірімді леп есіп тұрғандай сезіледі.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Ұлы Отан соғысынан аман оралған ардагерлеріміздің қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын тігіп, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерей тойы.

Жеңіс күні көңілдеріңізге нұрлы шуақ ұялатып, жарқын қуаныштар әкелсін демекпіз, ардагерлер! Тәуелсіз Қазақстанның жаңа жетістіктеріне куә болып, мықты денсаулық пен ұзақ ғұмыр тілемекпіз.

Намиалиев Қамбар

10 сынып, С.Торайғыров атындағы жалпы орта мектебі,
Мақтарал ауданы, ОҚО
Жетекші: Тілеуова Әсия

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?!

Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Москва, сенің іргенді
Ел, ер болып сақтаймыз
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін,
Саған қауіп төнгенде
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

-деп жазған Нүрпейіс Байғаниннің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан **соғысы**ның қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай **соғысқанына** ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Соның ішінде XX ғасырдың алапат соғысы Екінші дүниежүзілік соғыс болса, соның бір бөлшегі Ұлы Отан соғысы болды. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде қазақтардың қолдарына қару бермей, ауыр тыл жұмыстарына алса, Ұлы Отан соғысы кезінде қазақстандықтар қолдарына қару алып бір кісідей майданға барып Отан қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге арзанға түспегені әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кеткені баршаға аян.

Соғыс жаңғырығы жылдан - жылға алыстап барады... Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүреміз. Кинолардан, деректі фильмдерден көреміз. Әйтсе де өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. XX ғасырдың орта кезінде болған алапат соғыс Екінші дүниежүзілік соғыс болса, соның бір бөлшегі Кеңес Одағының тарихындағы Ұлы Отан соғысы болды. Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, Отан анасын қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Ұлы Отан соғысы тарихы туралы қаншама

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

шығарма жазылып, қаншама кино түсіріліп жатса да оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес. Ерлікпен шайқасып лайықты бағасын алғандар да бар. Кезінде аты аталмай қалса да қазір санамызға қайта оралып, жатқан тұлғалар аз емес. Мысалы, Бақтыораз Бейсекбаевты аға буын өкілдері білген жоқ қой. Қазір еліміздегі ең жоғарғы награда «Халық қаһарманы» атағының иегері. Отан соғысының ізінде әлі де ашылмай жатқан ақиқаттар, еленбей қалған ерліктер, елеусіз жатқан ерлер қаншама?... Оны ашып анықтау белгісіз болып жатқан тағдырларды тауып елге танытып, лайықты атаққа ие болғызу, оларға қамқорлық жасау - бүгінгі ұрпақ, біздің, қасиетті парызымыз.

Өйткені «Атаға қарап ұл өсер» дегендей жас ұрпақ аға буынға қарап сап түзейді емес пе? Бүгінгі күннің жас ұрпағы өткенді ұмытпауы тиіс. Атың өшкір «соғыс» деген алапатты тек кітаптан оқыса екен.

Биылғы жыл Қазақ хандығының бес жүз елу жылдық мерейтойы жеңістің жетпіс жылдығымен қатар келіп тұр. Торқалы тойдың қуанышы тәуелсіздік үшін күрескен, ат жалында жүріп түн қатқан халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыш, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Ұлы жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

Нұржігіт Жансая

10 сынып, №3 мамандандырылған мектеп-интернаты
Шардара қаласы, ОҚО

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алдыңғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардақты ардагерлер тойлайды.

Қариялар, әсіресе, олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақылы ағып жатқан дариядай ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап келген ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған, қамқор болып, қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ол-өмір заңы. Шабуыл жасаспау туралы КСРО-мен жасалған келісім шарттарын опасыздықпен бұзған суық қарулы фашистік Германия соғыс жарияламастан 1941 жылы 22 маусымда елімізге басып кіруімен, соғыс қимылдары майданда

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тез өрістеді. Халқымыздың игілікті еңбегін герман империализмі жасаған шабуылы бөліп кетті. Соғыс деген қаһарлы сөз бүкіл елге тарағанда, еліміз біртұтас болып рақымсыз жауға аттанып, бір сүйем жерді қорғап қалу үшін қасық қаны қалғанша соғысуға серт берген еді. Сертін сергелдеңге түсірмей, төрт жыл бойы соғысқан ерлеріміздің ерен еңбегімен, жанымен келген жеңіске де 70 жылдың жүзі болып қалыпты.

Ұлы Отан соғысы майдандарында қаза болған қазақстандықтар санына байланысты түрлі пікірлер бар. Кейінгі жылдардағы мәліметтерде соғыстан оралмаған қазақстандықтардың саны 601000-ға дейін жетіп отыр, оның 350 мыңнан астамы қазақтар. Бұл қолға қару алып, ұрыс даласында қаза тапқандардың саны. Егер осы тұстағы халықтың жалпы саны мен соғыста қаза тапқан өкілдердің санына шағатын болсақ, қазақтардың шығыны көршілес өзбек, татар, әзірбайжан, грузиндерден анағұрлым жоғары. Кеңестер Одағының құрамдас бөлігі ретінде жаумен шайқаста қазақстандықтар үлкен ерлік көрсетіп, жеңіс күнін жақындатуға өз үлестерін қосты. Майдандағы ерлігі үшін 520 қазақстандықтың, оның ішінде 100-ден астам қазақтың Кеңес Одағының Батыры атағын алуы-ортақ Отанын қорғауда қазақ елінің суырылып алға шыққанын көрсетеді.

Туады ерлер ел үшін
Өлмейді ісі мәңгілік,
Өшпейді абзал есімдер
Ұрпаққа жетіп мәңгілік
Кетпейді естен асыл ер,

-деп ақ жалын ақын Жұбан Молдағалиев жылдармен жылжып, өткен ғасырдың ең елеулі оқиғасына айналып бара жатқан Ұлы Отан соғысы мен отан үшін от кешкен, мұқалмас жігердің айбынды иелері бүгінгі ұрпақ жадынан өшуі тиіс еместігін көңіл күрмеуіне сала отырып жеткізгендей, еліміздің ертіңін жалғайтын жауқазын ұрпақты патриотизмге баулып, ұлы отан соғысы жылдарындағы батырлардың ерлігін кеңінен насихаттау қажет екендігін ескерткендей. Соғыстың қаһарлы күндерінде қазақ жауынгерлері қашан да батыл шайқасқанына тарих куә. Олар майдан даласының ортасынан табылып, намысты қолдан бермеді. «Ерлік-елге мұра, ұрпаққа үлгі» бабаларымыздың әрбір жүріп өткен жолы-біз үшін үлгі, шежіре, тағдыры тарих деп есептеймін. Сондай ерлердің бірі-Бауыржан Момышұлы. «Ел ерімен еңселі», «Елім» деп еңіреп туған ерлердің есімі еш уақытта елеусіз қалмайтыны ақиқат, халық мұндай қаһарман ұлдарын жыр аңызға айналдырып, өшпес ерлігін ауыздарынан тастамай, жан жүрегінде сақтайды. Бүкіл бір елдің қасиетін өн бойына дарыта алған, туған ұлтын шексіз сүйіп, терең қадір тұтқан халқымыздың қаһарман ұлы-Бауыржан Момышұлы

Туған жерім Мыңбұлақ, арналы Ақсай,
Ішсем суы татиды, шекер балдай
Қызғалдақ, қалың егіс, көк жоңышқа
Сенен артық жер, шіркін, өтер қандай,

-өзі жырлағандай Бауыржан Момышұлы 1910 жылы Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ ауылында дүниеге келген. Кейін «Ұшқан ұя» атты кітабында баяндағандай, Бауыржан атаның әкесі Момыш пен көкесі Момынкұлдың тәрбиесінен көп өнеге алған. Қаршадайынан-ақ жігерлігі, қайтпас қайсарлығы бойында бір жұмбақ күштің жасырынып, жанартаудай өз кезегін күтіп жатқандығы аңғарылды. Аса жауапты да лауазымды әскери қызметтерді абыроймен атқарды, сеніп тапсырылған жұмыстарды тиянақты орындап, халқыны қалтықсыз қызмет ете жүріп Бауыржан ата өзін білікті маман, шебер ұйымдастырушы іскер басшы ретінде көрсетіп қана қоймады. Материалдық игіліктерді игеріп тұрмысынан сыйлы да сәнді жарастыруымен бірге рухани тұрғыдан да бай, ой өресі жоғары, өзіндік талап-талғамы, парасат-пайымы мол жан ретінде де танылды. Туысынан асқан дарынды Баукең 1956 жылы алғаш қаруын қаламға айырбастап, оның өзіне әр кез шалқар шабыт, рух пен дем, ерекше күш беретінін жадынан шығармай, шығармашылықтың қия жолына құлаш ұрып, өмір арнасын жазушылыққа да арнаған.

Оның қарымды қаламынан туған «Ұшқан ұя», «Артымызда Москва», «Майдандағы кездесулер», «Куба әскері», «Жон арқа», «Өмір өшкен жоқ» шығармаларының айтар ойы, алар орны мен жүректен жол табар жөні өзгелерден айрықша. Ол Ұлы Отан соғысының жан беріп, жан алысқан қиян-кескі майданында-ақ асқан ержүректілігімен, әділетсіздікке қаны қас, қиындыққа қайыспас қайсарлығымен, соғыс тактикасын жете меңгергені, дарынды қолбасшылығымен аңызға айналып, қаншама өнер туындыларының басты кейіпкеріне айналды. Бауыржан ата туралы қаншама көркем шығармалар дүние есігін ашқан. Олар Александр Бектің «Арпалыс», Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», келіні Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер» шығармалары еді.

Биылғы жыл Кеңес Одағының батыры атағын кеш алған Бауыржан атамyzдың жүз бес жылдық мерейтойы жеңістің жетпіс жылдығымен қатар келіп тұр. Қос қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар, қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, ел мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жарар әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда жаңғырып, болашаққа күш, қайрат, рух хақ «Ер есімі-ел есінде», -демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ешқашан ұмытылмақ емес. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тіршілігімізге күннің нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Нұрақбай Әсел

10 сынып, «Қызылқұм» жалпы орта мектебі
Мақтарал ауданы, «Қызылқұм» а\ә, ОҚО
Жетекші: Абдиразахова Гулжазира

Сүйінші халқым сүйінші,
Сүйіншіге сүйенші.
Шаттан ата – анамыз,
Кек қайтарып фашистен
Соғыс бітті жеңіспен.
Жеңдік жауды күресте,
Жасалсын той – мереке

– деп сүйіншілеп, шаттанып тойланған мереке бұл – Ұлы Жеңіс!

Міне, сол мереке 70 – рет тойланбақ. 70 жыл аз уақыт емес, үлкен тарих. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректігі мен төзімділігін паш еткен тарихта мәңгілік қалатын күн.

Бұл мейрамды тылдағы тынымсыз еңбегімен тер төккен, егін даласында күн демей, түн демей еңбек еткен адамдар тойлайды. Бұл мейрамды соғыстың алғы шектерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды аяулы да, ардақты ата – аналарымыз, бүкіл қазақ халқымыз тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, қанын қиып, бақытты өмірмен қамтамасыз еткен Ұлы Жеңіс құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған – туысқандарына, жақын – жарандарына, туған жеріне оралмай кеткен ерлерді бүкіл елі еске алып, тағзым етеді. Бұл мейрамды бұрынғы кеңес одағына кірген 15 одақтас республика халқымен бірігіп, кеңес халқы немесе басқыншыларынан азат еткен күн. Европа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарестің, София мен Белградтың, Париж бен Венаның жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл 1418 күн мен түн бойы өз жері мен Отаны үшін келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Ұлы Отан соғыс жылдарында біздің қандастарымыздың қатыспаған бірде – бір үлкен шайқас болмады.

Қазақ елі басына күн туғанда, жалғыз хан басын шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан – байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті, алысқа бармай – ақ кешегі

Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп карасақ, қазақтардың қанды, қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал Кеңес Одағы батыры Б. Момышұлын еске алсақ болады. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арқасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500 – ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 Кеңес Одағының батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы ұрпақтарға ғана тән емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далаларда да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған басқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ дәрі мен азық – түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондаған жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін елестету мүмкін бе еді?

Біз яғни өсіп келе жатқан жас буын өте бақыттымыз. Себебі осындай тыныш, бейбіт заманның иелеріміз. Еліміздің елдігін көрсетіп, ерлігін сезінуіне қосқан сан мыңдаған тіпті миллиондаған үлестері үшін біз қаншама алғыс, рахмет айтсақ та аз.

Міне, Ұлы Жеңістің аяқталғанына да 70 жыл болды. Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлеріміздің де саны сиреп, некен – саяқ болып баруда. Біздің осындай заманға жеткізген ардагерлерімізге әрқашан қамқорлық жасап, оларға барынша көмек беруіміз қажет. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» - демекші біз ардагер қарттарымызды бағалап, ардақтап, аялап, сыйлауымыз керек.

Нұрхан Гүлбаршын

11 сынып, Абай атындағы шағын жинақталған
жалпы орта мектебі ОҚО
Мұғалімі: Нәлібаев Б

Соғыс және бейбітшілік

Біртұтас елдің тыныштығын ойрандаған - соғыс! Елім, жерім деген, қолдарына қару алып, жауға тайсалмай төтеп бере білген жастардың тағдырын қыршыннан қиған - соғыс! Ата-ананы баладан, аруды сүйген жарынан, елді ерінен айырған - соғыс! Сіз бұған тек тарих деп қарарсыз. Жоқ! Бұл тарих қана емес. Бұл - қазіргі адамзаттың бейбіт өмір сүруіне бірден-бір себеп болған соғыс! Мәңгілік ел болып қалыптасу жолындағы қиын-қыстау замандардың

бір бөлігі болатын. Біз ата-бабаларымыздың жалынды рухтары мен ерен ерлігі, отансүйгіштігі тәрізді асыл қасиеттері арқасында жеңіс туын желбіреттік.

Елімізде тыныштық болып, бейбіт заманда, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүрудеміз. Өзіміздің тіліміз, дініміз, салт-дәстүрлеріміз, рәміздеріміз бен ұлттық рухымыз қаймағы бұзылмай сақталып келеді. Кең байтақ жерімізде өз елбасымызбен егемендігімізді алып, тәуелсіз, бейбіт өмір сүрудеміз. Алайда, осы бақытқа жету жолында халқымыз ауыздықпен су ішіп, ер етігімен су кешкен замандарды, тарихымызда қара дақ болған әр түрлі шиеленістерді де басынан өткерді. Тарихымызға көз жіберсек халқымыздың басынан нелер сұм соғыстар өткен екен. Сонау түркі дәуірінен бастап, кешегі Кеңес үкіметіне дейін де Ұлы даланы мекендеген қазақ батырлары ел басына күн туғанда атқа қонып, қолдарына қару асынып, елін қорғап, қиын сәттерді де басынан кешірді.

Соғысқұмарлық - тыныш жатқан елдердің тыныштығын ойрандайтын һәм бейбіт елдердің арасын аздыратұғын дүние. Кез келген заманда, кез келген ғасырда елдің тыныштығын алып, қаншама бейбіт халықтың жазықсыз қырылуына себеп болған сұрапыл соғыстар болып отырды. Ол - Адамзат пайда болғаннан бері жалғасып, қарқынын жоймай, бүгінгі күні де кейбір елдер арасында орын алуда. Бір адамның барша жер дүниені жаулаймын деген менмендігінен, шұрайлы жерлерге көз тігіп иелік етемін деген тойымсыздығынан туындап, салдары жазықсыз, қарапайым халыққа кері әсерін тигізіп, тыныштығын кетіріп, үлкен әурелеңге салады.

XX ғасырдың бейбітшілігін ойрандаған, бүгінде 70 жылдығын тойлап жатқан Екінші дүниежүзілік соғыс та қазақ тарихында өзінің сұрапылдылығымен, қатыгездігімен есте қалды. Фашистер тыныш жатқан елге тұтқиылдан шабуыл жасап, әділетсіздік танытты. Алды 17-18 жастағы бозбалалардан басталып, қырқында қамал алатын ер азаматтар туған жерінен жырақта жеңіс үшін жан аямай, қасық қаны қалғанша жаумен алысты. Соғыс барысында жаңбырдай жауған оқтың арасында жүріп өз жанынан ұлт намысын артық қойды. Осы орайда Шығыстың қос жұлдызы Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова, Бауыржан Момышұлы мен Талғат Бигелдинов, Мәлік Ғабдуллин мен Төлеген Тоқтаров, Сұлтан Баймағамбетов сияқты батырларымыздың ерліктері жайында ерекше атап өтуге болады. Алапат соғыста адам айтса нанғысыз жанқиярлықпен қаза тапқан қазақ батырлары бар күшін жауға төтеп беруге салды. Жеңіске деген жалынды рухтары арқасында қазақтың батыры деген атаққа лайық бола білді. Ал қарапайым халық қолынан келгенше жауынгерлерге қажетті заттарды, азықтарды, киім-кешектерін дайындап көмек көрсетіп, қара жұмыспен айналысты. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей барша ел болып, халық болып, еңкейген қария мен еңбектеген балаға дейін тығырыққа тірелген

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

заманда бір тудың астына жиылып, бүкіл адамзатты фашизмнің қаруынан қорғап қалды.

Ұлы Отан соғысында жан аямай жауға қарсы соғысқан қазақ батырларының ерліктеріне құрмет көрсету және оларды ұрпақтан-ұрпаққа дәріптей білу - әрбір қазақ азаматының міндеті. Қазіргі таңда бейбіт өмір сүріп жатқан бұрынғы Кеңес мемлекеттері бұл жеңісті ерекше салтанатпен тойлайды. Батырларды еске алу кештері мен ардагерлерге құрмет көрсету іс-шаралары жиі өткізіліп отырады. Мемлекет те ардагерлерге қолдау көрсетіп, арнайы марапаттар мен төсбелгілер, бағалы сыйлықтар табыстап, батырлардың ерліктерін жоғары бағалауда.

Қазіргі таңда бірнеше көрші мемлекеттерде түрлі қақтығыстар мен ішкі шиеленістер орын алуда. Ішкі алауыздықтың әсерінен елдің біртұтастығы ажырайтыны анық. Ал біздің елімізде көптеген ұлт өкілдері қоныстанып, бір тудың астына жиналып, бейбітшілік пен бірлігі, татулық пен тірлігі жарасып күн кешуде. Бұл - біздің елімізде жүргізіліп жатқан жүйелі саясат пен ынтымақтастықтың көрінісі.

Біз, өскелең ұрпақтар, бейбіт заманның жалынды ұрпақтары, бұл жеңістің қандай қиыншылықпен келгенін сеземіз және батырларымыздың ерліктерін ой-санамызға берік байлап, оларды құрметтей отырып, әрдайым есімізге сақтаймыз. Білектің күшімен емес, білімнің күшімен жеңіске жететін заманда ата-бабаларымыздың қасық қаны қалғанша қорғаған жерлеріне, асыл аманаттарына қиянат жасамай, біліммен көркейтуге бар күшімізді саламыз. Осылайша, ата-бабаларымыздың діттеген негізгі мақсаты - Мәңгілік елге айналуға нық қадам жасай аламыз. Бүгінде еліміз қанатын кеңге жайып, алпауыт елдермен тең дәрежеде өмір сүруде. Сондықтан да осы егемендігімізді, бейбітшілік пен татулығымызды бағалай білейік. Өскелең ұрпақтар алдағы уақыттарда «соғыс» деген сөзді ардагерлердің аузынан естіп, тарихи кітаптардан ғана оқысын! Елімізде, Жер шарында енді ешқашанда соғыс оты тұтанбасын! Қазақ елінде әрдайым бейбітшілік пен татулық орнасын!

Нысанбек Алмагүл

10 сынып, №16 мектеп лицейі,

Кентау қаласы, ОҚО

Жетекші: Камбаева Ботакөз

Кез келген Ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. ХХІ ғасыр бүгінгі ұрпаққа бұйырған бақыт деп ойлаймыз. Ата – бабаларымыз болашақ ұрпақ үшін ақтық демі қалғанша күресіп, бізге егемендік алып берді. Қазақстан – көнеден келе жатқан тарихы бай, кең байтақ

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жері бар, түрлі ұлт өкілдері тату – тәтті, бірлікте өмір сүріп жатқан ел. Біз бейбітшілікті ту еткен, егемендігі мен тәуелсіздігін қорғай білетін батыр халықпыз.

Еңселі еліміз үшін Ұлы Жеңіс күні ерекше күн, себебі сол соғыстағы барлық елдің көрсеткен ерлігі – елге мұра, ұрпаққа ұран. Әлем тарихындағы ең зілді де зұлмат соғыста әділеттің ақ таңы атқан күн – Ұлы Жеңіс күні. Баршамыз үшін бұл күннің орны да, орайы да бөлек. Бұл Жеңіс бүкіл соғысқа қатысушылар мен тыл еңбеккерлерінің қажымас қайраты мен қайсар рухының жеңісі, Отан үшін отқа түскен өршілдік пен елшілдіктің өшпес айғағы. Аталарымыз бен бабаларымыздың қан майданда көрсеткен ерлігінің, апаларымыз бен аналарымыздың тылдағы маңдай терлерінің арқасы.

Содан бері талай уақыт өтсе де « Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды!»

22 маусым 1941 жылы таңғы сағат төртте тыныш жатқан елімізге фашистік Германия соғыс жарияламастан, опасыздықпен шабуыл жасады. Майданға жас та, қарт та аттанды, өмір мен өлім белдесті. Соғыста оқ тиіп, жараланып, өліп кеткені қаншама?!

Соның ішінде, менің нағашы атамның әкесі – Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Шорнақ ауылының тұрғыны Көшербаев Жұмабек және отбасын құрмаған жас інісі Көшербаев Орынбасар бір үйден екі бірдей азамат майданнан оралмады. Жұмабек атамнан 1 ұл, 1 қыз яғни, менің нағашы атам - Әлімбек пен оның әпкесі – Базаркүл апа жетім қалып, Құдай қосқан қосағы Пәтіш әжеміз жесірлік зардабын шекті. Ол кезде атам аяғын енді тәй – тәй басып жүрсе, апам 5 – 6 жасар еді. Қара жамылған Пәтіш әжеміздің жалғыз өзі балаларын тұмсықтығы шоқтырмай, қанаттыға қақтырмай, аяқтарынан тік тұрғызып, ел қатарына қосты. Атам мен апам әкелерінің бейнесін көздеріне елестете де алмайды. Міне, сұм соғыс неткен қатыгездік көрсетті десеңізші! Түркістан қаласының «Жеңіс» саябағындағы ескерткіш тақтасына олардың есімдері жазылған, мәңгі есімізде сақталады. Соғыс жылдары соғыстың зардабынан азап шекпеген отбасы қалмаған. Біз, жас буын, ашық аспан астында бейбіт өмір сүріп жатқанымыз үшін ата – бабаларымызға мәңгі қарыздармыз.

Еліміз 20 миллион азаматынан айырылды, 1 млн. 200 мың Қазақстан азаматы соғысқа қатысып, соның 630 мыңы елге қайтып оралмады. Осы соғысқа қатысқандардан 449 жауынгер Кеңес Одағының батыры атанса, 111 – і қазақ жігіттері мен қыздары.

Аты аңызға айналған аталарымыз бен ағаларымызды, әжелеріміз бен апаларымыздың есімдерін тарих беттерінен «Батыр», «Қаһарман» ретінде тани аламыз. Олар: Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Рақымжан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қошқарбаев, Бауыржан Момышұлы, Нұркен Әбдіров, Талғат Бигелдинов, Хиуаз Доспанова, Қасым Қайсенов тағы басқа есімдер толып жатыр.

Ұлы Отан соғысының от – жалынды жылдарында ер – азаматтармен бірге қолына қару алып, майдан шебіне өздері тіленіп аттанған қазақ қыздары жүздеп саналады. Қос қарлығаш шығыстан қос шынар Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова апаларымыз бар еді. Кеңес Одағының батыры ефрейтор Әлия Молдағұлованың Псков облысында ескерткіші бар.

Екі мәрте Кеңес одағының батыры атағын алған әйгілі майдандас достар – ұшқыштар С.Луганский мен Талғат Бигелдинов. Талғат Бигелдинов аспандағы айқасқа 300 рет шыққан. Олар неміс фашистерін талқандап, елге аман оралып, бейбіт өмірімізді өркендетуге көп еңбек сіңірді. Осы батыр ұшқыштарға арнап, мына өлең жолдарын ұсынар ем:

Күшті болса көкте кім,
Аспаннан да, жерден де.
Біз бермейміз жауға жол,
Жерде, көкте қайратты.
Болмайды ешкім бізден зор,
Күшті болса көкте кім,
Күшті болмақ жерде сол.

Нұркен Әбдіров - әскери ұшқыш, штурмовик, сержант. Ол 17 жауынгерлік сапарында өртенген самолётін жау техникасының аса көп шоғырланған жеріне бағыттап, өз өмірін құрбан етіп, қаһармандықпен қаза тапты.

Кеңес Одағының батыры Нұркен Әбдіровке Ростов облысында, Қарағандыда ескерткіш орнатылды.

Аты аңызға айналған ұшқыш «Халық қаһарманы» Хиуаз Доспанова – Қазақстан бойынша түнгі бомбардир әуе полкінде соғысқан жалғыз әйел соғыс ардагері.

Қазіргі таңда «Эйр Астана» әуекомпаниясының тұңғыш меншікке алынатын әуекемесіне Хиуаз Доспанова есімі берілді.

Ал генерал – майор И.В.Панфиловты естімеген адам жоқ шығар. 1941 жылы Мәскеуді қорғау үшін болған шешуші шайқаста даңқы командир есімімен аталған 28 – панфиловшы атқыштар қаза болды. Алматыда 28 – гвардияшы панфиловшылар саябағы бар.

Ел қадірін, жер қадірін жақсы білген, соғыс майданында ерлігімен ел таныған, қазақтың нағыз батыр перзентінің бірі, партизан. Төрт жыл бойы партизан полкін басқарған жазушы Қайсенов Қасым атамыз соғыстан бұрын Әскери Барлау училищесін бітірген. Әйгілі партизанның Қасым Қайсеновтің әңгімесінен үзіндісі:

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

«1944 жылы біздің отрядқа Днепрден өтуге бұйрық берілді. Соңыра білсем, бұл тұрғыда небір алапатты бастан кешіріп, соғыс өртіне әбден шыңдалып, ысылған партизан отрядтарына үлкен үміт артылған көрінеді. Бұл жауапты іске кейін біз секілді басқа да құрылымдар тартылыпты. Әйткенмен, өзеннен өте салу деген оңай нәрсе емес – тін. Алып дарияның екі жағасы аралығын қаншама адам, қаншама қару – жарақпен бейбіт кездің өзінде әшейін зу ете түсу бірталай қиынға соғар еді. Ал жерден де, көктен де жаңбырша жауған оқ жағдайында бұл өзі, тіпті санаға сыймайтын нәрсе – тін. Днепрден тірідей өту қисынға келмейтін іс болса да, мен өз тобымның жүз жиырма адамына Қызыл Әскерлерден қосылған төрт жүзден аса сарбазды қостым. Сол алты жүзге жуық жауынгердің үш жүздейі ғана аман шықтық. Қалғанының бәрі суға батып өлді. Немесе оққа ұшты, бомба астында қалды.

Өкімет Днепрден алғаш болып өткен отрядтың әр адамына Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп, қаулы шығарған.

Кімде – кім халқын сүйсе, Отаны үшін жан аямай соғысса, сол батыр болады. Өлсе, батыр болып өледі, тірі қалса, батыр болып жүреді.!!»

Өз қаламынан отыз төрт кітап жазған Қасым Қайсенов. Жазғандарымның барлығы бұрынғы партизан отряды командирінің басынан кешкендері, барлығы партизандық соғыстың әдіс – айдалары.

Соғыстың соңғы сағаттары. 1945 жылы 8 мамырда Берлинде фашистік Германия жеңілгенін мойындап, қол қойды. Батальон командирі Рақымжан Қошқарбаевқа жаудың ең соңғы ұясы – Рейхстагқа ту апарып тігуді тапсырды. Өйткені, сұм Гитлер осы соғысты сол үйде отырып бастаған. Ержүрек батыр тапсырманы орындады, жеңіс туы тігілді. 9 мамыр күні бұрын – соңды болмаған мың зеңбіректен 30 дүркін от шашу атылды. Міне, Жеңіс күні осылай келген еді.

Жеңістің 70 жылдығына орай, абзал ақсақалдарымызды қолымыздан келгенше құрметтеуіміз, қадірлей білуіміз керек. Уақыт алмасады, ұрпақ өзгереді, бірақ Отанға сүйіспеншілік, ерлік пен жауынгерлік рухымыз өзгеріссіз қалады. Сіздердің ерліктеріңіз ешқашан ұмытылмайды!

Оман Әлия

10-сынып, «Мақтарал ауданының мамандандырылған
дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты» КММ
Жетісай қаласы Оңтүстік Қазақстан облысы
Жетекші: Бектемісова А.Қ.

Тәуелсіздік тірегі

Оттан да ыстық Отаным! Сен үшін қаншама балаң жан аямай жаулармен алысты, қаншама балаң мерт болды. Осындай мәртебеге ие болардай құдіретің қандай күшті?! Алысқа кеткен жан сені еш ұмыта алмас.

Сұрапыл соғыс... Сенің атыңды жою үшін миллиондаған адамдар күш жұмсады. Миллиондаған халық қиналды. Алайда сен бір ғана елдің еңсесін түсіре алмадың. Ол – қазақ елі. Қазақ халқының әрқашан еңсесі биік болған. Кешегі өткен Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек сынды батыр бабаларымыз елінің азаттығы үшін күресті. Осындай бабалардан рухтанған Бауыржан Момышұлы, Тұрар Рысқұлов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сынды аға-әпкелеріміз еліне үлкен қуаныш сыйлады. Әрине, бұл жеңістің барлығы – халықтың ауызбіршілігінде, олардың қиын-қыстау кездерде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара алғандығында. Қарапайым халықтың өзі ішіп-жемесе де, майдандағы жауынгерлерге азық-түлік пен киім-кешекті шама-шарқы жеткенше жеткізгендігінің арқасында азаттықтың ақ таңына қол жеткізді. Ал енді, жеке мемлекет боп қалыптасқалы жатқан халыққа басшы қажет. Ал, олардың басшысы міндетті түрде қазақ болуы тиіс. Ол үшін де ерік-жігері мықты, бойында жастық жалыны бар ұл-қыздар көтеріліске шығып, иттерге таланса да, көліктердің астына түсіп өлсе де, қаһары күшті орыс үкіметінен таяқ жесе де алған бетінен қайтпай, ел басқаруды қазақ ұлтының тізгініне берді.

Мың тоғыз жүз тоқсан бірінші жылдың он алтыншы желтоқсаны. Қазақ халқы үшін ешқашан ұмытылмас күн болды. Бұл күн – тұғырлы тәуелсіздіктің алғашқы ақ таңы еді. Қаншама жыл тәуелсіздік үшін күрескен халық мақсатына жетті, рухы көтерілді, жүрегінде сенім оты жанды, бойында күш-жігер пайда болды. Енді қазақ халқының бақытқа толы күндері басталды. Арайланып атқан таң, күлімдеп шыққан күн сәулесі халықтың жүрегіне қуаныш сезімін сыйлап, оларды бақытты өмір сүруге шақырды.

Енді әлем мойындаған Қазақстанның бүгінгі өміріне тоқталмасак болмас. Бүгінде Қазақстанды әлем мойындады. Көрші елдермен терезесі тең болды. Халқының білімі артты. Дамыған елдердің қатарына қосылды. Тіпті әлемдік деңгейдегі олимпиадаларды өз елімізде өткізетіндей халге жеттік. Халықтың тұрмысы жақсарды. Ұрпақтары өнерлі болып өсіп келуде. Әрқайсысы жеке көзқарасы мен ой-пікірлерін ашық жеткізе алады. Алдына қойған мақсаттары мен қол созған армандары бар. Армандарына жетуге деген ұмтылыстары бар.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ата-бабамыз аманат еткен тәуелсіздікті, кең жазира, дархан даламызды сақтап қалу - бүгінгі ұрпақтың мойнында. Ал біз оны біліміміздің, ақылдылығымыздың арқасында ғана сақтап қала аламыз. Тәуелсіздікке жиырма үш жыл толған болса, сол жиырма үш жылдың ішінде көптеген жетістіктерге жеттік. Атап айтар болсам, ең әуелі, ліміз көркейді, 2012 жылы болған Лондон олимпиадасында 7 алтын, 1 күміс, 5 қоланы қанжығамызға байладық. Мұның өзі қазақ халқының денесінің шымыр екендігін көрсетсе, 2017 жылы ЕХРО-ны жеңіп алғанымыз еліміздің әлемдік істерге белсене араласа алатындығын, жауапкершілікті сезіне алатындығын дәлелдесе керек. Қаншама ақын-жазушыларымыз бұл жетістіктерге арнап өлең жазды. Мен де толқыныс сезімімді былай жеткізгім келеді.

Тәуелсіздік таңы атты,
Қуаныш сыйлап халыққа.
Өмірі толды бақытқа,
Қызықты әлем қазаққа.
Жиырма үш жыл аз уақыт,
Жаһанға жетті атағы.
Жалынды қазақ жастары
Бәрін алға бастады.

Менің болашақта халқыма қалаулы, еліме елеулі жан болғым келеді.
Елімнің мәртебесін, оның атағын әлемге әйгілі етуге үлес қосқым келеді.

Орынбай Бибісара

10 сынып, №25 Г.Титов атындағы жалпы орта мектебі,
Мақтарал ауданы, ОҚО
Жетекші: Қалдарова Нұргүл

Ұлы Жеңіс – жасасын!

От кешкен, жалын кешке батырларға,
Ей ұрпақ, бас имеуге хақың бар ма?!

- деп ақындарымыз жырлағандай адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

1941 жылы 22 маусымда таңғы сағат төрт шамасында фашистік Германия әскері КСРО-ның батыс аумағына баса көктеп кірді. Бұл «Ұлы Отан соғысының» басталуы еді. Ұлы Отан соғысының алғашқы күнінен Кеңес Одағының халқы, бір адамдай Отан қорғауға аттанды. Соғысты жеңіспен аяқтау үшін барлық күш жігерін жұмсады. Соғыс басталысымен әрбір үйде, әрбір отбасында қайғы-қасірет басталды. Фашистер Ленинград қаласын 900 күн бойы қоршап тұрды. Олар аштықтан, суықтан қалжыраған қала халқы өздігінен беріледі деп ойлады. Бірақ олар берілмеді. Осы жылдары жыр алыбы Жамбыл Жабаев Ленинградтықтарға күш-жігер беретін «Ленинградтық өренім!» атты өлеңін жазып шықты. Мен де осындай соғыстың ауыр да қасіретті күндерін қысқаша ғана өлең жолдарымен жеткізбекпін:

Ұлы Отан соғысы жылдары
Қазақтың ержүрек батырлары,
Туған жерін бақылады.
Қырғын соғыс күндері,
Жауды оқтар, сатырлады.

Осындай соғыс күндері,
Әр күніміз күн бе еді?!
Әрбір кәрі, баланың
Ұйқысыз өтті күндері.

Батырлар елді қорғады,
Елі болды қорғаны.
Тоғызыншы мамыр – жеңіс күні,
Осы болар бақыт қонғаны.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік катал соғыста Жеңіске жеткізді. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ -дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды. Ұлы Жеңіс! Қаншама боздақтардың өмірін қиған, талай шаңырақты ортасына түсірген соғыс өртінің өшкеніне 70 жыл өтті. Бірақ, оның жарасы жазылды ма екен? Әрине, жоқ. Өйткені, осы күнге шейін соғыста хабар-ошарсыз кеткен әкесін, атасын іздеген ұрпақ қаншама? Немесе майдан даласынан «қара қағазы» ғана жеткен жауынгерлердің қазіргі үрім-бұтақтары енді олардың қайда жерленгенін білгісі келеді, басына туған жердің бір уыс топырағын апарып тәу етуді армандайды.

1945 жылы Рақымжан Қошқарбаев рейхстагқа ту тікті. Міне, осылай ұлы жеңісті алдық. Содан бері талай жылдар өтіпті. Ұлы Отан соғысы жылдары 497 қазақстандық, 97 қазақ Кеңес Одағының батыры атағын алды. Оның ішінде екеуі қазақтың батыр қыздары – Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова еді.

Сол батырларымыздың ерлігін бүгінгі ұрпақ ешқашан ұмытпайды. Жүз жыл, мейлі, мың жыл өтсе де олардың есімдері жүрек төрінде сақталады. Өйткені, бүгінгі бейбіт өмір оңайлықпен келген жоқ. Қаншама қилы кезеңдерден өтіп, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан атандық. Елі үшін жан кешіп, қан төккен асыл тұлғалар біздерге, бүгінгі ұрпаққа, үлгі болады. Олардың есімдері тарихта алтын әріппен жазылып, ешқашан өшпейді. Бұл сұрапыл соғыс ешқашан оралмасын деп тілеймін. Тәуелсіз аспанымыздағы алтын Күніміз, әрқашан жарқын болсын! Жыл сайын тоғызыншы мамыр күні ұлы мереке ретінде тойланады. «Өмір – өзен» демекші, біз заман ағысына сай жүзіп келе жатырмыз. Сол өзеннің ағысы әрқашан тыныш болсын деп тілеймін. Соғыс аяқталғалы жетпіс жыл өтсе де, сол соғыстың ызғырығы, сондай ауыр күндері елі үшін арпалысқан ардагерлердің жүрегінде бір дақ болып, көз алдында елес болып қалып қойған. Оларды барынша құрметтеп, ерлеріміздің алдындағы борышымызды өтеу – біз үшін міндет. Біз – бақытты ұландармыз. Заманымыз тыныш, аспанымыз ашық. Сол үшін шүкіршілік етіп, Отан үшін адал қызмет етуіміз керек. Ұлы жеңіске үлес қоспағанымызбен, бейбіт заманның тыныштығының ұзақ сақталуы үшін қосылған кішкене болса да, үлес болар еді. Ұлы жеңістен соң, неше ғасыр өткеннен кейін болса да, «Ұлы ел» атанатынымызға сенемін. Ол үшін елдің барлық азаматтары мен азаматшалары бір адамдай жұмылып, ауызбіршілігі мықты болуы керек. Сондықтан да, «Бірлігі күшті ел озар, бірлігі жоқ ел тозар» деген мақал бекер айтылмаған. Ұлы жеңісіміз әрқашан баянды болсын!

Пармантай Сандуғаш

11 сынып, Ы. Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі
Абай ауылы, Түлкібас ауданы ОҚО
Жетекші: Иманалиева Қаламқас

Қилы жолдар

Ғасырлар қойнауындағы нешеме сан азаптар мен нәубеттердің, адам төзгісіз, досың түгелі жауыңа да тілемес қиындықтардың барлығы да қазақтардың, еркін елдің азат ұрпақтары – мына біздердің ата-бабаларымыздың, басынан өткен. Қазақтар қаншама рет ашаршылық пен сұрапыл соғыстарға кезігіп, бүкіл халықтың тең жартысынан көбі қырғынға ұшырап, ұлт ретінде жойылып кетуге шақ қалған кезеңдер болды. Сонау XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығы, одан бері XVII – XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығы, қала берді, патша үкіметінің көрсеткен озбырлығы, 1930-1932 жылдардағы қолдан жасалған ұлы ашаршылық қазақтың халық болып қалыптасуына орасан зор кесірін тигізді. Қанша қиындық көрсе де еңсесін тік ұстап, жауларынан мұқала жеңіліп, омақаса сүрінсе де рухын түсірмеген қазақтың ашаршылықтың азабын әбден көріп, титықтаған уақытында алдынан кесе-көлденең Ұлы Отан соғысы – немістердің тұтқиылдан жасаған шабуылы шыға келді. Ұлы нәубеттен кейін енді ғана ес жия бастаған қазақтарға бұл соғыс - өте ауыр соққы болды.

Ел шетіне жау тигенде құр қарап отырған қазақ бар ма? Ықылым заманнан бері елін, жерін қорғау үшін бес қаруын сайланып, бар күш-жігерін сала жауға қарсы тұрған бабаларымыз бұл жолы да текке қарап қалған жоқ. Әрбір бесінші қазақ ұрыс даласы – майданға жол тартты. Біреудің әкесі, біреудің баласы, енді біреудің сүйеніші, қорғаны – серік болған жан-жары.

Немістердің озық технологиямен қаруланған қандықол әскері 1941 жылы жиырма екінші маусымда, ойламаған жерден лап қойды. Гитлердің соғыс ашпау туралы қол қойылған шартынан кейін қамсыз отырған кеңес одағындағы мемлекеттер алғашында есеңгіреп қалғанымен, тез арада халықты соғысқа жұмылдырып, әскер сапын даярлап үлгереді. Әскер қатарында бір миллион екі жүз мыңға тарта қазақстандық соғыс майданына аттанып, жан қиярлықпен ерлік көрсетіп, қасық қаны қалғанша жауға қарсы тұрды. Ал соғысқа жарамсыз жас балалар мен жасы келген ата-әжелеріміз тыл жұмыстарына жұмылды.

Аяулы ана баласынан ажырап,
Бала қалды әкесінен тым жырақ.
Жүректері қарс айырылып жатса да,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Көңілдерін түсірмеген тұнжырап.
Еңбек етіп, елді бағып – қағуға,
Жаудың әлсіз, осал тұсын табуға,
Жеңіс туын тігу үшін жан салып,
Тек жатпады қарттары мен жасы да.

Жау қолындағы озық үлгідегі қару – жарак, техникаларының жанында біздердің қолымыздағы техника әлдеқайда төмен дәрежеде болғандықтан, біздің жеңіске жетуіміз мүмкін емес еді. Алайда, қазақ жері халқының, әр ұлттың өкілдері болса да, берік бірлігі мен ажырамас ыстық ынтымақтастығы, қиын – қыстау кезеңде бір жапырақ нанды бөлісіп жеп, еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін бір кісідей жұмыла күреске кірісуі жеңіске жетеледі.

Ұрыс кезінде жау қолына түскен қандастарымыз жан төзгісіз азаптарға шыдап, армияның әскери құпияларын ашпастан өзімен бірге ана дүниеге алып кеткен қайсар да батыл, ержүрек жандар екендігі бізге мәлім. Тұтқыннан аман – есен босап шығып, туған жерге оралғандардың айтуынша, әскери құпияларды айтқызу үшін тұтқындарға қолданған азаптаулары жан түршігерліктей сұмдық еді. Бабаларымыз сол қиындықтардың барлығына ұрпақ болашағы, ұлт амандығы үшін шыдап бақты.

Ұлы Отан соғысында жан қиярлықпен соғысып, ерекше мәртебе, атақ алған батырларымыздың есімі тарихта алтын әріппен жазылып қалған. Бауыржан Момышұлы, Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин, Рамазан Амангелдиев, Сұлтан Баймағамбетов, Нұркеш Әбдіров, Қасым Аманжолов секілді ерлердің қайталанбас ерліктері - ұлы жеңістің себепшісі.

Отан қорғауға ерлермен тізе қоса бірігіп, нәзік балтырын сыздатқан солдат етігін киіп, гүл құшуға ғана жаралғандай сүйрік саусақтары ауыр автоматты көтеріп, майдан өтіне бара жатқан батыр қыздарымыз да болды. Солардың ішіндегі халық жадында мәңгі сақталып қалған қазақтың қос жұлдыздары - Әлия мен Мәншүк. Олардың көрсеткен ерліктері ерлерден асып түспесе, кем түспейді.

Халықтың мызғымас бірлігі, қайталанбас ерлігі ұлы жеңіске жеткізіп, 1945 жылы тоғызыншы мамырда Ұлы Отан соғысы аяқталды. Қаншама халық қырғынға ұшырап, қаншама жазықсыз жандардың қаны судай төгілді. Адал жарды аяулысынан, ананы жалғзынан, баланы асқар тауынан айырған бұл соғыс жеңіспен аяқталды. Осы қуанышты хабар мен қаралы хабар – жақындарының қазасын қоса естіген жандар не қуанарын, не қайғырарын білместей, ауыр күйге түсті.

Міне, қара Жерді дөңбекшітіп, жазықсыз жандардың жанын жазылмас жарамен қан жылатқан, көп ұлтты совет халқының ер

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жүректілігі мен қанға сіңген қаһармандығын әлем алдында тағы да әйгілі еткен екінші дүние жүзілік соғыстың аяқталғанына жетпіс жыл толып отыр. Ерліктің салтанатты жеңісіне жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, соғыс қантөгісін басынан кешірген адамдар соғыс салған азап пен қасіретті күні бүгінге дейін ұмытқан емес және бұл еш уақытта да көмескіленуі мүмкін емес.

Бүгінде, даму жолында талай өзгерістер болды. Ата – бабаларымыз армандаған мамыражай, қой үстіне бозторғай ұялаған заман орнады. Ұрыс – соғыстарда, ұлы нәубеттерде жан – жаққа тарыдай шашыраған қазақ халқының қазіргі күні бастары қосылып, жүз елуден астам ұлт өкілдері бір кісінің балаларындай бір ту астында тату - тәтті өмір сүруде. Дамыған елдермен тереземіз теңеліп, ғылым мен техникада ұлы жаңалықтар ашылды. Әсем қала – бас қаламыз Астана көркейіп, күннен – күнге гүлденіп келеді.

Бабаларымыздың найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап келген ұлан – байтақ, дархан жерімізде үлкен қиындықпен, ауыр азаппен келген ұлы жеңісті мәңгі сақтап, мақтан етіп өту біздің асыл парызымыз. Бостандық таңы атып, бейбітшілік құсы көкте қалықтаған қазіргі заманда өмір сүріп жатқан біздің осы күнге жеткізген бабаларымызға айтар алғысымыз шексіз.

Небір қиын күн туса да мойымаған қазағым,
Мына өмірдің талай көрдің жан төзгісіз азабын.
Мың өлсе де мың тіріліп, қайта туып, өрлеген,
Тарихымды, қазағымды мақтанышым санадым!

Сансызбай Айдана

10 сынып №14 Қ.Қайсенов атындағы жалпы орта мектебі
Мақтарал ауданы, Атамұра ауылы, ОҚО
Жетекші: Мүтәнова Бибіхадиша

Ерлік-өлмейді, ер ұмытылмайды

Біз ХХІ ғасырдың ұрпақтары, соғысты көрген жоқпыз, алайда кітаптан оқып теледидардан көріп келеміз. Соғыс-шығын, қайғы-қасірет болса, біз бейбіт өмірді аңсаймыз.

Мен «халық қаһарманы» партизан, жазушы Қасым Қайсенов атындағы мектептің 10 сыныбында оқимын. Ұлы Отан соғысына 70 жыл толу мерекесі-ЮНЕСКО көлемінде тойланғалы жатқаны біз үшін үлкен мақтаныш. Осы сәтті пайдаланып, Қасым ата өмірінен сыр шертуді өзіме парыз санадым. Қасым ата

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

1995 жылы сәуір айында біздің мектебімізге келіп,кездесу өткізген.Естелікке кітаптары мен қаруларын беріп кеткен,Бүгінде Қасым атаның аманаттары біздің мектебімізде сақтаулы.

Атыңды асқақтатып көк төріне,
Ардақтап қойдық аға мектебіне.
Жеңістің 70 жылдық қарсаңында,
Ілтипат болар бүгін өткеніне.
Өмірбаян

Белгілі партизан жазушы Қасым Қайсенов 1918 жылы 23 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы,Ұлан ауданындағы Асу-Бұлақ ауылында кедей шаруа отбасында дүниеге келген.

Туған ауылында орталау мектепті бітірген соң 1934 жылы Қасым ата Өскемен қаласындағы Саяси-ағарту техникумына түсіп,оны 1938 жылы бітірді.Сосын,арнайы орта білім алып,облыстық Оқу бөлімінде инспектор болып қызмет атқарады.Ал,1939 жылдың қысында Әскери мектепке түседі де,оны 1941 жылдың күзінде бітіріп шығады.1941 жылдың қараша айында Қасым Қайсенов Оңтүстік батыс майдан штабының қарамағына жіберіледі.Сол жерден арнайы тапсырмамен гитлершілер басып алған Украина жеріне,жау тылына аттанады.

1942 жылдың жазында Қасым Қайсенов Чапаев атындағы партизан құрамасының үшінші отрядын басқарады.ол жау тылында жүріп,Молдавия,Украинаның Закарпатье,Чехославия мен Румыния жерлерінде жауға қарсы соғыс жүргізеді.1944 жылдың аяқ кезіндебұл елдердің жері фашистерден толық азат етілген соң,Қасым Қайсенов өзінің туған жеріне қайта оралады.Қазақ ССР Жоғары советі Президиумының ақпаратында жауапты қызметте болады.Одан кейінгі жылдары Жамбыл облысының Жуалы және Свердлов аудандық атқару комитеті председателініңорынбасары болып қызмет атқарады.Қасым Қайсенов ұзақ жыладр бойы «Жазушы» және «Қайнар» баспаларында редактор болып қызмет атқарады.

Ұлы Отан соғысы кезінде фашистер басып алған жерде жауға қарсы батырлықпен күрескен,партизан отрядын ұйымдастыруға белсене қатысқан Қасым Қайсенов соғыс жеңіспен біткеннен кейін қолына қаламын алып,басынан өткен қаһарлы дақауіпті жорықтарын,көп ұлтты совет азаматтарының ерлік істерін қағаз беттеріне түсіріп оған көркемдік сипат беріп ,көптеген жазды.Қасым Қайсеновтың ең алғаш шығармасы 1954 жылы «Жас партизандар» деген атпен жарық көрді.

Бейбіт жатқан елге бүйірдей тиген коменданттар мен Отанын сатқан старостылар ме полейцейлердің өлімі,жау эшолондарын күйрету,тұтқында азап шеккен жауынгерлерді,Германияға жер аударылатын жасөспірімдерді

күтқару, жаңа партизан отрядтарын құру, дұшпанға аяусыз соққы беру, міне, бұл оқиғалар Қасым Қайсеновтың «Ажал аузынан», «Жау тылында» сияқты кітаптарында да шынайы көркемдікпен, ұтымды суреттермен бейнеленеді. Социализм жеңістерін, туған ел намысын қорғау, қан төгісі көп ұрыстарды бастан кешіру, зұлым жаудың қаскөй қылмыстарын әшкерелеп, талқандау, майдан болмысын, еліміздің ерлік күресін жыр ете білу, бүкіл совет халықтарына жариялау-аса үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Қазақ совет әдебиетінде өмірі мен өнері егіз, өзгеше бір жазушылар тобында байырғы батыр партизан Қасым Қайсенов бар десек-мемуарлық жазбалары мен партизан өмірінен алып жазған повестері ерекше бір заңдылықпен туған екен. Қасым ата қарулас достарының қаһармандық істері, өз өнегесі туралы шыншыл көркем очерк, әңгімелер және повестер жазды. Ол Қасым Қайсеновтың «Перяслав партизандары», «Ажал аузынан», «Жау тылында», «Днепрде» атты кітаптары еніп, жазушыға зор құрмет, абырой, атақ әкелді.

Тағдыры қызық оқиғалы роман кейіпкерлерінен кем түспейтін азаматтарымыз көп. Қасым атамyzдың жеке басы да сондай адам. көргенін, бастан кешкенін айтып, жазып беруі-сюжетті қою, көркем сырлы дүниенің тууна кепіл болды.

Қасым Қайсенов шығармалары-өзара жалғас, бір желідегі жорық шежірелері. Ондағы кейіпкерлер де ортақ, тек ерлік көріністері бөлек, оқиға сипаттары әралуан болып келеді.

Қасым Қайсеновтың қаламгерлік келбеті аудармашылық өнерімен де толыға түседі. Қасым Қайсенов аударған М. Муратовтың «Ломоносовтың жастық шағы», Николай Томанның «Сабылтқан сағым», Мамед-Кулизаде Джелилдің «Почта жәшігі» атты кітаптар аударылған.

Қасым Қайсенов творчасының басты өзегі-халықтар достығы. Қасым Қайсенов- Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда да өзінің партизан отрядында болған украин достарымен тығыз байланыстығы жазушы. Украинаға бірнеше рет барып, қарулас достарымен талай-талай кездесті. Украиндықтар Қасым атаны өзіміздің жерлесіміз, қандасымыз деп құшағын жайып қарсы алды. Партизан достарымен кездесуі жөнінде Қасым Қайсенов бірнеше очерк, әңгімелер жазды. Оның ішінде Украинада ғана емес бүкіл жер жүзіне әйгілі, ерлігі аңызға айналған совет халқының адал ұлы Совет одағының Батыры атағын Екі рет алған Ковпакпен кездескендігі жөніндегі очеркі баршымызға белгілі.

Бейбіт күн, тыныштық әркез планетада орнасын. Енді соғыс зарын аналар да, балаларда естімесін. Соғыс салған жара әлі кеткен жоқ. Ардагерлер де жыл сайын азаюда. Мәселен, біздің «Атамұра» ауылына да бірде-бір ардагер қалған жоқ.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ҰОС ардагерлеріміздің өмірі біздер үшін тарих, өйткені олар оқ пен оттың ортасынан аман келіп отыр. Бүгінгі дамыған ғасырымызда, мынау бейбіт өмірде ардагерлер асқақтап жүруі керек.

Сондықтан да мен, дүние жүзінде бейбітшілік болуын, дүние жүзі халықтары мен мемлекеттерінің бейбіт өмір сүруін қалаймын.

Сабит Әлия

10 сынып, № 1 мектеп-гимназиясы
Леңгер қаласы, Төлеби ауданы ОҚО
Жетекшісі: Қоштаева Нұршат

Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі

70 жыл бейбіт көктем таң атқалы,
70 жыл – шуақты күн таратты әнін.
Есімде сонан бері 70 рет,
Ашылды Жеңіс күннің парақтары.
Талай құс содан бері қайта оралды,
Соғыста өлгендер тек оралмайды,
Тек ұрпақ олар жайлы айтады әнді.
70 жыл үзілмеді құстар әні,
Кетті енді сұм соғыстың қыспақ әні.

Біздің ата-бабамыз түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткерді. Олардың ең соңғысы – Ұлы Отан соғысы болды. Олардың соғысқа қатысқандағы мақсаты – ұрпақтарының, яғни, біздердің жақсы өмір сүруімізді, бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады. Осылайша, аттың жалынында, түйенің қомында жүріп, біздерге бейбіт өмірді орнатып берді.

Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған жеңістің маңызы артып келеді. Олардың көрсеткен ерліктері – бүгінгі ұрпаққа өнеге. Отансүйгіштік қасиет – әр кезде де қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істегендердің де еңбегі жоғары ілтипатқа лайық. Себебі, олар соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылық көрді, бірдей азап шекті. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен олар да жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Таңның атысынан, күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз болса керек. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті.

Отаншыл болу – бір-біріңе бауырмал болу. «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» дейді дана халқымыз. «Бірінді қазақ, бірінді дос көрмесең, істің бәрі бос», - дейді кемеңгер Абай ...

Ынтымағы жарасқан елді көргенде, жаудың құты қашады. Бірлігіміз барда тас камалдай берікпіз.

Ешкім де, ешнәрсе ұмытылмақ емес! Соғыс-күйретуші күш! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журналдар материалдары немесе радио, телехабарлар, киноларда аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының, ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлар тойлады.

Қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе, олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан күн - Жеңіс күні.

Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл – ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол-өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы ұлы жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш-әрине, «бірлік» . Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс - он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Москва, сенің іргенді,
Ел, ер болып сақтаймыз.
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін,
Саған қауіп төнгенде,
Жау жаянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз.
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып, үн қосып

Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нұрпейіс Байғаниннің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады.

Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Биыл жеңіске 70 жыл толып отыр. Торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді.

«Ер есімі – ел есінде», - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Ұлы Жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

Сансызбай Ғазиза

9 сынып, «Қызылқұм» жалпы орта мектебі,

Мақтарал ауданы, ОҚО

Жетекші: Абдиразахова Гулжазира

Ұлы Отан соғысы деп жар салды,
Қанды қырғын сол мезеттен басталды.
Бес жыл өтті, соғыс бітті, шүкір етті
Табиғатқа жан бітті де, шуақ шашты.
Айналайын, Ұлы Жеңіс айналдым!
Енді қайта болмашы деп айталдым.
70 жыл да толып жатыр жеңіске
Шүкір дедім, қайта – қайта қайтардым!

Шіркін, осы жеңіс қандай қиыншылықпен келді десеңші! Ал биыл сол жеңісімізге 70 жыл толайын деп отыр. Сонда бұдан 70 жыл бұрын ата – бабаларымыз сонша қиындыққа шыдады, төзе білді, соның арқасында үлкен жеңіске жетті. Ол кезде он жеті жасқа толған жастан бастап соғыс майданына алып кетті. Талайлары оралып, ал қалғаны соғыс майданында көз жұмды. Соғыс кезінде біздің жауларымыз фашистер қарт ана, жас бала деместен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қырып, жойып кете берді. Өз үйінде қалған шеттей балалар өз ата – әкелерінің тірі оралуын тілеп, Құдайға жалбарынып отырды. Қаралы хабар келмесе екен деп, күйінгенмен күйініп, бірінің қайғысына бірі ортақ боп, қаралы хабар келсе, қайғыдан қан жұтып, аш қалса да, аман қалып, қара су ішкендеріне шүкіршілік етіп отырды.

Ал, бұл қанды соғыс 1941 жылы басталған еді. Майдандағы әрбір адамзаттың жүрегінде жеңіске деген құлшыныс болды. Өз Отаны үшін күресіп, елі, жері үшін өз өмірін қиып, туған елін қорғады. Өз елдерін қорғаған ата – бабаларымыздың арқасында осындай бақытты ғұмыр кешіп жатырмыз. Сол уақыттағы адамдардың туған елін қаншалықты сүйгендігі көрініп тұр. Себебі туған елін қорғау үшін үлкен Отанға деген сүйіспеншілік керек деп ойлаймын. Осы кезде өз шығармашылығымнан «Туған елім» атты өлеңімді оқығым келеді.

Армысың, ата – қоныс мекен жерім,
Бармысың бауырларым есенбісің?
Туған жер топырағыңнан айналайын,
Бұрқыраған, шұрқыраған ел мекенім.
Қазақстан туған жерім ардағым,
Туған елім, мекен еттім әр бағын,
Айналайын, айналайын қоныс мекен
Мен сені өле–өлгенше сүйіп өтем.

Сол соғыста да өз өлеңдері арқылы басқа адамдарды жігерлендіріп отырған. Ал ол өлеңнің әрбір жолы адамға қуаныш сыйлап, мұнайғанды қуантып, жылағанды жұбататын өлеңдер болғанына кәміл сенемін. Себебі сонша адамды бірлікке шығару, патриот қылу, туған еліне деген махаббатты ояту кез – келген адамның қолынан келе бермесі анық. Осы қанды соғыста қанша адам қаза тауып, қанша адамдар өз туыстары мен ата – аналарынан айрылды. Бұл қанды қырғын ешкімге де жақсылық әкелмегені сөзсіз. Себебі қанша адам шығыны, тек қара су ішіп отырған адамдар, шеттей және кішкентай балалардың аштықтан қырылуы әрине жақсы емес. Ал, бұл аштықтың, жамандықтың барлығы да өз аяғын 1945 жылы тапты. Әйтеуір сол 1945 жылдан қазіргі кезге дейінгі уақыттар да оңай бола қойған жоқ. Егемендік алғанға дейінгі жылдарда да соғыстың зардабы тиіп отырды.

Ал еліміз өз тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсанда алды. Тұңғыш президент болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атамыз сайланды. Сол егемендік алғалы бері көптеген жетістіктерге жеттік. Атап айтсақ: дамушы отыз елдің қатарына ендік, қысқы Азияда ойындарында жүлделі орындарға ие болдық және EXPO 2017 көрмесін жеңіп алдық. Құдайдан тілерім, әлемде соғыс атаулының жойылуын, ешқашан болмауын тілеймін. Әрқашан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

аспанымыз ашық, керегеміз кең, қазақ елінің керегесі биік болсын. Алланың өзі қазақ елін қолдасын, жамандық және зұлымдық еш уақытта болмасын. Осындай бақытты күндеріміз үшін Құдайға шүкіршілік айтамын.

Сейдеханова Аяла

6 сынып, А.Пушкин атындағы ЖОМ,
Мақтарал ауданы, Мырзакент кенті, ОҚО
Жетекші: Полатова.Ж.К

Соғыс оты болмасын

Қан майданның жүректе жарасы бар,
Қайғысы мен жүректе наласы бар.
Арамызда жүретін алшаң басып,
Ардагерлер азайып барасыңдар.
Махмұтбай Әміреұлы

Соғыс. Сұм соғыс. Осы бір сөзде қаншама зұлмат, қайғы мен қасірет, шер мен мұң, қан мен тер, зар мен жас жатыр десеңізші! Аты жаман осы бір сөз қаншама тағдырды ойрандап, миллиондаған жанды жалмап, миллиондаған отбасының шаңырағын ортасына түсірді-ау. Қала мен даланы қиратып, елсізді бомбамен төңкеріп, ауыл – аймақтың орнын жоғалтып кеткені белгілі. Соғыс-күйретуші күш! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулыны жалмап жұтатын – тажал.

Ұлы отан соғысы 1941 жылдың 22-маусымында немістердің ешқандай ескертуіесіз, бейбіт жатқан елге тұт қиылдан шабуыл жасауымен басталды. Таң шапағы арайланып келе жатқан кезде елімізге қауіп төнді. Халқымыз адам айтқысыз қиын – қыстау кезеңге душар болды. Фашисттік Германия елімізге опасыздықпен басып кірді. Жайбарақат жатқан елді радиодан «Соғыс. Соғыс басталды!» - деп жаңғырған зілді дауыс дүр сілкіндірді. Абдырап қалған халықты сабырға шақырып, бірлікке, ынтымаққа шақырды. Міне, елімізде аласапыран осыдан басталды. Бойында күш – жігері, намысы бар, ыза – кек буған жас жеткіншектер, яғни біздің ата – бабаларымыз майдан даласына аттанды. Қандай зұлмат заман, жан түршігерлік көрініс десеңізші.

«Ұлы Отан соғысы» ұғымы 1941 жылы шілденің 3 – інде Сталиннің радио арқылы сөйлеген сөзінен кейін пайда болды. Өйткені әрбір адамның Ұлы Отанын қорғауы, Отанын жаудан аман алып қалуға бар күшін салуы керек еді. Бүкіл дүниежүзілік соғыс осыны талап етті. Ия, солай болды да. Ешкім де аянып қалған жоқ. Бар күшін салып, соңғы қасық қаны қалғанша сұм фашисттермен арпалысты. Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық

Отан анасын қорғауға атсалысты. Бұлай болғанын біз, жастар, тек фильмдерден, тарих беттерін парактап қана білеміз. Ондағы алған әсерімізді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Кинолардан аталарымыздың ерлік істерін, жау қолында тұтқында қалуын, жауған оқ астында қойдай қырылғанын, ауыр жаралы жолдасын жау қолына тастамай, арқалап қайтуын т.б. ерліктерін көргенде еріксіз көзіңе жас келеді. Майдан даласындағы ауыр күндерді қанша суреттегенімен, шын майданда одан да қиын болғанын бар жүрегімізбен түсінеміз. Түсінеміз де оларға бас иеміз. Соғыс деген зұлматты тек кинодан ғана көрейік, соғыс енді болмасын деп тілейік.

Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Ана баласы мен жарынан айырылды, балалар әкесінен, балалық шағынан айырылды. Қаншама отбасы қайғы жамылды, шаңырағы ортасына түсті. Еңірегенде етегі жасқа толды. Б.Момышұлы атамыз айтқанындай: «Соғыста менен де ақылды, менен де қайратты, менен де мықты қолбасшы, менен өткен ержүрек жандар өліп кетті». Міне, осыдан соғыстан талай батыр мен ерлердің қайтпағанын аңғаруға болады. Олардың әрқайсысы да «Халық батыры» деуге лайықты.

Соғыс кенет басталғанымен, Қазақстан бүкіл Кеңес Одағы сияқты алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Еліміздің түкпір – түкпірінен соғысқа аттанамыз деген жастар лек – легімен ағылды. Жастығына қарамастан бозбалалар мен бойжеткендер де соғысқа аттанды. Тарихқа үңілсек, соғыс жылдары Кеңес армиясының қатарына 1млн.200мың қазақстандық шақырылған. Біздің аталарымыз майдан даласында ерлікпен шайқасты. Кеңіс Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы – мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова да бар. Рейхстагқа жеңіс туын тіккендердің бірі – қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жау тылында партизандардың қатарындағы қазақстандықтардың бірі – Қасым Қайсенов атамыз. Бауыржан Момышұлы атамыздың ерлігін білмейтін жан жоқ шығар. Әуе күштерінде еңбегін аямаған Талғат Бегелдинов атамыз ерлігі – нағыз батырлық. Айта берсең олардың саны өте көп. Еліне қайтқан жауынгерлер аяқ немесе қолынан айрылып, мүгедек күйінде оралды. Оралмағандары майданда ерлікпен қаза болды. Елі, жері, ұрпағы үшін жанын құрбан етті. Ал ұшты – күйлі жоғалып кеткендері де қаншама. Ия, бұл соғыс – өте ауыр соғыс. Жарасы жазылмайтын, тарихтан ізі өшпейтін, санамызда мәңгі қалатын – сұм соғыс.

1945 жылғы мамыр айының алғашқы күндерінде көптен күткен «Жеңіс» сөзі жаңғырды. Жеңіс! Алақай, жеңіс! Орасан зор шығынмен келген Жеңіс! Япыр – ай, қандай керемет сөз десеңші! Бұл жеңіс миллиондаған адамның төгілген қанымен аққан терімен келді. Келешекке деген үлкен үмітпен келді.

9 – мамыр «Ұлы Жеңіс күні» деп аталғалы бері 70 жыл толыпты. 1945 жылдан бері осынау айтулы күн ең ерекше мейрам ретінде тойланып келеді. Ұлы Отан соғысының тарихы туралы қаншама шығарма жазылып, қаншама

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

кино түсіріліп жатса да, онын тарихына ешуақытта нүкте қою мүмкін емес. Жыл сайын мерекелер өткізіп, іс – шаралар ұйымдастырып соғыс тарихын көрсетуге тырысқанымыз теңіздің тамшысындай, том – том кітаптың бір парағын ашқандай ғана... Елі үшін, жері, Отаны, келер ұрпағы үшін қан майданда қан кешіп, қар жамылып, мұз жастанған ата – бабаларымыздың кешкен ауыр күндерін сөзбен жеткізу мүмкін емес. Ажалмен бетпе-бет келіп, жанын пиде еткен әрбір жауынгердің атой салып, жауға деген ыза-кектің буымен ешқандай қорқынышсыз алға ұмтылуын ерлікпен тең деп бағалау керек. Сонау қиын да қанды заманның куәсі болған ардагер аталарымыздың қатары күн санап азайып бара жатқаны өкінішті. Оққа оранған қала мен қанға бөккен даланы өз аяғымен басып өткен, сол қиын қыстау заманның шежіресі болған аталарымыздың әрқайсысының ерлігі – ел тарихы, бүгінгі ұрпақ, келер болашақ. Болашағымыздың жарқын болуына, бақытты балалық шағымыздың кіршіксіз күлкісі, мына бейбіт заман, барлығы сіздердің арқаларыңыз, сіздердің еңбектеріңіздің жемісі, ардақты ардагер аталар! Сіздерді тағы бір он жылда тек теледтдар арқылы көретініміз өкінішті. Жеңіс күнін жыл сайын емес күн сайын тойласақта, сіздерге қаншама құрмет көрсетіп, алғыс айтсақ та көптік етпейді. Жеңістеріңіз құтты болсын! Сәбилік жүрекпен жазған өлең шумағын сіздерге арнаймын, ардақты ардагер аталар.

Сіз батырсыз, қаһармансыз біз үшін,
Өр кеудесін оққа тіккен елі үшін.
Нағыз ерсіз әрбіріңіз сіздердің,
Құтты болсын бүгінгі күн – Жеңісін!
Құтты болсын Жеңістің 70 жылдығы,
Болмасыншы соғыстың енді сұмдығы.
Сыйладыңыз бізге бейбіт өмірді,
Есітпейік соғыс деген құрғырды.
Еш мереке Жеңіс күнге жетпейді,
Ер есімі мәңгі естен кетпейді.
Қатарларың күнде сиреп жатса да,
Есімдерің тарихтан еш өшпейді.

Серікбай Айдана

7 сынып, Ж.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі
Мақтарал ауданы, Қоғалы елді мекені, ОҚО
Жетекшісі: Махымова Гульжаухар

Біз бейбітшілікті қалаймыз!

Мен соғысты жек көрем
Кім қасірет шекпеген
Кім көз жасын төкпеген
Талай өткен ғасырлар

Еш соғыссыз өтпеген,-деген ашу-ыза талай батырларымыздың жүрегінде ерімес мұз болып қатып қалғандай. Сол алапат соғыстың аяқталғанына, яғни Ұлы Жеңіске 70 жыл толып отыр. Қазақстандықтардың майдан даласындағы ерліктері мен батылдығы ешқашан ұмытылмайды.

Екінші дүниежүзілік соғысты әзірлеуші және бастаушы фашистік Германия болды. Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңілген Германия өзін отарлар бөлісуден құр қалған мемлекетпін деп есептеді. Сонымен қатар өздерін шығу тегі жағынан таза қанды арийлердің ұрпақтарымыз деп, дүние жүзіне билік жүргізгісі келді. 1933 жылы Германияда фашистік партия сайлауда жеңіске жетті де, оның жетекшісі Адольф Гитлер елде қатал фашистік тәртіп орнатты. Гитлерлік Германия өзінің агрессиялық соғыс жоспарын жүзеге асыруды 1939 жылы бастады. 1939жылы 1 қыркүйекте Польша жеріне басып кірумен Екінші дүниежүзілік соғыс басталды. Еуропа елдерін бірінен соң бірін бағындыра отырып, 1941 жылы өзінің басты қарсыласы деп есептеген КСРО шекарасына жақындады.

1941 жылы 22 маусымда таңғы сағат 4 шамасында фашистік Германия әскері КСРО-ның батыс аумағына баса-көктеп кірді. Гитлердің соғыс жоспары "Барбаросса" деп аталды. Ол сол бойынша КСРО-ны қысқа мерзім ішінде жаулап алып, оны болашақ соғыс жорықтары кезіндегі шикізат, адам қоры көзіне айналдырмақшы болды. Кеңес халқы тарапынан әділетті бұл соғыс тарихи әдебиеттерде "Ұлы Отан соғысы"деп аталды.

Осыдан 70 жыл бұрын, дәл осы күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың Қазақстандық-шекарашылар болды. Соғыс өрті ішке қарай еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 Қазақстандық болған. Соғыс аяқ астынан басталғанымен алғашқы күннен бастап халық жұдырықтай жұмылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен

бойжеткендер де елі үшін соғысқа аттанды.

Шегінген кеңес әскері Мәскеуге 25-30 шақырым таяп келді. Бұл 1941 жылдың қараша айы болатын. Мәскеуді жауға беру бүкіл елді жауға берумен тең еді. Мәскеуді қорғау үшін шайқасқа Қазақстанда құрылған атақты 316-атқыштар дивизиясы қатысты. Генерал-майор И.В.Панфилов басшылық еткен бұл дивизия Мәскеуді немістерден қорғауда асқан ерлік көрсетті.

Дәл осы жылы халқымыз соғысқа қызу дайындалды. Атақты Бауыржан Момышұлы соғысқа әскерлер жинап басшылық етті. Қол астындағыларына аса қаталдықпен қарады. Тіпті соғысқа қатысқысы келмеген сарбаздарды өлім жазасына кестіртті.

Соғыс жылдары Қазақстан жерінде 12 атқыштар дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы мен 50-ге жуық әр түрлі полктер, батальондар құрылып, майданға аттанды. Соғыс кезінде 3,5 мыңдай қазақстандық партизан отрядының құрамында болды. Жан қиярлық ерлігі мен батырлығы үшін 96638 қазақстандық жауынгер бірнеше дүркін орден-медалдармен марапатталды. 497 жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атанды. Олардың 97-сі қазақ болатын. 142 жауынгер "Даңқ" орденінің иегері болды. Ұлы Отан соғысына барлығы 35 миллион адам қатынасты, Орта Азия республикаларынан 3 миллионға жуық адам қатысса, соның 1 миллион 366 мыңы-қазақстандықтар. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қарулы Күштерде 4 орталық, 19 майдандық және флоттық, 103 армиялық газет, әр ұлт тілінде 50 газет шығып тұрды. Сол сұрапыл ауыр жылдарда қазақ тілінде 10 майдандық, 3 дивизиялық, 1 округтік газет жарық көрген. Олар: "Қызыл әскер ақиқаты", "Қызыл Армия", "Жауға қарсы аттан!", "Отан үшін алға!", "Дабыл" және т.б.

Ұлы Отан соғысы төрт жылға созылды. Майдан даласында алты жүз мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Миллиондаған өмірді жалмаған сұрапыл соғыста ерлік көрсеткен белгісіз батырлар қаншама десеңші! Өмірдің ең қуанышты, ең бақытты кезеңі-балдай тәтті балалық шақ емес пе? Сол балалық шақты соғыс кезінде бар бала ойын-күлкімен өткізе алмаған. Тоғыз жасар баланың өзі үлкен адамдарша жұмыс атқарған. Бір түйір нан мен қара суды қорек етіп, үстіне малдың терісінен тіккен шалбар киіп, балалық шақтың дәмін татпаған. Азаннан кешке шейін қырманда ауыр жұмыстар жасады. Белі бекініп, буыны қатпаған қазақ жасөспірім балалар майдандағы аға – апкелеріне өз септігін тигізу мақсатында тынбай еңбектенді. Күнделікті өмірін үрей мен қорқыныштан өткізген қазақ еліне майданнан балысының қаза болғандығына келген қара хатты алғанда қабырғасы қатты майысты. Зұлым, қатыгез фашисттерге тек қарғыс пен лағынет айтудан басқа қолдарынан ешнәрсе келмеді. Бұндай қиын да сұм кезеңді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан соң жауынгер батырларға «Кеңес

Одағының батырлары» деген атақ берілді. Батыс жауынгерлеріміз елін сақтап, қорғап қалу үшін бір қасық қаны қалғанша күресті. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қаһарман қызы -Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар болатын. Мәншүк Мәметова Ұлы Отан соғысы кезінде медицина институтында оқған. Ол өз еркімен сұранып қазақ ұлттық 100-бригадасы құрамында майданға аттанады. Мәншүк Невель қаласын қорғау кезінде ақырғы оғы қалғанша жаумен соғысып,ерлікпен қаза табады. Невель қаласын қорғаудағы ерлігін мәңгі есте қалдыру үшін қаланың бір көшесі Мәншүк Мәметованың есімін берілді. Қазақтың қайсар рухты қаһарман қызына Кеңес Одағының Батыры атағын бергендігі, апамызға деген үлкен құрмет деп білемін. Және де Әлия Молдағұлова да 1942 жылы өз еркімен соғыс алаңына аттанады. Ол Ленинградтағы елді азат ету шайқасына қатысады. Алдыңғы шепте жүрген Әлия: «Отан үшін алға!»-деп,барлық жауынгерлерді соңынан ертіп, жауға қарсы ұмтылады. Жаудың бораған оғына қарамастан қыстаққа бәрінен бұрын кіріп,бірнеше жаудың көзін жояды. Мерген қыз жиырма жасқа толмаған кезінде, қыршын жасында жау оғынан көз жұмады. Ерлікпен қаза тапқан ержүрек апамызға да «Кеңес Одағының Батыры» деген атағы беріледі. Батыр Бауыржан Момышұлы - Мәскеу түбінде өз әскерін бес рет неміс қоршауынан аман-есен алып шыққан сайыпқыран қолбасшы. Соғыс жылдарында батальон, полк, дивизияны басқарды.1992 жылы аты аңызға айналған қазақтың даңқты, батыр перзенті Бауыржан Момышұлына егемен еліміздің жоғары наградасы - Қазақстанның Халық қаһарманы атағы берілді. Батыр Бауыржанның ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі-қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев.1945 жылы 9 мамырда кеңестік қызыл армия жауынгерлері Германияның астанасы Берлин төбесіне ту тікті. Қазақ азаматы Рахымжан Қошқарбаев 1945 жылы 30 сәуірде,жауынгер Булатовпен бірге,жаңбырдай жауған жау оғының астында Рейхстаг төбесіне Жеңіс туын желбіретті.Бір өкініштісі Кеңес үкіметі Рейхстагқа ту тіккен орыстар мен грузиндер болуы керек деп,Рахымжан Қошқарбаевтың ерлігін жасырып, мойындамай қойды.Рахымжан Қошқарбаев 1999 жылы еліміздің жоғарғы наградасы - Халық қаһарманы атғымен марапатталады. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ол елім деп, жерім деп елі үшін жанын қиды.

Соғыста қаза тапқандардың саны бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша,адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды.1710 қала және 70 мыңнан астам село-деревнялар,3180 өнеркәсіптік кәсіпорын, 36 мың пошта телеграф мекемесі,телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болды. Көптеген кітапханалар,ауруханалар тоналған.

Ұлы Отан соғысы жылдары Кеңес елі халықтарының достығын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

нығайтты. Жеңіс КСРО-ға төнген отарлық қауіптен құтқарды. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы құрамындағы халықтар басына түскен ауыртпалықты тарихи сын кезеңі болды. Осы сыннан халқымыз мүдірмей өтіп, әлем алдындағы беделі асқақтай түсті. Сонымен қақар кеудесімен жау пулеметін жауып Отан үшін жанын қиған батырларымыздың ерлігі ешқашан да ұмытылмақ емес.

Қорытындылай келе, Отан - адамға не үшін қымбат екенін түсіндім. Бабаларымыздың «Отан үшін отқа түссең күймейсің», - деген қымбат та асыл сөздер тектен-текке айтылмаса керек. Отан үшін от кешкендердің жүрегінің дүрсілі тек «Отан» деп соқты. Олар біздің асыл қазынамызды, байлығымызды қорғап, сақтап қалды. Сол себептіде Отан-біз үшін ата-бабаларымыздан қалған асыл-мұра болып есептеліп қалады. Жан қию оңай ма? Олар Отанымызды қорғап, жаулармен соғысып үлкен ерлік жасады. Қазіргі таңда бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтерінде Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы керек. Отан-әрбір адамның жүрегі, яғни Отансыз ешқашан өмір сүре алмайды. Отан туралы Бауыржан Момышұлы «Красная звезда» газетінде былай деп жазды: «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам - опасыз, оңбаған адам», - деп жазды. Бауыржан Момышұлы елі үшін 25 жыл өмірін әскерге арнаған. Бауыржан Момышұлы: «Отан үшін жаным – арымның садағасы, халқым үшін қасықтай қаным пида», - әрдайым жүрегі дүрсілдеп тұратын. Мен және бүкіл ел азаматтары бейбітшілікті қалаймыз. Соғыстың бетін аулақ қылсын! Еліміз аман, тыныштық болсф екен деп тілеймін.

Сұлтан Қарлығаш

10 сынып, №28 I Жансүгіров атындағы жалпы орта мектебі,
Мақтарал ауданы, Мырзашоқы ауылы, ОҚО
Жетекші: Шыназбекова Маржан

Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс!

9 мамыр-Ұлы Жеңіс күні. Осыдан 70 жыл бұрын, бұл күні адамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын соғысы Ұлы Отан соғысы аяқталды. Жылдармен жылжып өткен, ғасырдың ең елеулі оқиғасына айналып бара жатқан Ұлы Отан соғысы бүгінгі ұрпақтың жадынан өшуі мүмкін емес. Ұланғайыр қазақ даласында қандай мекенді де, аймақты да өзінің туған жері санаған зиялы адамдар жетерлік.

Сұрапыл қанды майданға қатысып, жеңіске жеткен ата-әже, әке-ана, аға-апаларымызға бас иіп, бүкіл жас буындардың атынан алғысымды

білдіремін.Себебі олар болмаса біз осындай ашық аспан астында бұл мейрамды тойлап отырмас па едік?!

Міне,Ұлы Отан Соғысына 70 жыл толды! Қаншама қиындықпен келген еңбек.Бұны ешқашан ұмытпай жадымызда сақтауымыз керек.

Айбынды білек,жеңістеріне сенімді ыстық жүректері мен қайрат күштерімен кешегі жігіттер бүгінгі,өнегелі аталарымыздың арқасында 1945 жылдың 9 мамыр күні ұлы мейрам – жаудың жеңіліп,соғысты жеңіспен аяқтадық!

Бүгінде Жеңіс күні мерекесі адамдарды ұлтына,дініне,тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш күні.Бұл қастерлі мейрамның мән-мағынасы уақыт өткен сайын еш өшпек емес,себебі оның құндылығы ғасырлар бойы жас буын ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық жеңген ұлы күн!Ендеше,бейбіт көк аспанды кейінгі ұрпақ үшін киелі болмақ.

XX ғасырдың алапат соғысы Екінші дүниежүзілік соғыс болса,соның бір бөлшегі Ұлы Отан соғысы болды.Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде қазақтардың қолына қару бермей,ауыр тыл жұмыстарына алыса,Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақтардың қолдарына қару алып бір кісідей майданға барып Отан қорғауға атсалысты.Қаншама Қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды.Жеңіс бізге арзанға түспегені әрбір жанұяның тарихында із қалдырғаны баршаға аян.

Соғыс жаңғырығы жылдан-жылға алыстап барады... Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүреміз.Кинолардан,деректі фильмдерден көреміз.Әйтсе де өткенге көз жүгіртпей,болашаққа бағдар жасау мүмкін емес.Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып,Отан анасын қорғауға атсалысты.Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді.

Ерлікпен шайқасып лайықты бағасын алғандар да бар.Кезінде аты аталмай қалса да қазір санамызға қайта оралып,жатқан тұлғалар аз емес.Отан соғысының ізінде әлі де ашылмай жатқан ақиқаттар,еленбей қалған ерліктер,елеуліз жатқан ерлер қаншама?...

Оны ашып анықтау белгісіз болып жатқан тағдырларды елге танытып,лайықты атқа ие болғызу,оларға қамқорлық жасау-бүгінгі ұрпақ, біздің,қасиетті парызымыз.

Қазақ жұрты қырағы мықты, жанары жалынға толы, алып құстай жігерлі, биіктерге көз тіккен, батырлықты сөз еткен бейбіт ел. Сан ғасырлар бойы тарихы қазіргі күнге дейін мәлім болып келе жатқан қазақ елі қашанда қайратты. Шыдамдылық пен байсалдылық мінездерді арқау еткен өнегелі мемлекет. Көне тарихымыздың тереңінен сыр шертетін асыл ел ол Қазақстан. Дүние жүзін шарлап шықсаң да, қонақжайлық мейірімін төге алатындай қазақ елін ешқайдан табуға болмайды. Даңқы жер жаратын қазақ елінің есіміне жараса өз ақыны, өз батыры, өз шоғыры бар. Абылайдай батыры мен

Қабанбайдай батыры, Бауыржандай пырағы мен Әлиядай қырағы бар. «Ақтабан шұбырынды мен Ұлы Отан соғысы» аралығын қамтитын уақыт қазақ тарихында әлі сиясы кеппеген кезеңдер. Он сегізінші ғасырда бабаларымыз қылыш сермеп жоңғарларға қарсы шықса, жиырмамыншы ғасырдың соңғы жылдары неміс фашистеріне оқ сермеген.. Елдіктің намысын баяндайтын бұл кезеңдер тарихтың «Алтын» сандығында сақтаулы тұр. Ондағы жау шапқыншыларының негізгі мақсаты кең қоныс қазақ жерін иемдену болды. Соның бір тармағына тоқтала кетсек...

1941 жыл. Елде келеңсіз жағдайлар орын ала бастады. Германия мемлекеті ашықтан-ашық алаңға шықты. Бұл жойқын соғысқа қазақтардан басқа, көпұлтты мемлекеттер-орыстар, өзбектер, қырғыздар, түріктер, башқұрттар мен басқа ұлт өкілдері қосылып, жеңіс тұғырына талпынды. Алыстан шыққан зеңбірек дыбыстары құлаққа тым дөрекі естіліп жатты. Айнала алай-дүлей. Қалт етіп алға қарай бір қадам жылжысаң, атылған автоматтың дыбысын естіп қалатындайсың. Неміс фашистерінің бұл соғысқа дайындықтары тым күшті-ақ еді. Небір қулық әрекетпен жасалған атқыш құралдар жиыны саны мен сапасы жағынан басым түсіп жатты. Сол кездегі дүбірлеген ір дыбыстардан көз алдымызға жер сілкінгендей болып көрінеді. Зеңбіректер аспанда отшашудай лаулап, танк гүрілдері жерді жайпап, аппақ мұнтаздай қар үстінде қан тамшылары судай саулап қала берді. Аяусыз қырылған адамдардың саны сағат сайын арта түсті. Елі үшін жанын өлімге тіккен қазақ қырандары қарап жатпады.

Панфилов бастаған 316-шы атқыштар дивизиясы көпұлтты мемлекеттермен бірге соғыс алаңына өз жойқын күштерімен көзге түсті. Жанаярлықпен шайқасқан қазақ жастарының арасында қос ару қыздар Мәншүк пен Әлия да болды. Елдері үшін жанын аямаған қазақ қыздарының ауыр соққысы өзгелерге қарағанда, ерекше басым түсті. Бірі мерген болса, екіншісі пулеметші. Соымен қатар Бауыржан Момышұлының есімі әлемге танылды. Неміс жасақтарын қатал мінезімен басындырған Б.Момышұлы соғыста өр мінезімен баршаға мәлім болды.

Брест қамалын қорғауда қазақ жауынгерлерінің қатарында Темірбеков, Жұматов, Фурсов басқа да сарбаздар тізе қосып шайқасты. Бірлігі жарасқан қазақ жасақтарының ашық майданда жауға қарсы шайқасуы батырлықтың сипаты. Герман фашистерін басым күшпен ойсырата жеңу бірліктің айғағы. Ел мүддесін бәріне биік қоятын жауынгерлердің ерлігі ел аузында. Ең алғаш Ленинградты қоршауда алған неміс басқыншыларының бар жігерлері бірден сап тыйылды. Себебі олардың бірден бас сала күш жұмсауы өздерінің сенімсіздігін білдірді. 1942 жылы 19 қарашада алдын жасалған жоспар бойынша Кеңес жерлері Сталинград түбінде үлкен шайқас бастады. Соның арқасында көптеген неміс фашистерінің дивизиясы қоршауға алынып, басқа да топ ұйымдары тізе бүге бастады. Ұшқыр айлалық ақылмен, тапқырлықпен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

күрескен қазақ жауынгерлерінің мерейі үстем болды. Аталмыш Ұлы Отан Соғысы 1945 жылы 2 қыркүйекте Америка елінде, АҚШ, Жапония, КСРО елдерінің қатысуымен немістердің тізе бүгуі туралы АКТге қол қойылды. Сонымен қанды соғыс аяқтала бастады. Бұл тарихта – Ұлы Жеңіс күні деген атпен қалды. «Шын мықтыға шаршы алаңда тұсау жоқ»- демекші, соғыс алаңын дүр сілкіндірген герман фашистері жермен-жексен болды. Жеңіс тұғырынан көрінген Қазақ қырандарының бір ғана байлығы «бірлік» болды. Көпұлтты жауынгерлердің бірігуі арқасында жау алаңын тарихтан жою-ұйымшылдықты айғақтады. Ұлы Жеңіс күні тарих парақтарында сиясы өшпеген есте қаларлық қуанышты оқиға. Әрбір қазақ марқая айтатын тарих белбеуі.

Жеңістің жігерлі дәмін татқан қазақ ұлттарының күш-қайраты одан да асып түсті. Ұлы Жеңіс күні жыл сайын Қазақстанда аталып өтіп жүр. Туған жерін қорғауда жанын өлімге тіккен хас жауынгерлерге гүл шоқтары қойылып, дұғалар оқылады. Тарих сахнасынан орын алған жойқын соғыс қай жерге барсаң да көз алдыңда.

Сол уақытта ауылда қалып қара жұмыстарды еш ауыртпалықсыз жасаған қазақ қыздары мен әйелдердің тарихта ізі қалды. Трактор айдау, егін ору, жерді баптау-жалыны мықты қыз-келіншектердің сол кезеңдегі күнделікті атқаратын жұмысы болды. Жасөспірім ер жігіттер өмірдің ең қиын кезеңдерін соғыс алаңдарында өткерді.

Олар кейбіреудің жалғыз ұлы болса, кейбіреулердің қанатты қорғаны, ал басқа біреулердің сағынып күтер ардақты ағасы болды. Соғыс майданы ешбір жанды аямады. Аяулы жарлар қорғаныштарынан айырылса, ақжаулықты аналар асыл ұлдарынан қол үзіп қала берді. Әйтсе де олардың елі үшін мерт болғанын бір ғана жанұя емес, бар қазақ жұрты еске алып, ардақтайды.

Бүгінгі Ұлы Жеңіс күніне-70жыл. Жүздеген ардагер аталар мен апаларға «Батыр» алқасы тағылып, сыйлықтар табыстырылатын мереке. Ұлы Жеңіске орай ұйымдастырылатын шараларға соғыс ардагерлері қатысып, жүздері шаттыққа толып, бір жасап қалады. Еш ұмытылмас соғыста ерлікпен шайқасқан қазақ батырларына тағзым етемін!

Тамыры тереңге жайылған қазақ жұртының әрқашан да еңсесінің биік болуы-бұрынғы бабаларымыздың арқасы. Көк теңізде қалықтаған 70 жылдық тұғырлы кеме тоқтаусыз қалықтап бара жатыр. Әрқашанда солай болғай. Бұл мерейлі Ұлы Жеңіс күні мәңгілікке аталып өтіледі. Санасы биік, сезімі терең де ұшқыр қазақ елі қашанда «Мәңгілікте». Бар әлемде ең алғаш көзге түсер ел ол-Қазақстан. Иманға берік, досқа серік болған, тапқырлық пен танымдықты арқау еткен қазақ еліне-бір Аллаһ жар болсын!!!

Төлеген Гүлім

8 сынып, №4 Абай атындағы жалпы орта мектеп-гимназиясы,
Мақтарал ауданы, Жетісай қаласы, ОҚО
Жетекшісі: Орбасова Қаракөз

Міне, кеше ғана артынан өшпес із қалдырған Ұлы Жеңіске 70 жыл болып қалыпты. Сол 1941 жылы болған соғыс ешкімнің есінен кетпес. Қиын қыстау кезеңдері 7 жасар баланы жұмыс істеуге мәжбүрледі. Балалық шақтың бал күндерін көрмей азаннан кешке дейін жұмыс істеді. Әке – ағасынан айырылды. Қаншама үміт оты лаулап жанған жігіттер, бала – шағасының көз жасына қарамай соғысқа кетіп жатты. Қаһарлы соғыста тағдырдың жазуымен оққа ұшып қайтпады. Соғысқа тек жігіттер ғана емес қазақтың қаһарман қыздары да атсалысып, елі үшін соғысқа өз еркімен қатысты. Сондай қаһарман қыздардың бірі Әлия мен Мәншүк. Бұл жас қыздар соғысқа өз үлестерін қосқан. Қаһарман Мәншүк пулеметті басқарып, ал Әлия снайперші болған. Мәншүк өжеттілігімен көзге түсіп капитан атанып, батальонды басқарады. Б. Момышұлы қазақ халқының есінде батыр ретінде ғана емес ақын - жазушы ретінде де қалды. Бауыржан Момышұлы да соғысқа өз еркімен қатысқан. Ол өжет ойы терең, ойшыл болған. Соғыста жараланып окоп астында отырып рация арқылы батальонын басқарады. Ол соғыс жылдары күнделікті «Абай жолы» эпопеясын оқып кітаптың бір шетіне өз ойларын жазып жүрген. Соғыстан кейін бұл өте үлкен ғылыми жұмыс болып, жарық көреді. Оның адалдығы мен батырлығы, өжеттілігі шексіз.

Б. Момышұлының батырлығы туралы жазғандар көп. Ең қызығы Момышұлының келіні Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер» кітабы. Бұл кітапта Б. Момышұлының соғыстан кейінгі өмірі жазылған. Тағы да сондай қызықты кітаптардың бірі Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», Александр Бектің «Валоколамск тас жолы», «Арпалыс», Ким Серикбаевтың «Б. Момышұлы моей жизни» сияқты тағы да басқа көптеген кітаптары бар. Бауыржан Момышұлы туралы кеңес Армиясының қолбасшылары да сүйсіне жазады. Бауыржан Момышұлының өзі де көптеген нақылдар қалдырған. Сондай нақыл да қанатты сөздерінің бірі «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды», «Білмей тұрып, билік айтудан аулақ бол» тағы да сол сияқты. Бауыржан Момышұлына арнап көптеген ақындар өз өлеңдерін арнаған. Сондай ақындардың бірі М. Мақатаев

Алтын да, алмас та емес жалтылдаған,
Бір сый бар, аға, саған тартылмаған!
Ұрпақтар аңыз етіп айтып жүрер,
Сыйдан да он есе артық даңқың маған,
-деп жырлады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Б. Момышұлындай өжет батырлардың арқасында соғыста Кеңес үкіметі Ұлы жеңіске 1945 жылы 9 мамырда қол жеткізді. Жеңістен кейін аман қалғандары өз отанына оралып, бейбіт өмір сүрді. Соғыс әрбір жанның жүрегіне айықпас жара салды, қаншама адам үйіне оралмады. Қазірде Ұлы Жеңіс жыл сайын тойланып келеді. Жеңіске жеткен күн барша халық үшін мерекеге айналды. Қаһарлы соғыс ел – жұртқа қанша зардабын тигізгенімен халқымыз еш мұқалмады. Батыр аға-апаларымыз жас екеніне қарамастан тіршіліктің қызығын көрмей өмірден өтті. Осындай өжет, батыл, парасатты, елі үшін бәріне дайын азаматтарымыз көп болса екен. Тек соғысқа ғана емес еліміздің көркейіп, биіктерден көрінуіне атсалысқан жастардың іс-әрекеттерінің өзі үлкен батылдық деп ойлаймын.

Қорыта, келгенде өз ойымды өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

Жеңіс күні
Бақытты еді халқым да,
Бақытты еді Отан да.
Шат күлкі кетпей жүзінен,
Бақытты еді ұлан да

Халқыма тосын жай болып,
Қаһарлы соғыс басталды
Отаным, жерім, елім деп,
Соғысқа ерлер аттанды

Сондай өжет батырлардың
Арқасында жеңіс болды.
Ұлы Жеңіс елімізге
Бітпес мерей, қуаныш болды.

Жеңіс күні күн жадырап,
Кетті қара бұлт ыдырап.
Шаттық пенен қуаныш сыйлап,
Халқым болды мәңгі азат.

Қауышып сарбаз отбасымен,
Туысымен, еліменен.
Басты ыстық сағынышын
Тойлап ортақ жеңіс күнін

Ұлы Жеңіс тарихымда

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қалды өшпес ізімен.
Аңыз болар талай ғасыр,
Ұрпақтар ұрпаққа жалғап.

Жеңіс күні елімде
Басталды шаттық мереке.
Ұлы Жеңіс құт болып,
Шуағын шашар әлемге

Отанымыздың болашағын ойлап, елімізді көркейтетін біз жастар. Ата-бабаларымыздың алып берген жеңісін ардақтап, кастерлеуіміз керек. Аға-апаларымыздың жүріп өткен жолдарын ұмытпай, біздің де ел қорғайтын азамат болуымыз керек.

Тіленшин Дәулетияр

8 сынып, №29 К.Тіленшин атындағы жалпы орта мектебі,

Сайрам ауданы, ОҚО

Жетекшісі: Әбдікарим Бақтыгүл

Біз Жеңістің баласымыз,
Сары, қоңыр, қарасымыз.

Менің Жеңіскүл, Жеңіс атты апаларым бар. Екеуі де 9 мамыр күні туылған. «Әже, неге бәріне бірдей Жеңіс деп ат қоя берген?» деп сұрасам, әжем айтады:

-Е, балам, «Жеңіс» деген бір сөзге тең келетін ұғым бар ма! Жоқ қой! «Бақыт, Қуаныш, Арман, Байбол, Сағындық, Гүлім, Дәулет» тағы басқа есімдер ата-ананың жақсы тілектері сол Ұлың Жеңістің аясында, жеңістің шапағатының белгісіндей есімдер ғой, балам. Сонау Ұлы Отан соғысында менің әке-ағаларым, ал сенің ата-бабаларың фашист зұлымдарды жеңбегенде, менен сенің әке-шешен өмірге келер ме едік?! Сол 1941-1945 жылдардағы қиян-кескі Ұлы Отан соғысында Жеңіс үшін жан сала кескілескен ел қорғаушыларының жанқияр ерліктері мен қыршын қиылған өмірлері себебінен өнген ұрпақпыз, балам. Жеңіс есімі әркезде де құрметпен аталады!- дейтін.

Ал, нағашым Гүлбахрам апаның да туылған күні құрметті 9 мамыр.

-Апа, сіздің атыңызды неге Жеңіскүл деп қоймаған?- деп сұрасам, апам маған:

-Жеңіс есімі өте көп болса керек, ол бір. Негізі менің атым – Гүл көктем деген мағынаны береді екен. Әкем: «Бұл жай көктем күні емес, Жеңіс көктемі,

гүл өмірдің көктем күні туылғансың. Сондықтан атыңды Гүлбахрам деп қойғанбыз» деп отыратын, - деді.

..Алдымызда аты арман болған, аңыз болған тілеуін бүкіл халық тілеген Ұлы Жеңіс күнінің 70 жылдық мерей тойы келе жатыр! Мен қазір де баламын. Бірақ, мына Көмешбұлақтағы төрт қабатты зәулім мектебімде шапқылап ойнап, уәйімсіз көңілмен білім алып жүргеніміз осы Ұлы Жеңістің тек қана Жеңіс күнінің арқасында екенін жүрегіммен түсінемін. Тыныштық пен келісімнің арқасында 70 жыл соғыс көрмегенімізге қуанатын ой келіп жүр. Менің әжем айтпақшы:

Сұм соғыс, тажал соғыс, зарлы соғыс,
Адамдық шапағатқа жарлы соғыс...

Соғыстың аты өшіп, мерейлі Жеңіс туы осылайша желпініп тұра берсінші. Осы күнгі бала даусымды естіген жан болса, түсінер жан болса, бар даусыммен барша әлемге айқай салғысм келеді:

- Ей, адамзат қоғамы! Ей, адамдар! Дүниедегі тіршілік атаулыға не үшін қожа болдың?! Адам адамға неге қастандық жасап, бірінің өмірін бірі неге жоюы керек?! Неге!? Алла тағалам тірі дүние мен жансыз меңіреу әлемді гүлдендіруге шамасы жетеді деп сана мен сезім бергенде, әлемге қожалық билігін бергенде, бірінді- бірін жанышта деп, табиғатты қират деп, бұлақты бітеп, суды ласта деп сана берді ме? Сананың биіктігі деген осы ма? Ей, адамзат! Атыңа лайықты қоғамдасып, Жер бетінде жұмақ орнатпаймысың?!

Біз түрлі ғалымды оқытатын мектепте оқимыз. Оны үйренген сайын өмірді басқалай, жан-жақты ойлайтын сияқтымын. Алғашқы қауымдастық қоғам тас дәуірінен бүгінгі ғылым мен техникасы дамыған космос заманына жетіппіз. Бірақ, адамдық қоғам бола тұра әлі де адамдар құрған мемлекеттер арасында соғыстар мен қақтығыстардың болып тұратынына ренжимін. Адамдар қоғамы достықты неге құстар қоғамынан үйренбейді екен? Тырналар тырулап ұшқанда, сүйір бұрыш жасап, бірінің ізімен бірі тізіле ұшады. Ең басындағы жол бастаушы жалғыз тырна күшті әрі тәжірибелі болады. Ол өзіне ілесе ұшқан тобына жол ашып, кедергі күші басқаларына аз түсетіндей жағдай жасайды екен. Ал, аққулар ше? Таза сезімнің символы сияқты, достықтарын сатпайды да, ұрысып-төбелеспейді де. Олай болса, біз, адамдар неге соғысамыз?! Біздің, адам баласының басқа тіршілік иелерінен биіктігіміз қайда?

Ұлы Отан соғысында 20 миллион өмір қиылып, қалалар мен елді мекендер жойылып, қан мен көл жасы көлдеді. Сәулет пен сән, білім, мәдениет зардап шекті. Ана баласынан, бала әкесінен айырылды. Мен «Ана-Жер-ана», «Жаужүрек мың бала» кинофильмдерін көргенде жақынын жоғалтып, жаны қиналғанның не екенін; Отан-ананың не екенін түсінгендей болдым. Өз

жерінді жат жұрттықтарға қалайша билетіп, таптатып қоясың! Өз еліңді қорғау үшін соғысу-азаматқа парыз. Үлкейіп, азаматтыққа жеткенде мен де елімді қорғайтын жауынгер боламын. Менің мектебім өз бабам Керім Тіленшиннің атында. Ол кісі соғыс жылдары 11-Украина майданының 143-атқыштар дивизиясында саяси жетекші болған, офицер. Бабамның майдан даласынан жазған 3 бұрыштап келген хаттары әлі күнге дейін бар. Көбінесе өлеңмен жазған екен:

Майдангер аманаты

Амансың ба, жамағат?! Жүрмісің есе, саламат?

Майданда жүрген балаңыз, жолдайды сәлем қат-қабат!

Ынтығып сүйген жан анам, Ықыласын төккен сабадан.

Фашист итке тап болдым, Иттен де жаман қабаған.

Естімейік жаманат, Көрсеткенге қанағат,

Артымда қалған жалғасым, Зылиха саған аманат!...

Менің бабам бұл аманатты әжеме ғана арнамаған, ол елде қалған барлық азаматтарға, кейінгі ұрпақтары – біздерге де айтқан өсиет.

Кейінгі кезеңдерде ядролық соғыс шықты. Херасимо-Нагасакидегі атом бомбасы мен біздің Семейдегі атом жарылысынан кімге қуаныш туды?

Ядролық соғыстың зардабынан әлі күнге дейін құбыжық балалар мен кемтарлар дүниеге келіп, олардың ата-аналары, туыстары, өздері зардап шегуде. Ал, біздің қоғамның ең басты байлығы – адам. Қазақ елі, оның Елбасысы Нұрсұлтан Назарбаев атамызға ядролық қаруға, жалпы соғысқа қарсылығы үшін жүрегіммен алғыс айтамын!

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінен «Сөз мәйегі – мақал», «Мың бір мақал» сияқты тіл сайыстарынан біз не үйрендік? «Досыңа достық қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол», «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады», «Жұмақтың кілті ананың табанының астында» тағы басқа мақалдардың мәнін ашытық, ақыл жинадық деп ойлаймын. Өйткені, менің әжем: «Ақылдылардың сөзін жаттаған кісінің өзі де ақылды болады» деп көп айтады.

Кең пейілді адам тұрмақ құсқа қызмет еткен, «Қарлығаш әулие» атанып, қарлығаш балапанының жетілуі үшін үйін жықпай отырған Төле бабамыздың сара жолы, оның даналығы мен шешендігі, тапқырлығы, ұтқырлығы иісі қазақтың бар баласына, иісі адамзатқа дарыса қане! Онда, соғыс деген суық сөз жоқ болмас па еді! Айбынды Қазыбек бабамның жауына айтқан мына сөзінің жай оғынан несі кем: «Біз – қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз, елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзасына жылқының қылын таққан елміз, дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз, досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз, бірақ асқақтаған хан болса – хан ордасын таптай білген елміз...». Қылыштан өткір қызыл тілмен мыңды жығып, соғыс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

өртін сөндірген дала данышпандарын бастарына ақ сәлде орнаған таудай,
бейбіт өмірдің сақтаушысы, Жер-ананың ұлы тұлғасы дейміз.

Енді соғыс болмасыншы! Болмасын!
Кеуделерді теспесін оқ қорғасын,
Өркендесін табиғаттың танабы,
Ал, соғысты бастайтындар оңбасын!
Қабыл болсын мендей бала тілектер,
Тілегімді бір жаратқан қолдасын!

Тұрсынбек Айбек

9 сынып, Батырбек Өтеп атындағы дарынды балаларға арналған
«Өнер» мектеп-интернаты, Шымкент қаласы, ОҚО
Жетекшісі: Үмбетова Айнұр

Жеңіс. «Жеңіс» деген сөздің өзі адамға бір қуаныш сыйлайды. Бұл сөздің өзі бүкіл қазаққа арман болған емес пе еді?

Міне, ата-бабаларымыз жетпеген арманға біз жетіп отырмыз. Қазақтың қуанғаны соншалық – туылған сол кездегі балаларына «Жеңіс» деп есім қойған.

Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қарапайымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміз батырлықтарымен жанқиярлықтары, олардың өзі Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрленуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Бес жүзден аса жерлестеріміз, оның ішінде тоқсан алты қазақ Кеңес Одағының батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Сергей Луганский. Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және көп басқалар. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жарыстар Мәскеуде, Ленинградта, Сталинградта жүргізді. Көрнекті қазақ ақын Жамбыл Жабаев, Ленинградтың ауыр тағдыры туралы өлең жазды:

Ленинградтық өренім
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді
Бұлағымдай көремін...

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Бідің парызымыз бұл күнді еске сақтау. Біздің ардагерлеріміз! Олар кемде-кем қалды. Оларға лайықты кәрілікті қамтамасыз ету, оларға көмектесу керек.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, энекей, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңсіздік құндылық ұрпақ қаралып, қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, ерлігімен, ісімен атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жығып жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да туғаны бар халық үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, «бірлік» қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Москва, сенің іргенді
Ел, ер болып сақтаймыз

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін,
Саған қауіп төнгенде
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып үн қосып,

Қорғауға сені дайынбыз, - деп жазған Нұрпейіс Байғанидің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше сүйіспеншілігі көрінеді.

Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парактарынан үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді.

Батыр атағын алған, найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын Бауыржан Момышұлының ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. «Ер есімі – ел есінде», - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Еліміз батырлармен мақтанады,
Ерлігіне өлеңмен тоқталады.
Ел үшін құрбан болған азаматтар,
Мәңгілік жадымызда сақталады.
Біз, есімізден шығармаймыз!

Жүректен шыққан жылы жыр арнаймыз. Ел үшін, жан пида деп ұрандаймыз!

Тәуелсіздік алған соң, өзіміздің бұрынғы әрі бай салт-дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызды қайта жаңғыртып, ата дініміз – Ислам, ана тіліміз – Қазақ тілі деп заң бекітіп, басшы сайлап, дамып, келе жатырмыз. Елу елдің қатарына кірдік. Енді бұйыртса отыз елдің қатарына енейін деп жатырмыз. Күннен-күнге қарқындап дамып, жаңа техниканың түрлерін ойлап тауып, халық саны көбейіп келеді. Бұл қуанатын жағдай. Сол соғыс кезінде мұндай өмір болған жоқ. Сондықтанда бар нәрсемізді бағалап, барымызға етіп қанағат, дұшпанымызды табалап, достарымызды тағалап, елімізді жүрейік, қолдап қорғап жамағат! Жеңіс біз үшін үлкен қуаныш, ата-бабаларымыздың дұғаларының қабыл болғаны, еліміздің арманының орындалғаны.

Жеңіс бізге оңайлықпен келмеді,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тажал болды Ұла-Насыр жердегі.
Елін қорғап, ер жігіттер терледі,
Қиналса да намыстарын бермеді.

Тәуелсіздік қонғаннан соң тұғырға,
Күнде дамып, Қазақстан өрледі.
Бекітіліп, жаңа заң мен міндеттер
Техниканың саны да өсті елдегі.

Жерімізді ұнатып, жаңа ұлттар кеп,
Мерейіміз тасып, әрі көлдеді.
Атағымыз өзгелерге мәлім боп,
Таныттық біз, осылайша теңгені.

Азаттықты аңсап жүріп алған соң
Еліміз еш қиындықты көрмеді.
Қарам-қатынас жасайтын да болды ғой,
Бүкіл мына жер шарының елдері.
Бізді осындай дәрежеге жеткізген,
Кемеңгер жан Елбасының еңбегі!